

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Ж. С. ТАЛАСПАЕВА
А. С. ИСКАКОВА

ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ «ТУҒАН ЖЕР»
КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**Ж. С. ТАЛАСПАЕВА
А. С. ИСКАКОВА**

**ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ «ТУҒАН ЖЕР»
КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ**

монография

**Петропавловск
2018**

ӘОЖ 811.512.122(075.32)

КБЖ 81.2 Қаз-923

Т 16

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша баспадан шығарылды (№5 хаттама 02.11.2017 ж.)

Пікірсарапшылар:

Ш.Уалиханов атындағы КМУ профессоры, ф.ғ.д. *Б. Шалабай;*

Назарбаев университетінің профессоры, ф.ғ.д. *С. Әлісжан;*

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры, ф.ғ.к. *З. Тайшыбай*

Таласпаева Ж. С.

Т 16 Поэзия тіліндегі «Туған жер» концептісінің көрінісі: монография.
/ Ж.С. Таласпаева, А.С. Исакова. Екінші басылым. - Петропавл:
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018. - 160 б.

ISBN 978-601-7355-42-5

Еңбекте әлем және қазақ поэзиясы өкілдерінің шығармаларындағы «Туған жер» концептісінің қолданысы талданып, мәдени фон мен мәдени семаға ие болған стереотиптік бірліктер жан-жақты талданады. Монография филология мамандықтарының студенттері мен магистранттарына, қазақ тіл білімі мамандарына, жалпы көркем мәтін мәселелерін зерттеуге қызығушылық танытатын ізденушілерге арналады.

ӘОЖ 811.512.122(075.32)

КБЖ 81.2 Қаз-923

ISBN 978-601-7355-42-5

© Таласпаева Ж.С., Исакова А.С., 2018

© М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018

*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың сапа менеджменті жүйесі
ISO 9001:2015 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталған*

КІРІСПЕ

Дүние жүзінде болып жатқан ақпараттандыру үрдісі ғылым мен техниканың барлық салаларына, соның ішінде тіл білімінің дамуына да өз әсерін тигізуде. Осының әсерінен қазақ лингвистикасы да жаңа бағыттармен толығуда. Атап айтқанда, этнолингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, паралингвистика, прагмалингвистика сияқты салалар тілді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік ашты. Қазіргі кезеңде тіл білімінде «Әлемнің тілдік бейнесі» теориясы тереңірек зерттелуде. Әлемнің тілдік бейнесі – адамның әлемді тануының негізі. Сондықтан тіл біздің ата-бабаларымыздың «әлем бейнесін» қалпына келтіруімізге мүмкіндік жасайды. Әрбір концептуалды тілдің негізінде ғалам бейнесі кескінделген. Концепт – дүниенің бейнесі жайлы түрлі ақпарат беретін, ұлттық мәдени-танымдық мәнге ие болған тілдік қолданыстағы мағынаның ой елегінен өтіп, тіл арқылы бейнеленуі. Концепт – тіл мен таным бірлестігі арқылы дүниені, жалпыадамзаттық құндылықтарды жан-жақты тануға, сонымен қатар ұлттық-танымдық мәдениетті зерделеп ұғынуға ықпал ететін, адам санасындағы жинақталған білім. Ал осы концепт ұғымы – когнитивтік лингвистикадағы негізгі ұғым. Семантикалық бағыттан алсақ концепт сөзге жақын болса, логикалық бағытта ұғыммен егіз келеді [1, 2 б.].

Қазіргі таңда концепт мәселесін лингвомәдени ерекшеліктеріне қарай қарастырып, зерттеулер жүргізу өзекті мәселе болып саналады. Осыған орай соңғы кездері қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы *концепт* табиғатын нақты дәйектер негізінде ашуға бағытталған еңбектердің көбейіп келе жатқаны байқалады. Ғалымдардың зерттеулерінде *бақ, тағдыр, өмір, өлім, жан, қайғы, мұң, тары, батырлық, қаһармандық, соғыс, түр-түс, сұлулық, әсемдік, еркіндік, махаббат, достық, адалдық* т.б. концептілердің мазмұны көрсетіліп, әр қырынан қарастырылған. Осындай

зерттеулердің методологиялық күрделілігі концептінің өзі мен оның мағынасының шекарасын ашуда жан-жақты зерттеуді қажет етуімен айқындалады [2, 9 б.].

Тіл білімінің когнитивтік саласы ақиқат дүниенің санадағы таңбасын зерттеуді қолға алғаннан бастап-ақ, қазақ тіл білімінде де көркем мәтін тіліне ұлттық таным өрістері мен дүниенің тілдік бейнесі тұрғысынан концептуалдық талдаулар жасала бастады. Осы орайда тұтас бір ұлттың рухани бірлігі деңгейіне көтерілген және жалпы адамзаттық құндылықтарды ұлт бойына сіңіруде өлшеусіз қызмет атқарған қазақ поэзиясын тілдік таным тұрғысынан танытудың маңызы зор. Ақындар шығармаларының табиғатын, әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы шеберліктері мен олардың тілдік дәстүр жалғастығын «Туған жер» концептісі өрісін талдау арқылы айқындаймыз

Елбасымыз таяуда жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Мемлекет басшысы отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталатынын айтты. *«Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдиілеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықтың әншейін біріге салған қауымы емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады.*

Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті",- деп жазды Елбасы.

Қазақ елінің мәртебесі көтеріліп, озық елдердің қатарынан орын алуы үшін рухани санаға серпіліс қажет екендігі бүгінде жиі айтылып жүр. Ұлттық рухымызды көтеру үшін, төл тарихымызды, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу қажет. Ол туған жерген деген шексіз махаббаттан басталады.

1 ҚАЛАМҒЕР ТАНЫМЫНАН ҚАЛЫПТАСАТЫН ӘЛЕМ БЕЙНЕСІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

1.1 Әлемнің тілдік бейнесіндегі концепт — таным категориясының негізі

Әлемнің тілдік бейнесі – сананың жемісі, ойлау, болмыс және тілдің әлем туралы ойын жеткізу құралдары ретінде өзара әрекеттерінің нәтижесі. Әлемнің концептуалды көрінісі ұғымының аясы өте кең, себебі оның жасалу барысында ойлаудың көптеген түрлері қызмет атақарады, олардың қатарына тілдің бейвербалды түрлері де кіреді. Берілген ұлттық тілдің нұсқасына тән арнайы тәсілдер мен атау құралдары әлемнің тілдік бейнесінің ажырамас бөлшегі ретінде әлемнің номинативтік көрінісін білдіреді.

Тіл әлемнің ұлттық мәдени көрінісін жүзеге асырады, оларды вербалдандырады, оны сақтайды және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етеді. Тіл әлемнің ұлттық көрінісінде кездесетін ұғымдардың барлығын белгілей бермейді, ол тек қана бейнелей алады.

Әлемнің тілдік бейнесінде қалыптасатын этникалық менталитет көбінесе белгілі бір тілді тұтынушылардың өздерін қоршаған орта туралы менталды көрінісін сипаттайтын символдық вербалданған бейнелердің мәдени «тірек» концептілері арқылы өзектіленеді [3,85 б.].

XX ғасырдың соңында филология ғылымында концептуалды мәдениеттанымдылық бағыт қалыптасты [4,8 б.].

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер нәтижесі мен анықтамаларды сараптай келіп, біздің ойымызша, когнитивтік лингвистиканы тіл білімінің антропөзектік бағытқа сүйенген саласы деп түсінген жөн.

Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – *концепт*. Қазіргі лингвистикада «*концепт*» терминінің көптеген

пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі. Соған орай, «*концепт*» терминіне берілген анықтамалар да алуан түрлі [2,8 б.].

«Концепт» бір ғана ұғымды бермейді. Ол әр ұлттың ерекше дүниетанымын көрсететін, ұзақ ғасырларда санада сақталып келген заңдылықтары жөніндегі түсінікті білдіретін күрделі құрылым. «*Концепт*» терминін тіл аясындағы мәселелерге қатысты пайдалануды өткен ғасырдың бірінші жартысында тұңғыш рет орыс философы С.А.Аскольдов ұсынған. Ол «Концепт и слово» атты еңбегінде *концептіні* былайша түсіндіреді: «Шығу тегі бірдей сандаған заттарға қатысты ой процесінің орнын басатын ойдағы түсінік» [5, 271б.].

Концепт термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды. Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерін саралай келе, концептінің ұғымнан басты айырмашылығы - ұғымда энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни, концепт ұғымнан кең мағынаға ие. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін берсе, концепті сөздіктегі мағынасымен қатар, алғашқы этимологиясын, басты тарихи белгілерін ғана қалдырып қоймаған, оның қазіргі заман ассоциациясын, бағалауын жинақтаған көп қабатты құрылым. Демек концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді [3, 86 б.].

Лингвистика саласында қолданылатын концепт термині бір жағынан жаңа, ал екінші жағынан ескі ұғым деп есептеуге болады. А.Вежбицкая «концепт» терминін адамның болмыс әлемі туралы жекелеген белгілі бір мәдениетке негізделген көзқарастарымен берілетін шынайы әлемнің объектісі ретінде лингвистика саласында алдыңғы орынға қойып отыр. А.Вежбицкая мәдениетті сол мәдениет үшін ерекше рөл атқаратын «тірек сөздер» арқылы қарастырады. Бұл сөздер

негізгі мәдениеттің біртұтас салалары шоғырланған орталық нүкте ретінде талданады [6, 286 б.].

Отандық тіл білімінде концепт ұғымына қатысты мәселелерді Ж.Манкеева, Н.Уәлиев, Қ.Жаманбаева, Г.Смағұлова, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапаков, А.Ислам, Н.Аитова, Ж.Жампейісова, Э.Оразалиева, Г.Мұратова, Б.Тілеубердиев т.б. ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты қарастырады.

М.Т.Күштаева: «Концепт пен ішкі форма» терминдерінің мәнін ажырату қиын. Бұл терминдер сөздердің алғашқы мағынасын, ұлттық мәдени тілдік құбылыстың ерекшелігін түсіндірудің кілті болып табылады. Олардың айырмашылықтары сақталуы мен қызметінде. Сөздің ішкі формасы жоғалып кете алады, ал концепт әрқашан сөзбен бірге өмір сүреді. Сондықтан, концепт қатары тұрақты», – дейді [3, 35 б.].

Кез-келген ұғым концепт бола бермейді, тек қана кейбір күрделі, нақты бір мәдениетті оларсыз елестету, танып-білу мүмкін емес маңызды ұғымдар ғана концепт ретінде танылады. Концептілерді зерттеу халықтың менталитетін, рухын, жан дүниесін жақсы түсінуге, сол ұлттың әлемдік бейнесін сол ұлттың көзімен көруге мүмкіндік беретіндігін көрсетеді. Концептінің беретін ұғымын түсіндіру арқылы жеке адамдардан бастап, қоғамдық топтардың бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін анықтауға болады.

Тілдің когнитивтік құрылымында концептілердің алатын орны ерекше. Себебі сөздердің семантикалық, ассоциациялық өрісте бір-бірімен тоғысуы концептілер жүйесінде көрініс табады.

Концепт – сөз мағынасы, ұғым, сөздің ішкі формасы, семасы т.б. терминдерімен бара-бар емес. Себебі концепт жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындайтын тірек сөздер арқылы, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер көлемінде

танылады. Мысалы, ақын-жыраулар дүниетанымындағы «туған жер» концептісін айқындауда, *Отан, атамекен, ата жұрт, туған өлке* тәрізді синонимдес сөздердің семантиалық өрісінің логикалық, психологиялық, философиялық түсіндірмесі, қазақ халқы үшін эмоциялық, бағалауыштық, этникалық, тирихи тұрғыда қабылдануын танытатын мәтіндер (фразеологизмдер, афоризмдер, аңыздар т.б.) қоса ұсынылады.

Сөз мағынасы белгілі бір тілде сөйлейтіндер үшін ортақ аяда танылуы мүмкін, ал концепт арқылы берілетін мазмұнды ұғу үшін белгілі бір мәдениет түрін тұтынушылар арасында қалыптасқан дүние бейнесін танып білу қажет. Ал дүние бейнесін тану соған қатысты «аялық білімнің» болуын қажет етеді.

Жоғарыда келтірген тұжырымдардан концептіге берілген анықтамалар түрліше екендігіне көзіміз жетеді. Көптеген зерттеушілер оның мәдениетпен байланысын көрсетеді. Кей зерттеушілер мұны негізгі деп тапса, енді біреулері қосымша деп қарастырады. Біздің ойымызша, концептінің негізгі қасиеті болып оның белгілі бір мәдениетпен, қоғамның мәдени тәжірибесімен байланысы табылады. Мәдениет өзін туындатқан халықпен біте қайнасып жататыны айқын және оның бойында өмірлік философияны анықтайтын, барлық адамзатқа тән әлемдік бейнедегі ұғымдардың берік орын алатыны белгілі. Солай бола тұра, осы аталған ұғымдар ұлттық дүниетаным, мәдениет негізінде қалыптаса отырып, ұлттың ұлт болып айқындалу белгісі ретінде де қолданылады. Мәдениетке қатысты концепті адам мен ол өмір сүретін ақиқат шындық аралығын байланыстырушы ретінде қызмет атқаратындықтан оны зерттеудің маңызы зор болып отыр.

Тіл мен мәдениеттегі құндылық концепт арқылы көрінеді. Концепт бола алатын лексикалық бірліктер шектелуі. Концепт болу үшін белгілі бір мәдениетте өзекті, бағалы, өте ауқымды тілдік бірліктерді қамтитын, мақал-мәтелге, поэтикалық,

прозалық мәтінге тақырып бола алатын ақиқат құбылыстар болу керек. Концептілер өзі танылатын мәтінде, ситуациялар мен білімде символ, эмблема бола алады. Олар халықтың мәдени ескерткіштерінің жеткізушісі, тасымалдаушысы.

Қазақ тіл біліміндегі алғашқы этнолингвист ғалымдардың пікірін Ж.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде ары қарай дамыта түсті. Тіл болмысының рухы тек ұлттық болмысты ғана емес, сонымен қатар, мәдениетті де ұштастыра бейнелей алды деген көзқарасты білдіреді, «лингвомәдениеттану мәдениеттің тілдегі көрінісін синхрондық тұрғыдан сипаттайды. Осымен байланысты лингвистикалық реконструкция мәдени реконструкциямен сабақтасады» деген анықтама бере отырып, тіл мен мәдениет сабақтастығының мәнін ашып береді. Демек тіл болмысы тек ұлттық ерекшеліктерді, салт-дәстүрді ғана емес, одан да тереңірек, халық мәдениетінен де ақпарат беретіндігін түсіндіреді.

Сонымен, жоғарыда берілген тұжырымдамалар концептінің когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымы екенін және концепт құрылымының ауқымы кең екенін дәлелдейді.

1.2 Концептінің құрылымы және оны жеткізу әдістемесі

Концептінің құрылымы күрделі болып келеді. Бір жағынан, концепт құрылымына ұғым тудыратын сөздердің барлығы, екінші жағынан, оны мәдениет шындығына айналдыратын бастапқы форма, негізгі мазмұн белгілеріне дейін қысқарған тарих, заманауи ассоциациялар, бағалар, коннотациялар кіреді.

З.Д. Попова мен И.А.Стерниннің ойынша, когнитивті концепт адам санасында төмендегідей жағдайларда туындайды:

1. адамның тікелей сезімі тәжірибесінен – сезім мүшелері арқылы әлемді қабылдауы арқылы;
2. тұлғаның іс-әрекеті арқылы;
3. оның сана-сезімінде орын алған концептілермен ойлау операцияларын жасауы арқылы;
4. тілдік қарым-қатынас арқылы;
5. тілдік бірліктерді саналы түрде тану арқылы [7, 40 б.].

Концепт құрылымы қат-қабат және ол әртүрлі замандағы мәдени өмірдің нәтижесі болып саналады. Ол білім кезеңіне, шығу тегіне және семантикасына қарай түрлі тарихи топтардан құралады және ерекше құрылымға ие болып келеді:

- негізгі (өзекті) белгісі;
- косымша (пассивті, тарихи) белгісі;
- ішкі (обычно не осознаваемую) формасы.

Ғаламның тілдік бейнесін танытуда концептілік құрылымдардың маңызы өте зор. Адам санасындағы білім әртүрлі тілдік құрылымдар арқылы көрініс табады. Зерттеуші В.А Маслова: «...елестету, схема, картина, фрейм, сценарий (скрипт), гештальд» сияқты бірліктерді адам танымындағы ақпараттарды сыртқа шығаруда қолданылатын тілдік құрал деп есептеген.

Концептілік құрылымдардың бір типі – фрейм. Фреймдердің негізінде ақын-жыраулар поэзиясындағы ғалам туралы ақпаратты көптеп алуға болады. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табатын прессупозициялық үлгі. Егер адамның тілде таңбаланған заттар мен құбылыстар туралы білімі жеткілікті болса, егер оған белгілі бір оқиға шеңберіндегі жағдаяттардың өту кезеңі белгілі болса, онда ол адам сол тілдік құрылымды фрейм ретінде қабылдай алады. В.А.Маслованың айтуынша, фрейм – стереотиптік жағдайға қатысты түсініктің, әсіресе, есте сақталған аса көлемді түсініктердің базалық құрылымын білдіреді. Фрейм концептінің

негізгі тірегі айналасында құралады. Ол жөнінде сүбелі еңбек жазған М.Минский фреймдерді екі жікке бөледі: статикалық фреймдер және динамикалық фреймдер. Ғалымның мұндай жіктеуін ғылымда әркім әртүрлі түсініп жүр. Және де ғалым ғалам жайлы ақпараттарды фрейм-сценарийлердің жәрдемімен құру керектігін сөз етеді. «Фрейм – сценарий белгілі бір іс-әрекет, оқиғаға тиісті элементтердің типтік құрылымы болып табылады» – дегенді айтады [8, 152 б.].

Қазіргі таңда концептіні суреттеу мен зерттеудің бірнеше әдістемесі құрастырылған:

- Е.Бартминский ұсынған кескіндеу теориясы;
- С.М.Прохоров құрастырған вертикалды жүйе өрістерінің теориясы;
- Л.Чернейко мен В.Долинский ұсынған гештальттарды табуға арналған концептуалды талдау теориясы;
- О.Ахманова және И.Гюббенеттің тура контекст теориясы.

Гештальд – психология ғылымында тұрақты ұғым. Оны алғаш ғылыми айналымға енгізген неміс ғалымдары болатын (неміс тілінде – Gestalt – фигура, форма, құрылым). Психологиялық теория – гештальттық психологиядан бастау алады. Гештальтты құрылым – дәлме-дәл емес, бірақ тұтас, жалпылық сипаттағы түсінік. Аталған термин қандай да бір теорияға негізделеді, яғни оны тұтас теориядан бөліп қарастыруға келмейді. Өйткені гештальт мұндай жағдайда белгілі бір ұғымды таныту қасиетінен айырылған болар еді. Оны теориялық тұтас құрылым болатындықтан, нақты бейнелеу мүмкін емес.

Гештальт – образ, форма, бір ғана сөз болуы да мүмкін. Сонда, жоғарыда көрсеткеніміздей, терминдік мағынасының өзі «бейне, құрылым, біртұтас форма» дегенді білдіреді [9, 14 б.]. Бұл туралы тілші-ғалым Қ.Ә.Жаманбаева өзінің «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты еңбегінде көркем шығарманың құрылымын түзуде гештальттың каншалықты рөл

атқаратынына мысалдар арқылы түсінік береді. Мұнда мысал жанрының көркем формаға айналған екінші түрі нысанға алынған.

Ғалымның пікірінше, осындай поэтикалық мысалдағы бір-біріне карама-қарсы екі себеп шығарманың қозғаушы күшіне айналады. Шығарма құрылымындағы нәзік өрілген осындай психологиялық бағыттар мысал өлеңдерде, бір карағанда, анық байқалмауы да мүмкін. Оны оқырман оқу үстінде талдап, автоматты түрде «ішкі көзбен» көру арқылы шығарма сюжетімен бір уақытта тұтас қабылдайды. Бірақ оқырманның оны үнемі байқап отыруы гештальт теориясында шарт емес. Мысалы, кәдімгі ас ішу құралы шанышқыда қанша тіс бар екенін қапелімде дөп басып айта алмау сияқты [9, 76 б.].

Гештальт тілдік құралдардың жиынтығы арқылы концептінің кумулятивтік қызметін білдіреді. Біздің нысанға алып отырған *туған жер* концептісінің аясында қарастырылатын түсініктерге (атамекен, Отан, ата жұрт т.б.) қатысты тілдік бірліктер мен тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, бата-тілектер жиынтығы болып табылады.

Сөзтану үрдісіне қатысты келесі бір ұғым – «сценарий», «схема», «ойсурет» немесе «скрипт» ұғымы. Бұл – санада белгілі бір құрылым үлгісінде сақталатын бірінен соң бірі келетін сатылы әрекет.

Егер де сөздіктегі түсіндірмелердің құрамына затты жасайтын пішіндер мен сызықтар кірсе, онда ол схеманы білдіреді. Фрейм – визуалды жағдайларды көрсетуге арналған деректер құрылымы. Іс-әрекетті, қимылды оның маңызды кезеңдерімен суреттеу сценарий болып саналады. Ол мәтінге интерпретация жасау нәтижесінде қалыптасады. Когнитивті лингвистикада алда не күтіп тұрғанына қатысты хабарлар жиынтығын білдіретін *скрипт* термині кеңінен қолданылады [10, 47 б.].

Скрипт – концептілік, мәтіндік құрылымның бір типі. Скриптіні қалыптастыратын басты элемент – фрейм. Скриптінің санадағы көрінісі – сценарий, құрылымның кеңейтілген формасы. Скрипт көзбен көрген нақты тәжірибеден өткен оқиғалар арқылы, балалық шақтан келе жатқан стереотиптік ақпараттар арқылы немесе басқа адамдардың әрекеттерін мұқият есте сақтау арқылы жинақталған ақпараттардан құралады. Яғни, адам тануға дайын сценарийлер мен фреймдерді топтастырып ұғынады. Скрипт – мәтінді тануда басқа бір оқиғаларды ой елегінен өткізіп, одан концептінің бір қырын танытатын фрагменттерді мынадай мақсатта қолданады: локациялық (уақыт пен кеңістіктегі оқиғаны бейнелеу); логикалық (ойлау әрекетін тану); процедуралық (оқиғаның өтілу тәртібі); насихаттау, үгіттеу, иландыру түрінде қолданылады.

Концептіні зерттеудің тағы бір түрі - өрістік әдіс. Лингвистикада, шынында, «өріс» немесе «ая» терминдері тек лексиканы топтастыруды ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар зерттеу әдісі болып келеді. Л.М.Васильев өзінің кеңінен зерттелетін, танымал емес өрістердің түрлеріне қатысты шолуында лексикалық зерттеулерде «семантикалық өріс әдісінің» бар екенін дәлелдеп көрсетті. Өріс таза зерттеу құрылымы деген оймен келісуге болмайды. Біріншіден, өріс элементтерінің ортасындағы семантикалық өрістер мен байланыстар сөйлеушінің білімінің құрамына кіреді. Елдер мәдениеті ерекшеліктерінің түрлі тілдік өріс арқылы байланысатыны белгілі. Екіншіден, өрістің шынайылығы тілдік қателер, яғни семантикалық өрістің бір микроөрісі мен бірнеше микроөрістердің біріккен элементтерінің өзара алмасуы арқылы дәлелденеді.

Нақты айтсақ, концептуалды өрісті концептуалды жүйеге сәйкестендіруге болады, өйткені семантикалық өрісте де, концептуалды жүйеде де қабылданатын мәліметтің талдануы мен түсіндірілуіне семантикалық өріс себепші болады.

Аталған мәселелер тілдік қолданыстағы лексикалық мағынаның прагматикалық қызметін анықтап, сөз мағыналарының коммуникативтік-танымдық концепциясын танудың жолдарын көрсетеді.

2 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Концепт ретінде жалпыұлттық құндылықтарды түсіндіре алатын ұғымдар алынады. Оларды зерттеу халықтың ділі мен тілін, рухы мен мәдениетін түсіну үшін сол халықтың көзімен қарап, көңілімен сезінуге мүмкіндік береді.

Мәдениет адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтитын болғандықтан, оның атауының мәні кең. Біз халқымыздың мәдени құндылықтарымыздың негізгі өзегі - «туған жер» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін тани түсеміз. «Туған жер» концептісін зерделеу арқылы жеке адамның ойы мен түсінігіне үңілеміз, және сол арқылы тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. Туған жерге деген құрмет - барлық халыққа қатысты асқақ сезім. Ол, әсіресе, қазақ халқы үшін ерекше құнды дүние болып табылады. Қазақ халқы үшін *«туған жер»* немесе *«ел»* концептісі *«атамекен»*, *«атақоныс»*, *«атажұрт»*, *«кіндік қаны тамған жер»* секілді модельдердің қатысымен анықталады. Сонымен, когнитивтік тіл білімі әлемді тану негізінде санада қалыптасқан әлем туралы ақпараттарды жинақтау және концептілеу, оларды бір жүйеге топтастыру, әлемнің санада көрініс табуы мен оның тілде берілу сипатын анықтау қызметтерін атқарады. Ал тілдік әлем бейнесі концептуалды әлем бейнесінің негізгі элементтерін мазмұндайды, тілдік құралдарымен концептуалдық әлем бейнесін ашады.

Әлемнің тілдік бейнесі арқылы кез келген ұлттың өкілдері шындық болмысты, қоршаған ортаны танып біле алады. Тіл мен мәдениет бірін-бірі толықтырып тұратын, әрі өте тығыз байланысты ұғымдар. Мәдениет – ұлттың тарихи дамуы кезеңдерінде жинақталған материалдық-рухани құндылықтарының жиынтығы. Адамдар қоршаған ортаны, әлемді сырт көзбен бақылап, соған ықпал етуі мәдениетті қалыптастырады. Яғни, ұлттық мәдениет – халықтың ұлттық-этникалық ерекшеліктері арқылы айналаға әсер етіп, оны ұлттық мінез-құлқы, пайымы, шұғылданатын кәсібі арқылы танып-білуі, алған таным-пайымдаулары. Әрбір ұлттың өзіне тән танымы, қоршаған ортаға қарым-қатынасы, дүниеге көзқарасы тіл арқылы жүзеге асады. Тіл – мәдениеттің дамуын, қалыптасуын, деңгейін көрсететін «қоғамдық құрал». Сонымен қатар, тіл – материалдық-рухани мәдениетті танып-білудің, ұлт мәдениеті көрінісінің негізі.

Қандай да бір тілдік бірліктің тарихи негіздері халықтың болмысымен тікелей байланысты түрлі “ұлттық кодтарды” жеткізуші, халықтық сана-сезімді өз бойына сақтаушы тілдік таңба болып табылады. Себебі тілдегі кез келген сөзде халықтың ұлттық танымы, дүниеге көзқарасы, мәдениеті мен салт-санасы, болмыс-бітімі көрініс тапқан.

Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниені танудағы түсініктері мен рухани және материалдық мәдениетінің көрінісі құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамдық даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің санасында өзгерістер орнап, дүниені қабылдау деңгейлері түрленіп отырғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Ұлттық менталитеттің қалыптасуы да осындай үздіксіз жалғасып отыратын мәдени кодтан құралады.

Менталитет қандай да болмасын қоғамның тарихи даму негізінде пайда болатын әлеуметтік-экономикалық, рухани-

мәдени ортаға сай қалыптасады. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқы менталитеті өзінің қалыптасу барысында бірнеше тарихи кезеңдер мен әлеуметтік сатыларды, рухани жаңғырулар мен өзгерістерді, сыртқы әлеуметтік-мәдени ықпалдар мен өзара ықпалдасу үрдісін басынан кешірді. Қоғамдағы өзгерістер ауқымы қаншалықты терең болғанмен, қазақ халқы өзінің дамуында ішкі бірегейлігін, менталдық тұтастығын сақтауға үнемі талпынып отырды. Бұл оның өзіндік дамуының басты ерекшеліктерінің көрінісі еді. Қазақ халқының рухани болмысына тарихи тұрғыдан көз жіберер болсақ сонау ықылым заманнан бастап, күні бүгінге дейінгі аралықта біртұтас көзқарастың ұлт менталитетінің негізінде жатқанын байқаймыз. Оның іздері фольклорда, ұлттың философиялық деңгейдегі ойлау жүйелерінде, нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерінде, поэзиясы мен өнерінде, діни сенімдері мен салт-дәстүрлерінде көптеп кездеседі.

Жалпы ұлттың рухани тұтастығы, сегіз қырлы, бір сырлылығы қашанда философиялық танымның басты мәселесі болғанын көреміз. Осындай рухани тұтастық тек дүниеге көзқарас пен түсінік негізінде қалыптасатыны сөзсіз. Олай болса, қазақ менталитетінің даму ерекшелігі де осы дүние түсінікке тікелей байланысты. Түсінік арқылы ұлттың тілдік ерекшелігі қалыптасады.

Тіл дегеніміз – қарым-қатынас және өзін танытудың құралы ғана емес, сол сияқты дүниенің шексіз ұғымдарын танудың, түсінудің құралы. Адам болмысы тіл арқылы көрініс табады да, тіл арқылы өзін-өзі таниды. Әлемнің сөзбен жасалған үлгісін қалыптастырғанда тіл әр халыққа жататын адамдарға қиындық тудырады. Ақиқат дүниенің кез келген үзігінің денотаты мен жағдаяты тіл арқылы санада таңбаланып сақталады және сол дүниені таныту үшін жұмсалады. Осыған орай, тіл арқылы көрініс тапқан санадағы дүниелер бейнесін анықтау, яғни тілді когнитивтік бағытта зерттеу, әлемдік тіл

білімінде үлкен бағытқа айналды. Міне осы санадағы көрініс – ұғымды білдіретін концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады.

Ұғым ретінде кез келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданылады. Ал концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті танытуда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды аламыз. Мәтінде концептілер мазмұндық, қолданымдық, түрленімдік көрінісіне қарай ажыратылады. Яғни, концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық және мәдени ақпараттарды да білдіретіндігі анық. Профессор Қ.Жұбанов тіл арқылы халықтың тағлымдық мұраты этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне мәдени әрі тілдік мұра ретінде сақталатынын және тіл мен мәдениетті табыстыратын жаңа саланың дүниеге келетіні жөнінде ғылыми тұрғыдан еңбектерінде болжам айтқан. Тіл ұзақ уақыт бойы жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты. Халықтық терең дүниетаным, түсінік, эстетикалық көзқарас пен адамгершілік құндылықтар тіл жүйесінде когнитивті құрылым ретінде сақталып қалады. Мәдениетаралық байланыста өзінің ұлттық ерекшеліктерін, ділін, өзге мәдениет өкілдеріне таныстыру және сол арқылы өзі де өз ерекшелігін сезініп, тереңірек ұғынып, өзіндік баға беру қазақ халқының тарихында ерте кезден басталды. Маңызды концептілер ұлттың тілімен, мәдениетімен бірге игерілгендіктен олардың бірқатары бірден «білініп тұрады». Ал кейбіреулері талдау кезінде анықталады. Егер халықтың бүтіндей болмысын бірнеше ауыз сөзбен сипаттау қажет болса, шын мәнінде, қазақ тілінде қандай концептілерді, құндылықтарды атар едік? Оған жауап ретінде қазақ мәдениетінің концептілік өрісін сипаттаудың бірегей үлгісі болып танылатын 1730-1731 ж.ж.

Қазыбек бидің Жоңғардың ханы Қоңтажыға елшілікке барғандағы қазақтың таныстыруын атауға болады.

Біз – қазақ деген, мал баққан елміз
Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз.

Бұл мәтін – қазақ мәдениетінің концептілік өрісінің жүйесін, қазақ діліндегі құндылықтар жүйесін дәл, шынайы түрде жеткізетін мәтін. Қазақ - ұлттық салт-дәстүрі, ұстанған әдет-ғұрпы, өзінің мәдени ортасы қабылдаған, мәдени ортада дұрыс деп есептейтін өмір сүру салты бар халық. Бұндай өмір сүру салты сол ұлт өкілдері үшін өмірге құлшындыратын ұлттық ерекшелік, ұлттық мақтаныш болуы да мүмкін. Осындай ұлттық эталонға (мінез, салт-дәстүр, тұрмыстағы сән-салтанат т.б.) нұқсан келген жағдайда сол ұлт өкілдерінің өткен өмірдің сән-салтанатын көксеуі, өткенге деген сағынышы, салтанатты тұрмыстың кейін қалғанына өкініші оның поэтикалық тілінде бейнеленеді. Қазақ халқының ұлттық мінезі ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихи жағдайларға байланысты дамып, қалыптасты. Ұлттық мінез-құлық – халықтың ең бір қолмен ұстауға келмейтін феномені болып табылады. Ұлттық мінез-құлық терминін жан-жақты түсіндіруге болады. Ең бастысы, жеке адамның мінез-құлқын түсіндіретін іс-әрекет пен қарым-қатынаста көрінетін тұрақты жеке тұлғалық ерекшеліктер жиынтығы.

Қазақтың болмысы – оның азаттығының, тәуелсіздігінің, бейбіт өмірінің кепілі. Олай болса, «кең күн» тіркесінің поэтикалық астарында «еркін, азат кез» семантикасы бар екені түсінікті. Қазақ тұрмысының сән-салтанат, байлығы оның алдындағы төрт түлік малы жылқы, құлын, нар тайлақ, інген, айыр сөздердің коннотациясында айқындалса, ащы қымыз, ақ

шұбат сөздері – қазақтың ырыс, дәулетінің символы ретінде берілген.

Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалған ең негізгі дәстүрлеріміздің бірі – қонақжайлық. Қонақ күту, оны құрметтеу – қазақ даласында ежелден келе жатқан, қазақ тұрмысының айнымас шарты. Қонақжайлылық, қонаққа шақыру – өзіндегі несібе, ризалықпен бөлісу, қолыңнан келген құрметті, бақытты қайтарымсыз сыйлау.

Қазақ танымайтын жолаушыны «Құдайы қонақ» деген. Дала Қонақтың орны – әрқашан үйдің төрі болып саналған. Қонақтар үй иелеріне сәлем беріп кіргеннен кейін қамшысы мен сырт киімін кереге басына іліп, аяқ киімін оң жақ босағаға шешіп, төрдегі жаюлы тұрған сырмақ үстіндегі көрпеге барып отыруға тиіс. Қазақ поэзиясын ілгері дамытқан айтулы ақын Жұбан Молдағалиев қонақжайлық тақырыбына өз жырларында ерекше орын береді:

Қонактікі төр төбесі
Түстенсе де, конса да.
Биік оның мәртебесі
Қайдан, қандай болса да.
Жандығын да, жалғыз демей,
Дала соған соятын.
Ол жоқ болса,
байғұс кедей
Қара суын құятын.
Жарты құшақ шөбі қалса,
Ол – жолаушы атына.
Жалғыз шелек суы қалса,
О да соның қатына [11, 69 б.].

Ал қандай да бір түрлі тілеулестікке, әдейі шақырылған ағайын-туыс, дос-жаран, көрші-қолаң, құда-құдағи, сыйлы, құрметті кісілер тойға шақырылған мейман “арнайы қонақ” болып саналған:

Енді келсін құдай қонақ!
Дала – дүние несібі.
Дала жаны құдайдан ақ,
Бекітусіз есігі.

Қазақтың мейман халық екені, қашан болмасын келген қонақты құшақ жая қарсы алатынын басқаша айтып жеткізу мүмкін де болмас. Ақын қазақты «қонақжайлық», «дала» концептілері арқылы танытқандай. Көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділов: – Қазақ неге қонақжай екенін тарихи негізден іздеу керек. Қазақ даласының бірде бір жерінде қонақ үй де, бекет те жоқ. Соған карамай, айшылап жолға шығып кетеді. Кез келген үйге барады, онда құдайы қонақ болып күтіледі. Бұл «Жеті Жарғы» заңымен бекітілген. Егер, қонақ дұрыс күтілмесе, айып та салынған. Демек, бұны қазақтың даласы міндеттеген нәрсе. Қазақ менталитеті солай шыққан.

Дала лексемасының мәтінде берілген мәні – қазақтың өмір сүріп, тіршілік етер ортасынан гөрі, қазақтың бет-бейнесі ретінде көрсетеді. Дала лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғымы ақын дискурсында метафоралық мағынаға ие болған. Көшпенді түркі халықтары үшін рухани кеңістік – дала. Ақын танымында дала кең байтақ жердегі ұлттық-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Ақын қолданысында дала лексемасы «дала - қонақжай», «дала - дүние несібі», «дала - жаны құдайдан ақ дала» ұғымдарымен сипатталады.

«Кеңістік» концептісі әлем халықтарының мәдениетінде ең негізгі және маңызды концептілердің бірі болып саналады. Осы тұрғыдан зерттеліп жүрген «Кеңістік» концептісі негізінен топонимиялық жүйеде тілдік көрінісін береді. Оның мағыналарын құрайтын «дала» ұғымы «туған жер», «ата мекен», «ата қоныс», «жұрт» ұғымдарымен тікелей байланысты. Түптектік «кеңістік» концептісі іштей «жер», «су»,

«тау», т.б. концептілерден құралады, осы түр-тұрпалық концептілер этномәдени мәнге ие.

Туған халқының арғы-бергі өмірі, тіршілігі туралы көп жазған ақындарымыздың бірі - Қадыр Мырзалиев. Ақынның өлеңдерін мазмұн жағынан қарасақ, мұндағы өлең бір идеялық мақсатқа арналып жазылған толғамды сыр, толқынды жыр деуге болады. «Жар-Жар», «Күрес», «Барымта», «Көкпар», «Қыз қуу» өлеңдерінің әрқайсысында бұрынғы көне ауылдың әр алуан шындығы әр қырынан көрініп келіп, біртұтас бейне – *даланың* көріністерін алдымызға тартады. Сол өлеңдерінің барлығын жинақтап айтсақ, қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге болады. Жұбан Молдағалиев қазақты далаға баласа, Қадыр Мырзалиев қазақты домбырамен аастастырады. Ақын «Домбыра» өлеңі арқылы қазақ халқының мәдениеті пен өнер тарихының ежелгі көріністерінен сыр шерткендей. Домбыра шертілгенде қазақтың кең-байтақ сахарасы, сұлу табиғаты, самал желі мен үрлеген бораны, көлдегі аққуы көз алдымызға келеді. Қос ішек үнінен бүкіл қазақ жұртының қуанышы мен қайғысы, арман-мүддесі, философиялық сарыны, азаматтық үні, тарихы күй болып төгіледі:

Бір ішегінде биіктік бар,
бір ішегінде тереңдік.
Ол мылқауды сөйлетеді,
жылатады кереңді [12, 154 б.].

немесе:

Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-пәл кем бұра.
Қазақ – нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!
Білгің келсе біздің жайды,
Содан сұра тек қана:
Одан асқан жоқ шежіре,

Одан асқан жок дана [12, 154 б.], - деген жолдары соны айғақтайды. Мағжан Жұмабаев «Ұлан» атты өлеңінде анасы мен баласының арасындағы әңгімеде «домбыра» лексемасын іштегі сыр, шер мен мұңды шығару, өзгеге жеткізудің құралы ретінде қолданады:

Шерің болса, домбыранды ал

Домбыранды ал, ән шырқап сал,

Даусыңды естіп жас сұлулар

Талып жұтсын тәтті улы бал [13, 64 б.].

Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттық-рухани ерекшеліктерімен айқындалады. Әр халықтың ана тілінде өзінің қасиеті мен болмысын айшықтайтын мәдени фактордың белестері рухани және материалдық мәдениетінен көрінеді. Кез келген ұлттың этнографиялық болмысы – салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, тұтынған материалдық заттары арқылы айқындалады. Қазақ халқы үшін домбыра ән мен күйдің, шаттықтың нышаны болып табылса, бесік – ұрпақтың жалғасын сипаттайды. Қазақ халқы *шаңырақты, бесікті, домбыраны* қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған, әрі күлін де аяқасты кылмай, көміп тастаған. Қазақ халқында «Бесіксіз үйде береке жоқ» деген аталы сөз бар. Данагөй бабаларымыз: «Ел боламын десен, бесігіңді түзе», «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп ұрпағына аманат етіп айтып кеткен. Қазақтың бесікті қатты қадірлейтіні соншалықты, атасы жатқан бесік немере, шөбере, шөпшегіне дейін де қастерлі мүлік ретінде сақталып, олардың бәрі де сол бесікке бөленіп, сол бесіктен өсіп ержетеді. Ұрпақ жалғасының нышаны болғандықтан бесікті «кепиеті ұрады» деп ешқашан тастамаған. Бұл қазағымыздың санасында қалыптасып қалған түсінік.

Баба қазақ кебісті

Тас қапасқа өшікті.
Іздеймін деп кеңістік,
Кентін тастап көшіпті.
Батыр қазақ қылышты
Белін қашан шешіпті?!
Іздеймін деп тыныштық.
Түзін тастап көшіпті.
Ақын қазақ Азаптың
Бәрін тастап көшіпті.
Іздеймін деп азаттық,
Тауын тастап көшіпті.
Бәрін тастап осы күн
Жеткен ұлы мұратқа.
Домбыра мен бесігін
Тастамаған бірақ та [3, 159 б.]!

Қазақ халқы ұлт болып тарих сахнасына шыққалы қандай бір қиын-қыстауды басынан кешірсе де, қандай бір нәубетті басынан өткерсе де өзінің сүйегіне сіңіп, жанымен жарасқан мінез ерекшелігінен айнымақ емес. Қандай әлеуметтік сатыда болмасын әрбір халық өзінің төлтума даралығын сақтай білсе, ұлт ретінде жалпы адамзаттық санатта бола алады. Сол себепті тұтас этностың ұлт мүддесіне қызмет ету жолындағы көрегенділігі, табандылығы мен даналығы оның мәңгілігінің белгісі болып қала бермек.

2.1 «Атамекен», «Туған жер» концептілерінің лингвомәдени ерекшеліктері

Көшпенді түркі халықтары үшін кеңістік ұғымы әрі горизонталды әрі вертикалды формада қабылданатыны оның түрлі мифтерде, ауыз әдебиеті үлгілерінде, поэзия мен прозада сақталған тілдік бейнелерінен көрінеді. «Кеңістік – қазақтар үшін шексіз космос. Осы космоста олардың «өз микрокосмосы

бар. ол – «атамекен» деп аталатын олардың бүкіл болмысын өзге ықпал етуші, үйлесімділігін бұзушы күштерден сақтайтын, ата-бабасынан мұраға алып келе жатқан өздері үшін ерекше «жұмақ, жайлы жер» [14, 22 б.]. «Атамекен» ұғымы осы тіркестердің құрамындағы «ата» және «мекен» сөздерінің ассоциативті мағыналары арқылы да объективтенеді. Ата - «ата-баба» мағынасында әрі «ежелгі» мағынасында алынады, мекен – «тұрақ, өмір сүретін, өсіп-өнетін территория» деп қабылданады. Сонда атамекен «ата-бабаларынан мекен етіп, өркен жайып келе жатқан жер» деген ұғымды береді. Атамекен атауы кейде лексика-семантикалық мағынасынан *атажұрт, атақоныс, туған жер, Отан* сөздерімен де ауыстырылып қолданылады.

1. Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «туған жер» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «Туған ел – торғын бесік. Туған жер. Отан, өз елі, кіндік кесіп туып-өскен жері [15, 519 б.]. Осындағы «Отан» деп отырғанымыз – қазіргі ұғым атауы. Адамдар қай кезеңде де, әсіресе, түркі халықтары қоғамдасып өмір сүруге ерте кейінгі орта ғасырларда, айталық, XIII-XVII ғасырларда белгілі бір этникалық, территориялық тұтастықтарға бөлініп өмір сүрген, оның ірі-ірілерін ғылымда хандық деп атап жүрміз. Ал ертеректегі ата-бабаларымыз бұл ұғымды Отан, мемлекет, хандық деп атамай, *ел, жұрт, байтақ, ел-жұрт* деген сөздермен білдірген» [16, 44 б.]. Алайда көшпенді қазақ халқы үшін тіл дамуының бертінгі кезеңдерінде қалыптасқан «туған жер», «Отан» атауларына қарағанда «Атамекен» ұғымының мағынасы әлдеқайда кең, әлдеқайда терең.

Атамекен ата - бабадан ұрпаққа мирас болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен. Сондықтан «Атамекен» - адамзат тарихымен адам баласының ой-санасында жоғары тұратын қасиеті де, қастерлі ұғым. Туған жердің кез келген ұлт үшін аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Оның ішінде қазақ халқы «кіндік қаным тамған жер» деп қастерлейді. Қазақ танымындағы

«Атамекен» концептісінің логикалық моделі «Отан», «Туған жер», «Ата қоныс» сияқты күрделі логикалық ассоциациялардан тұрады. Оны тіліміздегі «Ата қоныс — алтын мекен», «Отансыз адам — армансыз бұлбұл» т.б. паремиологиялық бірліктер құрамынан көруге болады. Сондықтан қазақ халқының дүниетанымында, яғни, оның ғаламдық бейнесінде *туған жер* концептісі маңызды орын алады.

Концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесі концептіні танытатын мынадай қағидаларды ұсынуға негіз болды: біріншіден, концепт ақиқат дүниенің құндылықтарын танытады; екіншіден, концепт құрылымы санада ақиқат дүниенің мазмұнын беруде стереотиптік танымда (мысалы, туған жер — *«атамекен», «құтты қоныс», «туған өлке»*) және стереотиптік емес танымда (мысалы, күз — *«иешем бір келін болған өлке», «мәңгі-бақи шаттығы тарқамайтын думан жер», «батпағында тең құрбымен алысқан жер», «иісі аңқып, бетім сүйген самал жел»*) таңбаланады. Үшіншіден, концепт тіл арқылы көрініс табады; төртіншіден, тұлғаның білім деңгейін танытады; бесіншіден, белгілі бір ұлттың мәдени деңгейін көрсетеді; алтыншыдан, әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын айқындайды. Жетіншіден, тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды, концепт — адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі ретінде жұмсалады, концепт — білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі болып табылады, концепт — белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы.

Мәтінде концептілер мазмұндық, қолданымдық, түрленімдік көрінісіне қарай ажыратылады. А.Әмірбекова концептілердің санада танылу деңгейіне қарай, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалдық концептілер деп шартты түрде жіктеуге болатынын анықтайды [17. 9 б.].

Біз «туған жер», «ел» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын тани аламыз, адамзатты табиғатты, Отанын сүйуге тәрбиелейміз. Олай болса, «туған жер»р концептісі ұлттық-мәдени концептілерге жататын танымдық ұғым деп түйіндейміз. «Туған жер» концептісін зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. Біз үшін «туған жер» немесе «ел» концептісі *«атамекен»*, *«ата-қоныс»*, *«ата-жұрт»*, *«кіндік қаны тамған жер»* секілді модельдердің қатысымен анықталады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәдени мұра.

Мемлекеттіліктің өзі басты үш негізден құралады, олар: атадан балаға мұра болып қалған – тұрғылықты территориясы, негізін қалаған, түпкі тамыры, шығу тегі бір – халқы, жүрегіне жалау болып тағылып, ұранын асқақтатып, әлемге танытып, сол халықтың басты ерекшелігі болатын – туған тілі. Осылардың негізінде тұтас бір мемлекет қалыптасады. Атап өткендей, негізгі және бірінші фактор ол – жер.

«Туған жер» концептісінің әлемдік әдебиеттегі поэзия майталмандарының шығармаларындағы қолданысы халықтың ұлтына, тіліне, мемлекетіне, жынысына, мамандығына байланысты сарапталмаған. Оны сараптап алу да мүмкін емес. Себебі, әркімнің өз атамекеніне деген ұлы сезімі басқа бір адамның бойында да табылуы мүмкін.

Сезімнің шыңындағы туындыны жазған өнер иелері қаншама. Атамекен, туған жер тақырыбына терең бойлап, сезімін жеткізбеген өнер алыбы кем де кем.

Жалпы атамекен ұғымына байланысты тілдік бірліктерді даналық сөз үлгілерінен жиі кездестіреміз. Әсіресе, сөз мәйегі - мақал-мәтелдердің құрамында кең қамтылады. Ұрпақтан ұрпаққа бұзылмай жеткен рухани мұра, халық оны жоғары бағалап, асыл сөз ретінде аса ұқыптылықпен жұмсаған. Міне

осы бейнелі айшығында ұлттық кодтың сақталуы табиғи заңдылық. Шығармалардағы, мақал-мәтелдердегі «туған жер» концептісі ауқымды идеяны, сан алуан күрделі ұғым-түсініктердің бейнелі атаулары болып табылатын тілдік модельдерден құралады. «Отан отан да ыстық», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы», «Туған жердің жуасы да тәтті», «Туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі, түйе аунайтын топырағы да дәрі», «Әркімнің өз жері - жұмақ», «Жігіт – елінде патша», «Ел іші – алтын бесік», «Отансыз адам-ормансыз бұлбұл», «Туған жердің қадірін, шетте жүрсең білерсің», «Кісі елінде сұлтан болғаныша, өз елінде ұлтан бол», «Туған жерге туың тік», «Туған жердің ауасы да шипа», «Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе жеткенің», «Егілмеген жер жетім, елінен айырылған ер жетім», «Елінен безген ер болмас, көлінен безген қаз болмас» деген сияқты мақал-мәтелдердің мазмұндық құрылымы тіл мен бейнелі ойлау заңдылықтарының сабақтастығынан туындайды. Туған жер, атамекен, ата жұрт т.б. киелі, қасиетті ұғымдар. Ата-бабамыз «енку-енку жер шалып, егеулі найза қолға алып, етігімен су кешіп» жүріп байтақ даласын жау қолына бермей, ұрпағына тапсырды. Бізге тапсырып кеткен туған жерімізде бірлігіміз бен татулығымызды сақтап, тілімізді, ділімізді көтеріп бақытты өмір сүрудеміз. Болашағымыз айқын, бағдарымыз анық өркениетті мемлекетке айналдық.

2.2 Әлем ақындарының поэзиясында «туған жер» концептісінің поэтикалық бейнесі

Поэзияның өзі сезімсіз шықпайтыны белгілі. Әлем әдебиеті ақындарының шығармаларындағы «туған жер» концептісінің қолданылу аясы мен көрерменге ұсынуы әр ақынның өзінің жазу стиліне байланысты әртүрлі болғанымен,

адами жүрек лүпілінің соғысы біркелкі, бір сарында. Әрбір оқырман кез келген қаламгерден, ақыннан әдемі ырғаққа, шымыр да селкеусіз ұйқасқа құрылған өлең іздейді, әр шығарманың түпкілікті астарларынан ой салар философияны, өзі бұрын көп біле бермейтін ғылыми пайымдаулардың поэтикалық үлгісін, сол арқылы сөз зергері тұжырымдаған соны байлам, тың шешім іздейді.

Талай жырға арқау болған туған жер – халықтың концептуалды дүниетаным әлемін қалыптастыратын сананың маңызды категорияларының бірі. Түсіндірме сөздіктерде берілген «Туған жер» концептісінің мәнін ашатын мәндес сөздердің негізгілерін тізбектеп көрсетсек: *туған жер, Отан, ата жұрт, атамекен, ата қоныс, ата мұра, құтты қоныс, ел, туып-өскен жер, т.б.* жалғасып кете береді. Ақын-жазушылардың көркем туындыларында концептілік мән-мағына туғызатын бірліктерді айқындай түсеміз. Яғни, шығармашыл тұлғалардың әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы шеберліктері мен олардың тілдік дәстүр жалғастығына ортақ түзілген концептілер өрісін талдауға мүмкіндік аламыз.

Халық даналығы қанатты сөздер мен нақыл сөздерде ғана емес, көркем шығармада да таңбаланатыны шындық. Жалпы тілдік бірліктің қайсысында болмасын негізі ойдың тірегі – адам, оның туған жер туралы таным түсінігі мен ішкі толғаныстары. Назарға алып отырған поэзиялық шығармаларға *туған жер* тақырыбы арқау болған. Соған байланысты концептілердің ақпараттық деректерін отандық және салыстыру мақсатында алған кейбір шетелдік ақындардың шығармаларындағы қолданысына талдау жүргізуді мақсат еттік. Нәтижесінде бүкіл адамзат баласына ортақ құбылыстың түрлі мәдениеттегі түрліше көрінісін көре аламыз.

Қ.Жұмағалиев аударылуымен ұсынылған түрік ақыны Назым Хикмет Ранның шығармалары философиялық бағытта жырланған. Өзінің өміріндегі көлеңкелі тұстары, түрмеде

отырған кездері жазылған. «Сендердің қолдарын нақында һәм жалғандық жайлы өлең» атты шығармасында түгел жер шарын өзінің атамекені етіп қабылдап, «бәрінді бауыр санаймын» деген ой жалғасын тапқан. Ақынның поэзиясында, көбіне, «туған жер» концептісінің мазмұнын ашатын «*туған ел*», «*жер-ана*» ұғымдары қолданылған.

Көк өгіз емес көтеріп тұрған әлемді,
Құдіретті қолдар көтеріп тұрған
Жер-анамыздың бағы бар!..
Қайран бауырларым-ай!

Африка, не Азиядан,
Не Таяу Шығыс елінен,
Не қиыр Шығыс,
Не Тынық Мұхиттың шегінен.

Қай тараптан да бол, мейлің,
Планетамның халқының төрттен үш бөлігі
Бәрі де маған бауырлас *туған ел* деймін,
Ешқайсысын да алалап, әсте бөлмеймін [18, 10 б.]

«Өсиет» атты өлеңінде болашақта өзін туған жеріне, яғни өзінің ауылына жерлендер деген аманаты айтылған. Жердің қай шетінде жүрсе де, сүйегінің туған ауылына қойылуын талап етудің де өзіндік философиялық мәні бар. Себебі, адам қай жерде дүниеге келсе, сол жерде сүйегі қалуы - ежелден келе жатқан ата дәстүр.

Жазса егер тағдыр алдағы арайлы танды көрмеуге,
Қоймандар маған құлыптас,
Көктерек тұрсын тербеліп.

Анатолияға апарып, ауылға мені жерлендер [18, 11 б.]

Парсы ақыны Әбілқасым Лахутидің шығармаларын Т.Рахимов аударған. Аудармада жанның ішкі тебіренісі, Отанды шынайы сүю мен көзбояушылықтың ара-жігін ажыратуға

тырысқан ақын өз өлеңінде өзіне және оқырманға тікелей сұрақ қояды.

Қирады ғой жұртым – Иран,
Бақшадайын жайнап қашан тұрады?
Мұсылман ба, кәпір ме әлде,
Халықтың бұл қайғысына кім кінәлі?
Білмеймін.
Бәрі-дағы өз *Отанын*
сүйем деуді қайталайды әрқалай,
Сүйе ме, жоқ, сүю жайлы
ғаламға тек жар салу ма бұл әлі?
Білмеймін.
Отанымды кім құтқармақ?
Ақсүйектер жиыны ма қалаулы?
Әлде жауды аяу білмес,
тіліп түсер қанжарым ба қайраулы [18, 31 б.]?

«Отанға қайтып оралу» атты шығармасында «атамекен» концептісінің негізін «ұя», «*туған жер*» ұғымдарымен берген. «Туған ұя» мағынасында колданып, аңсау, сағынышты білдіріп, «туған жер» деп қаратып елге шақыруын өтініш қылып, алғысын білдіреді. Бір өлеңдегі бірнеше жолдың өзінде қаншама сезім тоғысқан.

Ұямды аңсап қаншама шектім азап,
Ауыр күндер жанымды етті мазақ...
Қайда талмас қанатым, қыран күшім?
Барым менің жат жерде сыналды шын!
Төрт тағаным қалса да, сенімім бар,
О, Туған жер, шақырсаң, мың алғысым [18, 37 б.]!

Қытай әдебиеті өкілі Эми Сяоның Қ.Бекхожин аударған шығармаларында да туған жер тақырыбы тыс қалмайды. Атап айтсақ, «Партизан жыры» шығармасында «атамекен» концептісіне етене жақын «ата-баба туған, өлген жер» деген ойды көрсетеді.

Біздің таулар зәулім биік,
Айдынды өзендеріміз,
Ата-баба туған, өлген,
Бұл сүйікті *жеріміз* [18, 75 б.]...

Сонымен қатар, «туған үй» ұғымын қолданып өзінің дүниеге келген жерін атап өткен. Өзіндік болмыстарына қарасты мәселелерді де шет қалдырмаған.

Көз жасы елдің тамшылар.
Ей, жасыл су өзендер,
Зеңгір таулар сұр түсті
Бұнда біздің *туған үйлер* [18, 75 б.]

Қытай ақыны Ай Циннің шаруа адамдарының жерге жақын жүретін кәсіптерінің де жермен байланысты екендігін көрсете келе, туған жердің оларға ерекше ыстық болатындығын айтпақшы болған.

Жыртып жерді егесіздер жерге егін,
Туа қалса егер кезең қатерлі,
Кетесіздер алып жердің шерлерін,
Сондықтан да ешкім сүймес сіздердей,

Люй Цзяньның «Отан» деген тақырыптағы туындысында «атамекен» концептісін «туған дала» лексемасымен көрсеткен.

Қай қиырда болсам да,
Жүрсем де алыс жолда бір,
Шетке бір кетіп қалсам да,
Артта қап, *туған дала, қыр,*
Отаным менің сүйікті,
Әрқашан сенде назарым.
Сен әпердің бақытты,
Жойып елдің азабын[18, 78 б.]

Келесі өлеңінде үлкен шеберлікпен суреттеу арқылы төмендегі шығарманың мәнін ашып, «Сенің атың мәңгі биікте болады» деген идеяны ұстанған қытай ақыны туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілігін білдіреді.

Жырлаймын ұлы атыңды:
Жібекпен жазып, өрнектеп,
Қыздары оны тоқыған,
Солдаттар оны құрметтеп,
Шыққанда майдан отынан,
Сұсты мылтық сабына,
Қойған жазып қолымен,
Айналып сенің атыңнан.
Жазығынан Қытайдың
Кең теңізге құйылған,
Еркін аққан өзендер
Шалқып талай қиырдан...
Өсіресің ағаштай
Кең аянда адамды,
Отаным саған жанымыз
Қосылып мәңгі арналды [18, 79 б.]

Қандай жағдай болса да, жердің қай шетінде жүрсем де
«Отанымды жырлаймын» деген ұстаным Цзян Кэ - Цзянің
шығармасының өн бойынан аңғарылады. «Атамекен» концептісі
бұл шығармада «ая» ұғымымен астасып берілген. Сол ыстық
аясы үшін қанын төгетінін де жасырмаған.

Теңсіздік,
Азап,
Қорлық
Шырмауында,
Отаным қалжырады соры қалың...
Уа, Отан!
Ұлдарыңбыз, түлегіңбіз,
Аянда от лаулаған шырқаймыз ән.
Алысып отты басып жүреміз біз,
Сол *ыстық аяң* үшін төгеміз қан [18, 81 б.]7

Өзінің Отанға деген махаббатын болашаққа деген сенім,
жарқын серпіліспен байқатады.

Уа, *Отан!*

Мен жырлаймын сені сүйіп,

Арнаймын ұл-қызыңа мен жырымды

Жырлаймын келер күнге жанымды иіп,

Сол күннен көрем... еркін күн нұрыңды [18, 81 б.].

Отанымен ұзақ сырласады, ақыл сұрайды, бағыт көрсетуін өтінеді және Отанына қажет болса, аянып қалмайтынын білдіреді.

Білемін:

Мәнсіз қалам тасталады,

Айтшы, *Отан*,

Пайдасыз ба бұл қаламым, -

Әзірмін міндетіңе басқа тағы,

Онда мен мылтығыңды қолға аламын [18, 81 б.].

«Отанымда махаббат атаулы алау сезімнің бәрінің оты лауласын» деген тілек, перзенттік үні естіледі.

Жырлаймын Отаныма өрлеп, өсіп,

«Махаббат тұрса екен деп отын жағып» [18, 82 б.].

Хуанхэ өзені туралы жазған қытай әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Гуань Вей-Женьнің «Хуанхе өзені» деген шығармасында «атамекен» концептісі «елдің бесігі» ұғымымен берілген. Аудармашы Қ.Бекхожин бұл өлеңді қазақ тіліне аударғанда қазақ халқының менталитетін ескеріп, ұлттық нақышты да енгізе кеткен. Акынның бұл өлең жолдарында өзенге жан бітіріп адам кейпінде, әйел кейпінде өз құнарымен сай-саланы «емізу» идеясын береді. Тосын сурет, тың идея.

Уа, *Хуанхэ – бесігің*

Бүкіл Қытай еліміздің.

Он мың жылдай тасып күшің

Сай-саланы сен еміздің [18, 82 б.].

Үндістан әдебиетінің әлемге әйгілі көрнекті өкілі Рабиндранат Тагордың шығармаларын Ж.Әбдірашев аударған. «Тартулар» («Нойбеддо») атты кітабынан алынған мына

үзіндіде үндістандық емес, жалпы адамзаттық пәлсапа айқын көрінеді.

Қабақ шытпай тұрған кезде нұрлы Күн
Одан сайын ыстық тартып мекенің
Сезінесің махаббаттың не екенін [18, 11 б.]!

Мына бір келесі жолдарда Отанына сатқындық жасап, өгейлік танытқандарға «Қадіріңді түсінбегенге теріс батаңды арна», «өзіңнен аластат» деген ойды ұсынады.

Қадіріңді кімде-кім білмесе егер,
Білмесе егер,
көзіне ілмесе егер,
Ілмесе егер көзіне,
күндесе егер,
Күндесе егер,
безіне тілдесе егер,
Сүйе алар ма өзінді – *Отанды* ол?!
Қарға оны!

Һәм теріс батаңды бер[18, 117 б.]!

«Арнау» («Утшорго») атты кітабынан алынған мына үзіндіде ақынның Отанына деген ұлы сезімі жырланған. Көркем сезім, шынайы, табиғи, ессіз махаббат деп осыны айтсақ болады.

Ұлылығыңды ұғынып,
Уа, байтақ *Отан*,
аяғыңа бүгін жығылып,
Сыйлаймын саған –
өмірімнің барлық жиһазын,
Сыйлаймын саған –
көңілімнің зарлы күй-сазын;
Сыйлаймын саған –
аққорған бұзған күшімді,
Сыйлаймын саған –
Атқарған ізгі ісімді;
Сыйлаймын саған –

қанымның жігер аптығын,
Сыйлаймын саған –
жанымның түгел шаттығын [18, 120 б.]

Қытай, Түркия елінің ақындары туған жерді «туған үй», «туған ая», «туған дала», «туған ел», «ыстық ая», «ата-баба туған, өлген жер», «жер-ана», «бесік», «қыр», «өлке» деген ұғымдармен астастырып жырлаған. Жалпы ақындар Отанымен сыр шертісіп, ақыл сұрайды, оған өздерінің сезімдерін жеткізуге талпынады. Көп жағдайда туған жерін мылтық алып қан майданда қорғауға әзір екендіктерін баса көрсетеді, бұл әрине сол елдердің әлеуметтік-саяси жағдайының тұрақсыздығынан туған ұмтылыстар деген қорытынды жасаймыз.

Отанды, атамекенді әлемдік тілдік бейнеде қарастырсақ, орыс әдебиетінің шыңына көтерілген жырлары мол М.Ю.Лермонтовтың «Родина» тақырыбында жазған шығармасы ойға оралады.

Люблю отчизну я, но странною любовью!
Не победит ее расудок мой.
Ни слава, купленная кровью,
Ни полный гордого доверия покой,
Ни темной старины заветные преданья
Не шевелят во мне отрадного мечтанья [19, 193 б.].

«Туған жер» ұғымын әр ұлт ұлттық нақышта бейнелеп, ұлттық сарынмен жырлауға тырысқанымен, адамзатқа ортақ сағыныш, махаббат, мақтаныш деген сияқты сезімдер жалпы адами тұрғыдан көтеріледі. Мысалы, Н.А. Некрасовтың «Русь» деген шығармасында адамның анасы ретінде туған жеріне мадақ айтады.

Ты и убогая,
Ты и обильная,
Ты и могучая,
Ты и бессильная,
Матушка – Русь! [20, 301 б.]

«...Чувство родина – это очень сложное чувство, в него входят и чувство родной истории, и чувство будущего, и оценка настоящего...» [21, 14 б.] - деп В.Солоухин айтып өткендей, Отаныңа деген сезім өте жоғары, ессіз сезім. Бұл өлеңде ақынның жүрегі екіге жарылады, ол Отанын әрі сүйеді, әрі сынайды. Туған жерінде болып жатқан келенсіз жағдайларға іші аши отыра, кең байтақ жерді алып жатқан, жерінің асты да, үсті де бай Ресей жерінде тұрып жатқан қара халықтың мүшкіл халін көріп іші қан жылайды. Феодалдық құрылыс орнаған Ресей жерінің әлеуметтік-экономикалық тұрмысының және саяси жағдайының тығырыққа тірелгенін кереғар ой, қарама-қарсы лексемалар арқылы санамызға жеткізген.

А.А. Блоктың «Русь» деген шығармасының сюжеті – түнгі дала, оң мен түстің арасындағы автордың жеңіл ұйқылы күйінде дамиды. Ойша ол оқырманды сонау замандағы Русьтің «необычайна», «где ведуны с ворожеями», «и ведьмы тешатся с чертями» дегендей ерекше кездеріне апарғысы келеді. Барлық өлеңдеріне ескіліктің иісі сіңіп, ежелгінің жанымен жазылған. Тіпті өсіп тұрған қайынның өзі «преданья старины» ескіліктің әнін айтуда. Бірақ Русьтің ерекшелігімен қатар ақын «*страны родимой нищету*» деп кедейлігін жүрегі сыздай отырып айтады. Біз бұл өлеңде Русьті ертегі іспеттес, ғажайып, жазатайым, бірақ соған қарамастан ерекше ел ретінде танимыз.

Живую душу укачала,

Русь, на своих просторах ты,

И вот — она не запятнала

Первоначальной чистоты [22, 109 б.]

Ақынның «Россия» деген өлеңінде шындықты да жасырмай, сезімін де асырмай, қалыппен жеткізген. Өзінің туған жерінің әні де, сәні де алғашқы махаббат жасындай мөлдір екендігін айтады.

Россия, *нищая Россия*,

Мне избы серые твои,

Твои мне песни ветровые,-

Как слезы первые любви [22, 247 б.]!

Философ-феноменолог Макс Шеллер «Ценности историчны по форме и вечны по содержанию» - дегендей, «Отан» сезімінің адам өмірінде мәңгілік орын алуы, сақталып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу себебі – сол сезімнің мазмұнының әлдеқайда тереңде, тұңғыықта жатқандығынан. Бұл «атамекенге» деген жылулық сезімін әркім әрқалай білдіріп, әртүрлі теңеулермен жеткізгенімен, оларды бәріне ортақ сезім - Отанына деген махаббат ортақтастырады.

В.В.Маяковский «Россия» атты шығармасында «жаныңа тереңірек үніл, онда өзге Отан бар» деген ерекше ой қосады:

Я не твой, снеговая уродина.

Глубже

в перья, душа, уложись!

И иная окажется *Родина*,

вижу –

выжжена южная жизнь [22, 323 б.]

«Определение гласит: Родина есть объективное, которое мы склонны понимать как естественное, но которое познано, пережито и освоено в жизненном опыте как культурное» - деп Сергей Артановский өз мақаласында айтқандай «Атамекен», «Отан» сезімі атаның қанымен, ананың сүтімен бойға дарыған, табиғатымызға сіңген терең сезім [22, 10 б.] деген идеяны алға тартады.

Орыс ұлтының лирик ақыны Сергей Есениннің туған жеріне деген махаббатына назар салсақ, «Гой ты, Русь, моя родная» өлеңінде жұмақтың өзін кең-байтақ туған жеріне айырбастамайтындығын жеткізеді.

Гой ты, *Русь, моя родная*,

Хаты — в ризах образа...

Не видать конца и края —

Только синь сосет глаза.

Если крикнет рать святая:
«Кинь ты Русь, живи в раю!»,
Я скажу: «Не надо рая,
Дайте родину мою» [22, 501 б.]

«Русь» деген өлеңінде туған жеріне деген махаббатының берік екенін және сол махаббатты соңына дейін қорғайтынын көркем сөзбен бейнелеген.

Но люблю тебя, Родина кроткая!
А за что – разгадать не могу
Ой ты, Русь моя, милая Родина,
Сладкий отдых в шелку купырей [22, 507 б.].

Ой ты, Русь, моя родина кроткая,
Лишь к тебе я любовь берегу [22, 509 б.].

«Без чувства Родины – Родины не существует. Страна лишь тогда становится Родиной, когда ее население ощущает ее как таковую» [23, 11 б.] - деп Отанды сезіммен байланыстыра карауы заңды. Мысалы С.Есениннің өлеңінде «туған жер» ұғымы «мой край» тіркесімен берілген. «Край» қазақшалағанда «өлке», яғни, «менің өлкем» деп еркелете, құрметтей жырлаған:

Я снова здесь, в семье родной,
Мой край, задумчивый и нежный!
Кудрявый сумрак за горой
Рукою машет белоснежной [22, 513 б.]

Кеңестік кезеңде көзге түсіп, «Отан» тақырыбын құлашынан кең жырлаған ақындар қаншама. Солардың бірі Юлия Владимировна Друнина - ақын, прозаик. Ақын-қыз Отанын қорғау үшін 1943 жылы майдан шебіне барып, жаралыларды құтқарамын деп жүріп оқ астында қалып, снарядтың бөлшегі сол жағынан мойнына кіріп кеткен. Бірақ шыдамдылық пен өжеттілік танытқан қыз ешкімге білдірмей жұмысын атқара берген. Госпитальда бірақ есін жинаған ақын-қыз өзінің өлімге бір-ақ тұтам қалғанын білген. Соғыс

сойқанынан алған жарақаты мен өшпес тәжірибесі оның өнеріне негізгі арқау болды. «Веет чем-то родным и древним» атты өлеңінде туған жеріне деген мақтанышын жайып салады.

По тропинке шагая узкой,

Повторяю - который раз! –

"Хорошо, что с душою русской

И на *русской* земле родилась!" [24, 37 б.]

А.В. Кольцов, Н.А. Некрасов, Н.А. Клюев, С.А. Есенин, А.Т. Твардовский сияқты орыстың көрнекті ақындарының шығармашылық дәстүрін жалғастырған Виктор Фёдорович Боковтың шығармалары орыс фольклорына негізделген. «Туған жер» тақырыбындағы «Благодарность», яғни «Алғыс айту» өлеңінде өз туған жеріне деген ризашылығы жырланады. Бұл өлеңінде «анамның жүрегінің астында сен мені көтергенің үшін рахмет» деген терең философиялық ой тастайды.

За хлеб, за хмель, за соль, за солод

Из ярового ячменя,

За то, что я продлённо молод-

Спасибо, русская земля!

Благодарю тебя, Россия,

За широту твоих полей,

За то, что ты меня носила

Под сердцем матери моей [25, 293 б.]!

Кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — прозаик, режиссёр, сценарист, публицист және әртіс Евгений Евтушенко. Ақын шығармаларының ішіндегі ең елеулісі «Ресейдің әнұраны» туындысында «біз болмағанның өзінде, сен тірі бол» деген ойды айтып, рух беріп, туған жеріне мәңгілік өмір тілейді.

«Гимн России»

Будь, Россия, всегда Россией

И не плачь, припав к другим на грудь.

Будь свободной, гордой и красивой,

Если нас не будет, будь [26, 56 б.]!

Атақты авар ақыны, жазушы, публицист – Расул Ғамзатовтың шығармаларының өзекті тақырыбы *туған жер* болып табылады. «О Родине, только О Родине» деген өлеңінде «ак қайынның әні, құстардың сағынышы, бәрі-бәрі тек қана Отан жайлы» - деген ойды жеткізеді.

О чём эта песня плакучих берёз,

Мелодия, полная света и слёз?

О Родине, только о Родине.

О чём за холодным гранитом границ

Тоска улетающих на зиму птиц?

О Родине, только о Родине [27, 102 б.]

«Родина это нечто находящееся перед человеком, вне его и над ним. Поэтому ему представляется, что Родина есть нечто природное, первозданное естество» [23, 11 б.] – дегендей, Расул Ғамзатов өлеңдерінде Отаны мен перзентін бөліп жармайды, Отанды алғашқы, табиғи ұғым деп санайды. Адам басына іс түскенде алдымен туған жерінен пана табатындығын тілге тиек ете отырып, сондай Отанын қорғап, оған қамқор болу кез келген адамның парызы деп пайымдайды.

В минуты печали, в годину невзгод

Кто нас приголубит и кто нас спасёт?

Родина, только лишь Родина.

Кого в лютый холод нам надо согреть

И в трудные дни мы должны пожалеть?

Родину, милую Родину.

Когда мы уходим в межзвёздный полёт,

О чём наше сердце земное поёт?

О Родине, только о Родине [27, 102 б.].

Ақын М.И. Цветаеваның туған жер тақырыбына арнаған өлеңдері біршама. Мысалы, «Родина» деген туындысында

«қолымнан айырылсам да, ерніммен «туған жерім» деп мақтана отырып жазамын» деген ессіз табиғи сезімнің шыңына жеткен.

О неподатливый язык!

Чего бы попросту – мужик,

Пойми, певал и до меня:

- Россия, родина моя!

Но и с калужского холма

Мне открывалася она –

Даль – тридевятая земля!

Чужбина, родина моя!

Ты! Сей руки своей лишусь, -

Хоть двух! Губами подпишусь

На плахе: распрь моих земля –

Гордыня, родина моя [28, 294 б.]!

«Чувство Родины возникло на заре истории, но уже в доисторическое время имелся его психологический субстрат, такой, например, как архетип Родины-матери. Древнейшей частью этого субстрата явилась территориальность наших животных предков. Известно, что некоторые виды животных маркируют область своей жизнедеятельности и защищают ее от вторжения живых существ другого вида» [23, 14 б.] – деген болжамдардың астарында өте шынайы айтылған шындық жатыр.

Кеңес ақыны, прозаик Эдуард Аркадьевич (Арташезович) Асадовтың «Родине» деген арнау өлеңінде «атамекен», «туған жер» ұғымдарының жиі айтылып, жауыр болған сөздерге айналғанына қынжылады.

Как жаль мне, что гордые наши слова

«Держава», «Родина» и «Отчизна»

Порою затёрты, звенят едва

В простом словаре повседневной жизни [29, 34 б.].

«Россия начиналась не с меча!» деген туындысында өз елінің тарихына терең үңіліп, мақтанышпен жырлайды.

И если тьмы тевтонцев иль
Батые нашли конец на родине моей,
То нынешняя *гордая Россия*
Стократ ещё прекрасней и сильнее [29, 77 б.]!

Көптеген өлеңдер жинағының авторы, кеңес ақыны, прозаик Анатолий Владимирович Жигулин ұлы Отанын қамқоршы, қарапайым бейнеде таниды.

Родина!
Простая и великая.
В давнем детстве, от беды храня,
Древними архангельскими ликами
Строго ты смотрела на меня...

О, Родина! В неярком блеске
Я взором трепетным ловлю
Твои просеки, перелески —
Всё, что без памяти люблю [30, 45 б.].

«Туған жер» концептісі барлық ұлтқа ортақ қасиетті сезіммен астасқан ұғым. Себебі адам баласы үшін тұрақтап, өсіп-өнген, ұрпақ жайған, мекен етіп, бауыр басқан жерінен артық жер болмайды. Орыс халқының Отанын «Русь» «Держава», «Родина» и «Отчизна», «Край», «Родная земля», «Матушка» балама сөздермен бірге алып жырлайтындығы анықталды. Ресей ақындары Отанына деген шексіз сүйіспеншілігін сан түрлі эпитеттермен беруге шебер, яғни, оған «великая», «могучая», «просторная», «простая», «гордая», «милая», «кроткая», «родная», «прекрасная», «свободная», «красивая», «задумчивая», «нежная» деген айқындауыштар мен «убогая», «обильная», «могучая», «бессильная», «бедная», «нищая» деген аяныш сезімдерін білдіретін сөздерді жиі

тіркестіреді. Жалпы орыс халқы Отанды әйел-ана бейнесінде елестетсе, қазақ халқы ата бейнесінде ұғынады. Оған дәлел ретінде акын-жыраулардың көркем жырларын алып қарастырамыз.

3 ЖЫРАУЛЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

3.1 Жыраулар поэзиясында «атамекен» концептісінің ерекшелігі

Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар – халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткері болғандықтан, өз жандарынан шығарған жырлары тұтас халық тіршілігін бейнелейтін, халық образын суреттейтін жырлар болып табылады. Ал халықтың образын ашуда ең бірінші «атамекен» тақырыбы қолға алынады. Себебі, «атамекен» сөзінің өзінде «ата жолын қуып», «ата кәсіппен айналысып», «ата мұра етіп», «ата салтын ұстанып», «ата тегін» сақтап, «атам заманнан» «ата қоныс» қылған тұрақ, мекенжай мәселесі сиып тұр. Аталған тұрақты тіркестердің бастамасының өзі «ата» сөзінен бастау алғаны тегін емес.

Жыраулар поэтикасында «атамекен» ұғымын сипаттауға байланысты басты географиялық атауларға көбіне жер атаулары, мысалы, Түркістан, Нарын, Сарыарқа, Жетісу, өзен-көл атаулары – Еділ, Жайық, Есіл, Ертіс, Қобда, тау атаулары – Қаратау, Алатау, Көкшетау деген сияқты тұрақты түрде кездесетін атаулардың қатысатындығын байқаймыз. Акын-жыраулар осы жерлерді *дүниеге келген, кіндік қаны тамған туған жер, ата-бабасының бейіті жатқан киелі орын, сезіміне қанат бітірген сұлу табиғаты бар атамекені* ретінде қастерлейді. Туған жерді адамның маңдайына жазылған бақ, құт

есебінде санайды. Бұдан келіп «құтты қоныс» концептісі туындайды. Қоныс ұғымы қазақ халқы үшін қасиетті, оны дәлелдейтін көптеген бата-тілектер, ырым-жоралғылар бар. Мысалы, «қоныс құтты болсын», «қоныс жайлы болсын», «қоныс аудару» деген тіркестермен қоса, жаңа жерге келгенде оны отпен аластау ырымын жасайды. Мұның өзі қазақтардың қонысқа ерекше назар аударғандығының белгісі. Себебі қазақ ата кәсібі – мал шаруашылығымен айналысқандықтан малға жайлы, шөбі шүйгін жер іздеп, көшіп-қонып жүргендігі белгілі. Жайлау, күзеу, қыстау деген ұғымдардың осыдан пайда болғандығы да аян. Ата қоныстан көшіп кету тек еркінен тыс немесе тұрмыс-тіршілігімен байланысты жағдайда ғана туады. Яғни жау шапқанда, жұт болғанда басқа жаққа, жат жерге көшіп кетуге мәжбүр болады. Басқа жағдайда ата мекені - оның кіндігінен байланған киелі мекені.

«Қазақтың ата мекені оның өзіндік космосы (кеңістігі) болса, одан (ата мекеннен, ата қоныстан) тыс жер жат, бөтен космос, әлем, кеңістік болып есептеледі. Сонда ата мекеннен басқа жер, басқа көл, басқа бел ол үшін жат, онікі емес. Құтты қоныстың сипаты: «сағымданған белестері», «көкорай, көк құрақты көлдері», «бауыры бұйра толқын дөңестері», «баянды, құтты қоныс мекен», «төрт түлік малға жайлы», «жағасы жеміс малынған», «мал көбейіп, бас өскен», «бетегесі белден шыққан» «қасиетті кең дала», «қасиет дарып, бақ қонған» бейнелі схемалары арқылы көрініс тапқан [14, 27 б.].

Әні мен сөзінің үйлесімі қас шеберліктің үлгісі болып табылатын шығармалар – авторлары белгісіз болғандықтан «халық әндері» деп аталған. Заманалар сүзгісінен іріктеле келіп, ғасырлар бойы толқын-толқын ұрпақтың сыры мен мұнын, арманы мен тілегін сыртқа шығарар жан серігіне айналған әндердің сөзі бірегей поэзиялық туындылар болып табылады. Халқымыздың санасына сіңіп, омыраудан шыққалы бері жатталған «Елім-ай» әнінің сөздеріне назар аударсақ:

Қош аман бол кең жайлау *өскен жерім*,
Қайтқан қаздай қалың ел *көшкен жерім*.
Есіл қазақ есейіп ел бола алмай,

Ит пен құсқа таланып *өшкен жерім* – деп халықтың мұң-зарының басты себепшісі болған туған жері екендігін көрсетеді.

«Туған жер» концептісі жыраулар поэзиясындағы әлемдік тілдік бейнеде *«бетегелі бел»*, *«ата қоныс»*, *«жайлы қоныс»*, *«ата жұрт»*, *«жер»*, *«мекен»* ұғымдарының қолданылуымен терең ашылған.

Жыраулардың көшін бастап тұрған, Ш. Уәлиханов кезінде «көшпенді қазақ, қоғам ұлысының философы» деп атап кеткен Хасан Сәбитұлы, яғни Асан Қайғының өмірі мен толғаулары – Отанға, халыққа қызмет етудің озық үлгісі болып табылады. Отан ұғымының астарында жатқан ел, халық. «Туған жер» концептісін беруде елдің конатын белі, құстардың тіршілік етер көлі сипатталады:

Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдың-шалқар көл ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп [31, 25 б.]

Асан Қайғы Ресей империясының қазақ даласына баса-көктеп кіру мүмкіндігі барған сайын айқындала түскен кезде, Ертіс өзені аңғарына қатысты өзінің бір арнау сөзінде ол Ертіс өңіріндегі көшпелі аймақта отаршылар форпостарының пайда болуы өзін алаңдатып отырғандығын бүкпестен ашық айтады. Ол дала төсінің тереңіне бойлап, сонда бекінуге кеңес береді. Асан Қайғының Жәнібек ханға бірінші арнауының негізгі мәні «Осылай етсек сенімді қадам!» дегенді ұқтырады.

Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге.
Тіл алсаң іздеп *қоныс* көр –
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір [31, 118 б.]

«Асанның жерімен қоштасуы» өлеңінде «атамекен»
концептісі «жер» ұғымымен астасып келген:

Саятшы Сәбит атанып,
Әкем сайран кешкен жер.
Артында жетім мен қалып
Кіндігімді кескен жер [32, 73 б.].

Мұнда «*сайран кешу*», «*кіндік кесу*» сияқты
фразеологиялық тіркестермен көмкеріліп «жер» сөзінің
қарапайым мекен емес, ата-бабасының сайран кешіп, өмірі
өткен, қанмен сіңіскен жері екендігі ашылып тұр.

Асан Қайғының танымындағы дүние көрінісі, әлемдік
бейнесі де ең алдымен жақсы мекеннің болуымен, халыққа
жайлы тұрақ іздеумен бейнеленген. Асан болмысының мәні
немесе халықтың мүддесі мен армандаған тілектерімен, оның
өмірінің келешегімен ұштасып, қабысып жатады. Қазақ
даласының табиғатына, жер-суына, тау-өзеніне, т.б. өңірлеріне
Асан Қайғы берген анықтамалар күні бүгінге шейін халық
арасынан кең тараған. Бұл анықтамалар көшпелі қоғамның
басты ұғымдары: *қолайлы, қолайсыз, жайлы, жайсыз, жер үсті,*
жер асты, шөл-шөлейт, құмды мекен, сазды жер, тоғайлы
мекен, аң-құсқа бай жер екен, мал тозбайтын, ел ырысты
болатын жер екен дегендері секілді. Асан Қайғы сол заманның
танымдық мәні бар ұғымдарды, түсініктерді кеңінен қолданған.
Болжамдық мәні бар халық тілегіне, мұратына сай келетін
ықшам толғаулар Асан Қайғы танымында табиғатпен, дүниемен,
коршаған ортамен біте қайнасқан тіршілік заңдылығын ашуға
арналған [32, 157 б.].

Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеуінің астарында қолайлы жердің, «Жер жұмағының» ұғымы басым келген. Бірақ «Жер жұмағын» өз атамекенінен іздеуі және әр өткен жеріне сипаттама беріп, сын айтуында үлкен философиялық ой жатыр.

Шымкент, Сайрамға кегенде былай депті:

Ел айтпас жақын болса базарлы жер
Көбейтпес ел өсімін мазарлы жер [32, 165 б.]

Сыр бойын көріп айтыпты:

Боларлық екі ауылға қонысы бар,
Жер еді бұрында өзі, жүрген байқап
Керек екен деп тұрды басын шайқап [32, 166 б.]

Ерейменге келгенде:

Боларлық малға жайлы қоныс па деп,
Көрейін деп алыстан серейгенге [32, 168 б.]

Өлеңті өзеніне келгенде:

Қопалы өзен екен қоныс болар,
Жер емес тайыншасы қысыр қалар [32, 168 б.]

Баян тауына келгенде:

Ат ерін алмайтұғын бір жер екен,
Отырар мұны қалай қоныс қып [32, 169 б.]

Бұл қоныстарға Асан Қайғының көңілі толмайды, ешбір елдің тыныштығын сақтап, азып-тозбауына жарамайды. Бұл қоныстардың барлығының көзге алдамшы көрінетін уақытша құбылмалылығы, жай көзге жайлы көрінетін тыныштығы оны қанағаттандырмайды. Қоныс іздеу – Асан Қайғы өмірінің ең басты мақсаты. Оны іздеу барысында жер-суларға қойған танымдық мәні зор қағидалар, болжамдар сол дәуірді мекен еткен ел үшін өте маңызды болатын.

Платонның «атлантидасы» әлемнің барша халықтарына мәлім мифтік сипат алып келсе, Асан Қайғының «Жерұйығы» көбіне ауызша поэтикалық жолмен анықталып, дәлелденіп келді. «Жерұйық» концептісі – мифтік атау болып табылады. Жайлы қоныс, бейбіт мекен деген мағынада жұмсалады да,

тарап кетпеу, бір жерге жиналу, ұю мағыналарын береді. Яғни бұдан шығатын қорытынды, Асан қайғы халқының береке-бірлікте, жайлы қоныста өмір сүруін көкседі дегеніміз дұрыс.

Асан Қайғы «*Жерұйық*» мекенінің құрылымы туралы ештеңе айтпайды. Ол мекенге жету үшін желмаяға мініп ұзақ жылдар жер көріп, азап шегеді, алайда, қанша қиыншылық көргенімен, ол өзінің іс-әрекетінен азап шекпейді, қайта ләззат алады.

Қазтуған жырларында «атамекен» концептісі «*жұрт*» ұғымының аясында қолданылған.

Алаң да алаң, алаң *жұрт*,

Ақала ордам қонған *жұрт*...

...Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,

Кіндігімді кескен жұрт,

Кір-қонымды жуған жұрт [33, 19 б.]...

Қазтуған жыраудың жырларында да «жер жаннатының» көрінісі суреттелген. Өзінің тұрғылықты жері екенін «менің ордам» тіркесімен беруі ұтымды шыққан –

Салп-салпыншақ анау үш өзен

Салуалы *менің ордам* қонған жер,

Жабағалы жас тайлак

Жардай атан болған *жер*,

Жатып қалып бір тоқты,

Жайылып мың қой болған *жер* [29, 19 б.]

«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» атты шығармада –

«Бұл *қоныстан* кетпесең,

Мұны талақ етпесең,

Ата нәлет кәпірдің

Пайдасына қалмаса игі еді» - деген жолдар берілген.

Бұл жолдарда «талақ етпеу» - «безіп кетпеу» деген мағынаның турасында шоғырланып, «қонысыңнан, өз мекеніңнен безіп кетпесең, жер дінсіздердің пайдасына жарап қалмаса» деген

туған жерге деген шынайы жанашырлық әрі қаупі баяндалады [34, 21 б.].

Доспамбет жырау шығармаларынан аңғарылатын басты мәселе «туған жер» концептісін жердің атауымен, яғни «Сарыарқа» деп белгілеп, оған деген ішкі сезім-сырының, өлімге берілсе де, Отанға деген махаббатының басым екендігі жырланған.

Қоғалы көлдер, ком сулар
Қоныстар қонған өкінбес...
Бетегелі *Сарыарқаның* бойында
Соғысып өлген өкінбес [31, 31 б.]!

Жиембет жыраудың поэзиясындағы «атамекен» концептісін «кең жерім», «биік дендерім» тіркестерінен, жер атауларының қолданылуынан көре аламыз.

Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ *кең жерім!*
Қайрылып, қадам басарға
Күн болар ма мен сорға,
Өзен, Арал жерлерім?!.
Қиядан қолды көрсеткен
Төбеңе шығар күн бар ма,
Жотасы *биік дендерім* [31, 54 б.]?!

Қожаберген жырау шығармаларында көрінетін сөз мағыналары, оның сөздік қоры, сөздік құрамы яғни концептуалдық әлемін танытатын концептілер жетерлік. Солардың бірі – *атамекен, туған жер, құтты қоныс* концептілері жырау туындыларында көрініс табуы табиғи. «Туған жер» атты концептілік өрісте танылатын «аялық білім» жалпы логикалық – танымдық тәжірибеден жинақталған ақпараттар жүйесі арқылы қалыптасады.

Қожаберген жырау поэтикасында «туған жер» ұғымын сипаттауға қатысатын басты географиялық атаулар: жер атаулары – Сарыарқа, Алтай, Сібір, Тарбағатай, Сыр елі, Парсы

елі. Шымкент-Созақ, Үзкент, Сайрам, Маңғыстау, Ташкент, Теміртау, Самарқанд, Бұхара, Шымкент, Созақ, Түркістан; өзен-көл атаулары: Есіл, Еділ, Ертіс, Тобыл, Үшбұлақ, Том, Омбы, Аягөз, Алқакөл, Талас, Жайық, Әмудария, Шу, Ащыкөл, Телікөл, Жем, т.б. Төбе, тау атаулары: Орал, Шыңғыстау, Алатау, Қаратау, Ереймен, Баянтау т.б. Жер атаулары «Елім-ай» жырында сонау Ақ Орданың құрылуынан бастау алып, Жәнібек пен Керейдің өз алдына ел болам деп, хандық еткен заманын, Қазақ дейтін үш жүзге Жоңғар халқының шабуыл жасап, елді аңыратып, жерін шауып, қазағымыздың 92 құтын қашырған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталып кеткен сұм соғысқа куә ететін тарихи жер-су, тау аттары ретінде суреттеледі. Елім-ай – халықтың сонау 1721 жылғы тарихын көз алдымызға елестетін туынды болғандықтан, жырда көбінесе географиялық атаулар сол оқиға болып өткен жерге байланысты, бірде жауын жайрата жеңіп, бірде біреудің қолында кетіп бара жатқан ата қонысымыздың сол кездегі халін көрсетеді.

Шыңғыс пен Аягөзді қалмақ алып,
Бөгеңдей қолбасшыны қалжыратты

немесе,

Ұзамай Іле бойын жоңғар алды,
...Аймағын Жетісудың түгел жаулап,
Дұшпандар зар жылатты қаңлыларды [35, 54 б.].

Қалмақтардың қазақтың небір жерлерін басып алғаны және сол ұрыс өткен жер атаулары көрсетіледі:

...Ертіске Омбы өзені құяр жерді,
Айнала тоғаймен қалмақ алған.
Шегіндік мылтық бізде аз болған соң,
Сибанкөл, Тарышыкөлі жауда қалды
Тоқтаттық Есілкөлде қалың жауды,
Ор қазып, Есілкөлде жолын бөгеп,
Соғысып қолма-қолды қалмақты ұттық,- дейді.

Бес руы Керейдің,
Соғыста құрып жоңалды.
Есіл, Тобыл, Көкшеде,
Мал мен мүлкі тоналды [35, 153б.].

Дегенмен, екі ел арасындағы ұрыстың соңы қазақтардың азаттығымен аяқталғанын білеміз.

Жырау өзінің билік еткен, аталары туған, өмірінің небір қызықты сәттерін өткізген орта ретінде:

Есілдің ну тоғайын мекен еткен,
Жер жыртып, алабына егін еккен.
Толыбай Сыншыұлы деп ел атаған,
Қарабас сол араны мекен еткен.
Алтай тау Оғыз атам туған жері,
Соғысып қытайларды қуған жері.
Алатау, Алтай мен Сыр мекен болып,
Оғыздың қобыз тартқан көсемдер.
Кешегі сауық етіп жүрген жерлер –
Серілікпен жаста шарладым,
Қазан мен Кемер арасын,
Ордабасы боп жүріп,
Көп ел мен жерді таныдым
...Теріскей Сарыарқаны қыстайтұғын,

Егіз ел Крей-Уақ көсемі едім, - деп Есіл өзені мен өр Сарыарқаның бойын сипаттайды [35, 28 б.].

Көбінесе, көл, өзен, сай атаулары тұлғаның (жыраудың) «сезіміне қанат бітірген табиғат сұлулығы, көркем үйлесім табады»:

Есіл, Ертіс, Тобылдың тоғайларын,
Ежелден елі-жұртым қыстап келген.
Аң аулап, қансонарда бүркіт салып,
Жыл сайын кәсіп қылған нелер мерген.
Тоғайын Омбы өзені жұртым қыстап,
Баптаған алғыр тазы, қыран ұстап.

Ертеден Керей қоныс еткен Сібір,
Қорғаған жаудан ерлер қару ұстап.
Түркістан, Сайрам, Тараз, Ташкент маңын,
Мекендеп орта жүздің халқы қалың.
...Өсірген қой мен түйе, жылқы малын [35, 140б.].

Атамекен концептісі осы ұғымды танытудағы негізгі ұғым болса, оны толықтырып, мазмұнын байытатын қосымша концептілер де бар. Солардың бірі: *құтты қоныс, құтсыз қоныс концептісі*.

«Құтты қоныс» концептісі. Қоныс ұғымының қазақтар үшін қаншалықты қасиетті ұғым екендігі «қоныс жайлы болсын», «қоныс құтты болсын» тәрізді тілек түріндегі тіркестердің, «қоныс аудару», «қонысынан айрылу» сияқты қолданыстардың мифтік астарынан аңғаруға болады. Жаңа қонысқа көшіп келгенде, алдымен, ол жерді отпен аластайды. Сол арқылы қонысты осы уақытқа дейін (жана иелері келгенше) иеленіп қалған тылсым күш иелерінен (жын, шайтан, пері, яғни өзге космос өкілдері) тазартады. Қоныстың өзі *қоныс* және *атақоныс* деп жіктеледі. *Қоныстан көшу, жұрт ауыстыру* (жайлаудан күзеу, қыстауларға көшу, малға жайлы жайылымдық жер іздеуге байланысты) көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігіне байланысты кездесе беруі мүмкін, ал *атақонысты тастап көшу, жер аудару* – тек амалсыз, еріксіз жағдайда ғана болатын, кейінгі өкініш, қайғы-қасіретке, мұң мен сағынышқа себеп болатын жағдай. Төмендегі өлең жолдардан Қожабергеннің «Елім-ай» дастанында көрініс тапқан атақонысқа байланысты фреймдер арқылы көрінеді.

Қайран Керей елім-ай,
Көк шалғын Сібір жерім-ай.
Кір жуып, кіндік кескен жер,

Кетем бе, сені көре алмай,- дегенде туған жерін, Керей елін, ата-бабаларымыз мекен еткен қонысын көре алмай арманда

кетем бе деп өкінеді жырау. Атамекенін тастап көшу – Қожаберген жырында:

Бұл қырғын жаппай барша қазаққа ауды,

Наймандар тастап көшті Алтай тауды, - деген жолдардан қазақ халқының басына түскен ауыр жағдайды көреміз. Яғни, ата қоныстан көшу мынадай жағдайда болуы мүмкін: өзіңнен күші басым жау келіп, амалсыздан көш ауыстыру: Құты қонып, берекесі жарасқан қазақтың әр шанырағы себепсіз шайқалмаған. Алтайын тастап, басқа жаққа көш аударуы сұм соғыстың салдарынан екені анық дүние.

Тағы бір мысал:

Амалсыз тастап *Сыр бойын*,

Орал тауға бармақ боп.

Шоғырланды төбеге,

Көшпек болған жиын-топ.

Кетерінде қиналды ел,

Қоныстарын қия алмай.

Бәрі де жұрттың жылады,

Көз жастарын тыя алмай, - дейді [35, 139 б.].

Қоныстың құтсыз болуы мал баққан көшпелілер психологиясында жұт, соғыс ұғымымен байланыстырылады. Жау төніп, жер-суынан айырылған қазақ бейнесі:

Бұхарға барған ерлер қайта оралды,

Қырғызып қуаң шөлде біраз малды.

Індеттен жиі ауырып құнан, тайлақ,

Байырлап ол жақта жұрт тұра алмады

Ташкентке жетіп жаулар лаң салады,

Бәрін де жолдағы елдің қырып салды.

Тігілген ақ ордалар *қайран қоныс*,

Қаңырап тіршіліксіз бос қалады. - деп суреттейді [31, 162 б.].

«Жұт жеті ағайынды» деп есептеген қазақ малдың, адамның арасында жұқпалы індеттің көбеюін, жерге шөп

шықпай, мал мен адамдардың аштықтан қырылуын кей кездері қоныстың құтсыздығы деген түсінікпен жұрт ауыстырған. Яғни *ата қоныстан кету* – жаманшылық, жаман ырым болып саналады. Сол сұм соғыстың салдарынан:

Алтайда салып ойранды,
Ойраттар шапты Найманды.
Дәу мылтықтан шар түсіп,

Бақыты елдің тайған-ды, - дейді. Шынымен де, қазағыма қырғидай тиген бұл апат басынан бағын тайдырып, берекесіздік орнатты. Шабуылдан аштық пен жұтқа іліккен қазақтар от пен судың ортасында қалғандай болды. Күннің суық ызғары мен ауыр күндерінен, жан алар әзірейілдей болып келген жұттан халқымыз ен байлығынан айырылып, қоныс тепкен шұрайлы жерлерін тастап, зарланған жетім, бала-шағадан айырылған байғұс аналар көбейді. Жырау:

Сұм соғыс, аштық пен жұт нені қойсын,
Айырылды ел ен байлық пен жиған малдан,-дейді.
Атамекен – әркімнің құтты орны, киелі мекені.

Ежелден «*Сұлу тобе*» Алшын жері,
Көп еді Сыр бойында Алшын елі.
Еділ мен Сыр арасын мекен етіп,
Әуелден көшіп-қонып жүруші еді [31, 69 б.].

Қазаққа әу бастан қорған болған, керегінде пана болған Қаратау, Еділ-Жайық, Сыр бойы қашан да қасиетті.

Қаратау, Сыр, Сарыарқа, Еділ-Жайық,
Тұрақты Қазақ жұрты қонысы деп.
Санандар түп қазыққа соны лайық,
Әуелден мал кіндігі өрісі деп [35, 79 б.].

Жағасы жанға жайлы, жайлауы малға жайлы, өрісі кең ұлы қазақ даласы қашан да, кімге де болса құтты болмақ. Ежелден қоныс етіп, егін салып, жылқы, қой, түйе, қара малдарына қоныс болған *Түркістан, Сайрам, Тараз, Ташкент* маңдары да Орта

жүз халқы үшін аса қадірлі. Ташкент пен *Түмен шаһарлары* да қыс қыстап, жаз жайылымға еркін болған.

Құтты қоныстың сипаты жырау поэзиясында: *«сылдырап суы сылаң қаққан»*, *«көкорай, көк құрақты көлдері»*, *«аң аулап, саят құрған белестері»*, *«баянды, құтты қоныс мекен»*, *«төрт түлік малға жайлы»*, *«жаз болса, бие менен інген байлап»*, *«көк шалғын»*, *«мал көбейіп, бас өсіп»*, *«бетегелі бел»*, *«үйрек ұшып, қаз қонған, айдын шалқар көл»*, *«жағасында түйе қаптаған, суы тұзды көлдер»*, *«қасиетті кең дала»* бейнелі схемалары арқылы көрініс тапқан.

Қазақ жырауларында «үй» концептісі жоқ, оның орнына *атамекен*, *ата қоныс*, *құтты қоныс* концептілері қолданылады, кейінгі заманның ақындарында ғана «от басы, туған ошақ» ұғымдары пайда бола бастағанын байқаймыз. Тіпті Қожаберген жырау тілінде үй сөзі де сирек айтылады, ол да кейінгі жыраулар қолданысына тән. «Үй» – *шаңырақ*, үлкен біреудің *ордасы*, құт-береке дарыған оты өшшеген *ошағы* болып саналады. Қазақ қашанда кең пейілді, дастарханы жаюлы, дархан халық есебінде танылады.

Қожаберген жырларының құдіреті, көркемдік қуаты, тілінің өзінше ерекше, бай болуымен бірге, сол кездегі, яғни өзі ғұмыр кешкен бір ғасырға жуық аралағында болған заман бейнесін бүкіл бар болмысымен бізге жеткізіп, тарихты ұмыттыруға жол бермеген тарихилығында деп түйіндейміз.

Бұқар жыраумен замандас, Бөгенбай батырға серік әрі оның жыршысы болған Үмбетей жыраудың «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» сияқты отты жырларында «атамекен» концептісінің тілдік бейнесі *«туған жер»*, *«жерім»* ұғымдарымен сипатталады.

Сарыарқаны жерім деп,

Қалың қазақ елім деп,

Келмеп пе едің жаяулай [31, 76 б.].

Бұқардың балалық шағын жақсы білген Үмбетей жырау өзінің бір толғауында «туған жер» сөзін тура мағынада мекеннің атауын көрсете айтып өткен –

Туған жерің Жиделі Байсын екен,

Елібай деп атаған Бұқар маңы [31, 18 б.].

Елің бүліншілікке ұрынбасын десең осы бастан қалмаққа қарсы қам жаса, іргенді бекіт, әйтпесе ертеңгі күн ақтабанның тағы бір түрін көресің, ұлың – құл, қызың – күн болады деп үлкен жиындағы елді күрсінткен, XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бұқар жырау шығармаларындағы «атамекен» концептісі «қоныс», «ая», «жұрт» ұғымдарымен берілген.

Былай барсаң, қалмақ бар,

Күшінді еппен алмақ бар,

Былай барсаң орыс бар,

Балаңды берсең, *қоныс* бар – деп [36, 130 б.], Бұқар жырау жанындағы Абылайға, Әбілмәмбетке естірте, «қоныс» пен «баланың» салмағын сала айтқан. Халқын бір орталыққа бағынған іргелі ел болуын көксеген жыраудың толғаулары бейнелі суреттеулерге бай, ұлттық бояулары қанық кемел туындылар.

Кең Абылай, *кең аям*,

Шұбар ағаш құба жон

Мекен еткен шөлде аям.

Телі менен тентегің

Ііліп алдыңа келді, аям [36, 276 б.].

Бағаналы орда, басты орда,

Байсал орда қонған жұрт...

Көлеңкелі *Көкше тау*,

Көпке *қоныс* болған жұрт [36, 332 б.].

Қазақтың наркескен ақыны, батыр Махамбет Отемісұлының шығармаларында ұлт-азаттық идеялар көтеріліп,

халықтың басына түскен ауыртпалық сипатталады. Ақынның жырларындағы «атамекен» концептісі «мекен», «жай-қоныс» ұғымдарымен берілген. Халық арасында айтылатын «Ел қонбаса – жер азады, Жер болмаса – ел азады» деген макалды өз жырында қиыстырып қолдан

Еділ мен Жайық жер еді-ау,
Мекен еткен шаруаға,
Жағасы қорған жай еді-ау.
Жай-қоныстан айырылып,
Біз бір қаңғып жүрген қарашы [33, 188 б.].

Ел ішінде білімдар, көреген, шындықты тіліп түсетін турашыл ақын атанған Дулат Бабатайұлының жан жүрек туындыларындағы «атамекен» концептісінің тілдік бейнесі «ата қоныс», «туған жер» ұғымдарымен ұтымды беріледі.

Өзі тоғыз ай көтеріп туған баласының артынан көз жасын көлдеткен ана образында суреттеген жер бейнесін былайша баяндаған:

Ел үшін кешіп жанынан,
Ереуілге шыққан ер,
Өлексесін құшақтап,
Қала берді туған жер [37, 46 б.].

Отарлық озбырлықтың күшейіп, халықтың жайлы қонысынан ығыстырылып жатқанын күйінішпен, іші шерге тола жырлайды. Жыраудың арман-тілегі – халықтың ұлттық рухын көтеру, дәстүрін, ерлік, елдігін сақтап қалу. Дулат Бабатайұлы ел шежіресін зерделеп, асыл сөздеріне үңіледі.

«Әуелі қазақ деген жұрт» өлеңінде казактың шыққан жерін зерттегені жайлы баяндайды.

Көнелерден сұрасам,
Сөзін жинап құрасам,
Сауысқандық Түркістан –
Сенің туған жерің сол екен [37, 51 б.].

Атамекен – адамның ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып, өсіп - өніп келе жатқан жері болғандықтан, адам туған жерін дүниедегі ең қымбатты, ең қасиетті, ең аяулысы – анасына балайды. Туған жерге қатынас – адамның адамшылығының, ізгілігінің, парасатының көрінісі.

Батырлар жырындағы:

Атам күйеу болған жер,

Анам келін болған жер,

Кіндік қаным тамған жер, – деген қарапайым жолдарда адамның туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілігі мен терең де ыстық сезімі тамаша бейнеленген. Бұдан, туған жердің адамға өмір сүру қуанышын, еркіндік пен ел үшін мақтаныш сезімін сыйлайтынын көреміз. Адам толық бақытты болу үшін – аяулы Отаны болу керек, сүйіспеншілік жайындағы барлық түсініктеріміз *атамекен* деген бір ғана сөзге біріккен дейді даналар.

Ұлы дала, ұлан байтақ Отанымызды анталаған жауларынан аман алып қалған да сол перзенттерінің қанына ата құлқы, ана сүтімен тараған, ана тілімен дарыған, дәм-тұзымен бекіген сүйіспеншілік.

XIX ғасырдың ұлы ақындарының бірі – Дулат жыраудың да туған жер туралы тебіреністерінен перзенттерінің туған жермен жан дүние жақындығының қаншалықты терең тамырлы әрі мәңгілік екеніне көз жеткіземіз.

XIX ғасырдың орта тұсына қарай патша отаршылдары елді ата қонысынан шетке сырған кезде шығарған өлеңдерінде туған жердің ендігі тағдыры үшін қан жылаған ақын жүрегінің күйініші үлкен суреткерлік қуатпен бейнеленген. Дулат өзінің "Аягөз", "О. Сарыарқа, Сарыарқа!", "Ақжайлау мен Сандықтас" деген тамаша жырларында өзі туған өңірдің көркем келбетін кестелі тілмен суреттей отырып: "Құт-берекелі көркем қоныс енді кімдікі?" – деген сұрақ қояды. Сол арқылы жұрттың туған жерді сүю, қорғау түйсігін оятып, оның қазіргі мына күйіне

күйіндіріп, ашындырмақ болады. Туған жерді мадақтай отырып, оқырмандарды (тыңдаушыларды) егілту сарыны Дулат поэзиясына ода түрін әкелді. Ол "О, Сарыарқа, Сарыарқа!" атты өлеңінде қасиетті қара қоныс Сарыарқаның артықша сипаттарын мұнды әуенмен төгілте жыр етеді.

О, Сарыарқа, Сарыарқа!

Самалың салқын жон едің...

Масаты кілем жайғандай

Қоныстың шұрай жері едің!..

Саған келіп ішіп ек,

Тұнықтың мөлдір шынысын [37, 202 б.].

«Ақжайлау мен Сандықтас» атты өлеңінде де туып-өскен өңірін «атамның қонған қонысы» деп тебірене, оның келісті көріністерін перзенттік, тіпті сәбилік сүйіспеншілікпен елжірей суреттейді. Жерге қатысты ешкім айтпаған «қызғаныш» сөзін қолданып, ата қонысын:

Атам қонған кең далам,

Мендей сені қызғанар

Бауырында өскен қай балаң?

Көл қорыған қызғыштай

Сен десе, салам байбалам – деп, жас баладай жабыса сүйеді [37, 198.].

Жазда жайлайтын, биік таудағы не шүйгін шөпті жазықтағы май жайылымын, еліне жайлы жазғы тұрағын «атамның қонған жайлауы» деп суреттейді.

О, Сандық тас, Сандық тас,

Атамның қонған жайлауы [37, 198 б.].

Ақын – қазақ даласының кіріптарлық күйге түскенін, халықтың шұрайлы, сулы қоныстарынан ығыстырылып, өз жері, өз елінде өгей жетімнің күйіне түскенін көріп күйзеледі. Елін, жерін жанындай жақсы көріп, оның тағдырын ойлап, күңіренеді.

Оның туған жер туралы толғауларының тарихи мәні де, тәрбиелік құндылығы да сонда.

Өз туған жеріңнен, атамекеніңнен кеткеннен кейін беймаза күйді кешу жайлы, «туған жердің қадірін шетте жүрсен білерсің» дегендей, бөтен жерде қызықсыз өмірді сүру сезімі жайлы былайша бейнелеген:

Бұл жеріңнен кеткен соң,
Әсемің кетіп бойыңнан,
Мұнда көрген қызығың
Сонда кетпес ойыңнан.

«Осындай заман кез болды»

Балаусалы, балғынды

Баяғыдай салаң жоқ,

Кең қоныс, еркін өрісті

Баяғыдай далаң жоқ [37, 71 б.].

«Қазақтан шыққан кәпірді» өлеңі терең философияға негізделеді. Мұнда тіршілік иелерінің қайсысы болса да «жер» атты киеліңнен асып кете алмайсың деген ойды білдіреді.

Мекен ғып құздың киясын,

Бұлтқа салған ұясын.

Айнадай көрген *аймағын*,

Түйінін шешкен айланың,

Жерге қонбай ұша алмас

Көк еркесі қыран да [37, 303 б.].

Сол киелінің қазақы ұғымда қалыптасқан түрлерін де ашып жазады. Мысалы, «*мүйіс жер*» - құрлықтың теңізге, көлге сұғына еніп жатқан бөлігі, «*ортаң жер*» - тұзы молдау жер.

Сусағанды сулатып,

Шаршағанды қунатып,

Кезегенді тура атып,

Жырыммен елді жетелеп.

*Мүйіс жерден төтелеп,
Ағылайын ақпадай!
Сортаң жерге как тұрып,
Суы ішуге келмейтін,
Сараң байға бак тұрып
Қолынан қайыр бермейтін,
Қортиғандар бек болды
Елді теріс сермейтін [37, 206 б.]...*

"Еспенбет" поэмасындағы жұпыны болып өмір сүрсем де, өз атамекенімде өмір сүремін деген Еспенбеттің туған жерге ерекше асқақ сезімі айшықталады:

*Бәрін айт та, бірін айт,
Туған елге кетсем деп;
Өнерім болса, еліме
Адал қызмет етсем деп;
Болмаса өнер бойымда,
Қораш құл боп өтсем деп [37, 77 б.]*

Поэmanın идеясы «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мақалдың беретін мағынасын айқын танытады. Оқиганың желісі жинақы, мазмұны тартымды.

Туған ел, өскен жерден алыста жүрген кездегі асқақ арманы мен тәтті қиялын ақын мейлінше дәл жеткізеді.

*"Ер – туыс, ит – тамаққа"
Деген жоқ па бұрынғы?
Туған ел, туған жерім бар,
Туған елді көкседім,*

Жат елде арман өскенім... – дейді Еспенбет. Осындай ерді өсіретін жалпы қауым, ел жұрты екендігін айтып, ақын жастарға "әрқашанда еліңмен, жұртынмен бол" – дейді.

*Лайық па, жан ата,
Іргелі елім тұрғанда,*

Жат елде өмір кешкенім? – деген ой қазақтың «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген мақалымен астасып кеткені анық.

Атасына қош айтып,

Еспембеттің кеткені.

Туған ел, туған жеріне

Өксіп келіп жеткені [37, 82 б.].

Жырау Еспенбетті поэмада парасатты, қанағатшыл батыр ретінде суреттеліп, елі мен жері үшін талай мәрттік жасаған тұлға ретінде суреттейді.

3.2 XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті өкілдерінің поэзиясындағы «туған жер» концептісінің тілдік табиғаты

Шернияз Жарылғасұлы шығармаларында «атамекен» концептісінің төңірегіндегі мағынаны ашатын негізгі ұғым «қоныс» болып отыр. Бұған дейінгі жырларда кездестірмеген жаңа тіркесті байқаймыз. Ақын жырда «ен қоныс» деп тұрағының кеңдігін ерекше айқындап көрсетеді.

Баймағанбет сұлтанның алдына келген жолы онымен сыртта кездесіп Шернияздың айтқаны:

Аржақта дүмбірлеген Арғынқазы

Жайлаған Арғын, Найман, Өтенсазы

Ен қоныс, тоқты коздап, тай құлындап,

Бірі мың боп, ел лықып қысы-жазы [33, 228 б.].

Мәделі Жүсіпқожаұлы өлеңінде:

Аман бол, Қосжарсуат *туған жерім*,

Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім [33, 266 б.].

Жыраулар мұрасымен сусындап өскен ақын поэзиясында мұндай үлгінің берілуі кездейсоқтық емес.

Күдерікожа Көшекұлының поэзиясында «туған жер» концептісі анық көрінетін ерекше тіркестер ұтымды қолданылған. Мысалы, «Қарқаралы, Қазылық» өлеңінде:

Бабамның өсіп-өнген жер,
Аруағым көмген жер [33, 297 б.]
Азаматым бас құрап,
Басына дәурен сүрген тау.
Жалғыз ауыл қонған тау,
Жайқалып ел болған тау.
Айдарлары желкілдеп,
Атам бала болған тау.
Әкем бір күйеу болған тау
Шешем бір келін болған тау [33, 297б.]

Алмажан Азаматқызының өмір жолына сай жазылған «Жетім қыз» туындысында қиқулаған құспен, дала жануарларымен қоса жетімдік күй кешкен қыз тағдыры жырланады.

Қараша құс мекендер
Қарағай, қайың тал басын.
Киік, құлан мекендер
Асқар таудың жал басын.
Киік, құлан мекендер
Асқар таудың бұлағын.
Елінен безген қос жетім,
Мекендер болдық екеуміз
Қалың қамыс құрағын [33, 307 б.].

Қашқынбай Қожамбетұлы шығармаларында «туған жер» концептісінің тілдік тұлғасы «мекен», «жай» ұғымдарымен сипатталады. Ру-ру болып қоныстанған кездегі мекенінің атауын көрсете кеткен.

Ішінде Жастабанның Байсарымыз,

Бұл жерді мекен етсек жай салармыз [33, 323 б.]

Жай – ыңғайлы, қолайлы мекен

Сынадық ел қыдырып халық ғұрпын [33, 323 б.] – деп Үргеніш жұртына қоныс тепкеннен кейінгі қарекеті мазмұндалады.

Туған жер – адам өмірінде басты орын алады. Дүниеге шыр етіп келгеннен жер қойнына енгенге дейінгі бар ғұмыры кіндік қаны тамған жерінде өтеді. Жалпы қазақ басына іс түспесе, жерін жау тартып алмаса атамекенін тастап бөтен жерге орын ауыстырмайды. Қазақтың басқа ұлттан ерекшелігі де осында. Өз жерінде көшіп-қонып жүрсе де бөтен елге барып тұрмайды. Оны намыс көрген, өліммен теңеген. Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында қалмақтың қызымен елін тастап бөтен елге кетіп бара жатқан інісі Ноянды Баянның өз қолымен өлтіріп, өлімге қиюы жан тебіренерлік сәт. Баян інісін қызғаныштан емес, елін тастап қашып бара жатқан інісінің қылығына намыстанғаннан ажал құштырды. Қазақ ұяттан намыс күшті деген пәлсәпаны ұстанады.

Жаяу Мұса Байжанұлының «Ұлытау» өлеңінде «атамекен» концептісіне нақты мазмұн бере алатын «туған жер», «ауыл» ұғымы пайдаланылған.

Туған жерім Баянауыл,

Кейде тынық, кейде дауыл.

Ұлытаудың қойнауында

Мекен еткен біздің *ауыл* [33, 74 б.]

XIX ғасыр ақындарының ішінде алғаш «туған жер» атауымен атамекеніне өлең арнаған Қашаған Күржіманұлының бастамасында «туған жер» концептісінің ұғымы көркем шеберлікпен ашылған.

Әзіреттің кең ойы,

Алты судың өн бойы,

Атамыз қонған жер екен.

Мұнарланған тау бойы,
Қаптата малын салған жер.
Арғын, Қыпшақ, Жаппастар,
Орта жерде Сыр бойы,
Өзінің қалап қалған жер.
Саланың бойы салқын деп,
Күнелтсін ұрпақ, халқым деп,
Арқаның кең даласын
Жайлады қазақ баласы.
Сырдан төмен *кең қоныс* –
Еділ, Жайық, Жем, Сағыз,
Елек, Қобда саласын,
Мекендетіп кетіпті,
Кіші жүздің баласы [26, 1016.]

Мұрат Мөңкеұлы поэзиясына көз жүгірткен кезде «туған жер» концептісінің мағынасына «мекен» ұғымының негіз болғаны көрініп тұр. Мысалы, «Топқа түскендегі толғауында»:

Ор қоянның мекені
Орқыл-орқыл құм болар...
Құралай деген бір аң бар,
Оның жүрген мекені
Жолы құмшық жер болар.
Сұр мергеннің мекені
Жалғыз томпақ шым болар [33,338 б.]

Ақан Сері Қорамсаұлы жырларында қызға деген ынтық сезімнің жетегіндегі ізденіс, серпіліс көрінеді. Ақан поэзиясында тұрғылықты жерді сипаттаған «мекен» ұғымы «туған жер» концептісінің тілдік тұлғасын көрсетеді. «Көңіл тілегі» өлеңінде:

Сұқсырдай су ішінде *мекен* етіп,
Ілінбей қармағыма жүр едіңіз.
Көрініп қолға түспей жүрсің, калқа,
Қай жерде мекен еткен *түнегіңіз* [31, 149 б.].

«Көңіл сыры» өлеңінде:

Тас етік *тамнан* үйді мекен етіп,

Жүзіңді көре алмайтын заман болды [31, 150 б.], -
делінсе, «Әйелдер сипаты» өлеңінде:

Алыстан *мекеніне* лебі тартып,

Боп кетер қызыққандар оған жерік [31, 155 б.].

Ерекше назар аударатын жағдай жануарды адам санатына қосып бейнеленген «Құлагер» өлеңінде «туған жер» ұғымының қолданылуы.

Тұлпардың аунағаны *туған жерің*,

Биеден туа бермес сендей құлын [31, 162 б.]

Атамекеніне деген махаббаты оянғанға дейін адам баласы туған үйін, туған ауылын тани бастайды. Өсе келе оның топырағынан өзіне нәр алып, оның қырындағы әсем гүлдерін теріп, құмары қанғанша бал-шырынды суын ішіп, мейірі қанғанша таза ауасын жұтады. Асыр салып, атқа шауып туған жердің төсінде ер жетеді. Сондықтан сайран даласын алтын бесігім деп біледі.

Абай әлемінен сабақ алған Әріп Тәңірбергеновтің «Өлім туралы» өлеңінде адамды өлім туған жерінен айырып әкетеді деген ойды білдіреді.

Ойнама, жанды мақұлық, өлімменен,

Айырап *туып өскен жеріңменен* [31, 224 б.]

Кіндік қаның тамып, туып-өскен мекенінді, табаның тиіп тұрған топырақты бәрінен артық көруге хақылысың. Туған жердің бір түйір тасы жаттың ат басындай алтынынан қымбат. Дулығалы ата-бабаларымыз кең даласын, асқар тауын, сарқырап аққан көк өзенін қорғап, мақтан еткен, бізге мұраға қалдырған. Сары Батақұлының шығармаларында «атамекен» концептісінің мағынасы сол мұраға қалған «туған жер», армандай болған есіл көңілді «қайран жер» ұғымымен ұштаса келіп, «туған ел» деп қоныстас халыққа қаратылған ой тастайды.

Жасаған жолды оңғарсын, қылдым бата,

Тірідей кім қияды *туған жерін*.
Барамын танымайтын алыс жолға,
Кім білсін жолаушының ата-тегін.
«Көз жұмбай, дария кешпес» деген сөз бар,
Қош, сау бол көргенімше, *туған елім* [31, 301 б.]

Көрдім бе сені бүгін *қайран жерім*,
Үш жылда жаңа көрдім елдің шегін.
Көз салып тұра қалып төңірекке,
Тарланның бір сипадым көзден терін.
Үш жылым үш сағаттай енді, міне,
Көргенде Сарф серің *туған жерін*.
Жат қылып *туып-өскен ел мен жерден*,
Бітті ме болыс, билер менен кегің [31, 301 б.]?

Құлан Алдабергенұлының «Туған жер» өлеңінде «Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар» деген ой сабақтасып келген.

Би, болыс қастық жасап қуса елден,
Қиын іс күдер ұзу *туған жерден*.
Қанша рет Қаратауға қайта келдім,
Аңсасам, алты күнде құмнан бермен [26, 301 б.].

Иманжүсіп Құтпанов шығармаларының ішінде «атамекен» тақырыбына жақын «Ерейментау» өлеңі. Ақын «Жат елдің жақсысы болғанша, өз еліңнің сақшысы бол» деген мақалды ұстанғандай өз еліне, жеріне деген шексіз махаббатын жырлайды.

Ақтау, Ортау, Қаратау, Көктің көлі,
Жаз болса жайлаушы еді көшіп елім.
Сағынғанда көзімнен бұлбұл ұшты
Ақ туын ата-бабам тіккен жері [31, 316 б.].
Оқта-текте қайран жұрт еске түссе,
Шымырлап жас шығады екі көзден [31, 318 б.]
Тумай жатып өш болды маған болыс,

Аударылды сол үшін талай қоныс [31, 319 б.]

Қош-аман бол Сарыарқа, өскен жерім,

Кір жуып, кіндігімді кескен жерім [31, 319 б.]

Әрі балуан, әрі ақын Балуан Шолақ Баймырзаұлының –

Тау көрмедім Көкшенің биігіндей,

Бауырында ойнап ем киігіндей.

Кіндік кесіп, кір жуған қайран жерім.

Болмайды екен еш қайғы күйігіндей [31, 321 б.] – деп, туған жерінің тауы ең биік, суы ең тұнық, ауасы ең таза деген идеяны алға тартады.

Ергөбек Құттыбайұлының жазған туындыларынан «Бақа көлін сүйеді, Бұлдырық шөлін сүйеді, Ер жігіт елін сүйеді» дегендей әр тіршілік иесінің жанға бергісіз атамекені бар. Қай жердің шетінде жүрсе де жан-жүрегі туғанына бұрып тұрады, өсіп-өнген жеріне оралып қайта келеді.

Өсіп-өнген жер қалды,

Бір туысқан ел қалды [31, 332 б.].

«Атамекен» концептісіне орайлас «жер» ұғымы қолданылып, «Сағынған елін аңсайды, сарала қаз көлін аңсайды» демекші Ергөбек ақынның басынан кешкен сағынышы жырланған.

Жартытөбе, Сазаным –

Жайлаған қалың қазағым...

Сағынған соң елімді,

Саңқаған соң жерімді –

Менің бұл жазған ғазалым [31, 334 б.]!

Еске түссе еліміз,

Өсіп-өнген жеріміз –

Дал болады ақылым...

Бұрынғы сәулет күнің жоқ,

Өскен жерде бірің жоқ,

Сандалып қалдым қаңғырып,

Табармын қайдан, халық-елім [31, 335 б.]?!

Әсет Найманбаев өзінің таныстыру жүйесінде құрылған «Арғынмын, Атым – Әсет арындаған» атты өлеңінде «атамекен» концептісінің тілдік бейнесін ашуда ел тұрақтаған жерлердің атауын ғана беріп қоймай, қазақтың салты бойынша қоныстану уақытына сай мекендердің аттарын белгілеп көрсеткен. Мысалы:

Ертіс, Сыр, Есіл, Іле өзендерім,
Тау өтпес Тарбағатай, Тянь-Шаньнан.
Ми дала, меніреу шөл, күміс көлдер –
Мекенім, ертеде елім ірге жайған.
Құм – қыстау, өлке – көктеу, өзен – күзеу,
Жайлауым – жалпақ дала қарлы таудан.
Ойда орыс, өрде қытай қоныстасым,
Аулым бар Ауғанға да таяп барған [34, 294 б.].
Ішінде өсіп-өндім Қызай елдің,
Жерлерін Күнес, Текес мекендедім [33, 341 б.].

Мұхамеджан Сералиннің поэзиясында «атамекен» тақырыбына жол ашқан өлеңдердің сақталмағанымен, «Топжарған» өлеңінде «атамекен» концептісіне біртабан жақын тұрған ұғым «мекен» болып табылады.

Қарасай Қошалақты мекен еткен
Бір жылы Кенесары ауылдары [26, 389 б.].
Қыстауға Жыланшықта *мекен* салдық,
Биыл қыс қатты болды, жұтап қалдық [26, 393 б.].

Ақын Сара Тастанбекқызы көркем дискурсында «атамекен» концептісі «туған ел», «ел-жұрт», «халық» ұғымымен астасқан. «Арсалаң алдында» өлеңінде –

Еміренттің ерте бастан, *туған елім*,
Кір жуып, кінгідімді буған менің [33, 433 б.]

«Аққу» өлеңінде –

Ойладым, *көл дария – халқым, елім*,
Өсетін ортасында қалқып менің.
Сенемін, кара ізіме түскен жауға,

Мені де жегізбес деп халқым тегін [33, 435 б.]
«Қарлығаш» өлеңінде –

Батырдай қорғау үшін *туған елін*,
Сата ма қанатының қыран желін.
Мен бір жан қарлығаштың қамын күткен,
Ағатай, әділдеп шеш осы жерін [33, 437 б.].

«Елін сүйгеннің еңсесі биік» – дегендей, «Қош бол, елім!» өлеңінде өзінің еліне, жеріне деген сенімі мен шексіз махаббаты орын алған. Жалпы қазақтың ұғымында «жұрт» сөзінің мағынасы – ел-жұрт, халық, болмаса көшіп кеткен елдің орны. Ал, «ата-жұрт» сонау атамның заманынан бері тіршігін істеп, қоныстанып, ұрпақ жайған, тамыры тереңге көмілген нағыз туылған жердің жұрты. Келесі өлең жолдарында «туған жер» концептісі осы «ата-жұрт» ұғымымен, философиялық ойды жалғастыра бейнелеген.

Ел-жұртым тілегіме құлақ салып,
Шығып ед жаным күйген өрттен алып.
Қайықтай дауыл қуған қалтылдаса,
Сен едің *пана* болған, қалың халық.
Жалайыр жалпақ жуас берекелі,
Жасымнан мәлім еді *ел-мекені* [33, 442-443 бб.]

Мәди Бәпиұлының мына бір «Қарқаралы» атаулы өлеңінде «атамекен» концептісінің тілдік бейнесі қазақ көшпелі қауымының қанына сіңген «ауыл», «туған жер», «жайлау» ұғымдарымен сипатталған.

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін,
Жағалай ел жайлауға барды-ау деймін.
Кір жуып, кіндік кескен туған жерлер
Артыма бір қарамай қалды-ау деймін [33, 446 б.]

4 XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН Өңірі АҚЫНДАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АТАМЕКЕН», «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІЛЕРІ

4.1 XX ғасыр ақындарының поэзиясындағы «туған жер» концептісін құрайтын тілдік бірліктер

XX ғасыр ақындарының бастауы болған Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдері, аудармалары, мысал-өлеңдері арасынан «Қарға мен түлкі» туындысында «атамекен» концептісі «дала», «кең сахара» ұғымдарымен астастырып бейнелеген.

Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып,
Далада кең сахара көшіп-қонып.
Алдаған залымдардың тіліне еріп,
Жүрмесек жарар еді мазақ болып [38, 54 б.]

Міржакып Дулатовтың бір «Қазақ жерлері» атты өлеңінің өзінде «атамекен» концептісінің мағынасы толық ашылып тұр. Мұнда «қайран жер», «жайлы қоныс», «ата мекен» тіркестері ұтымды пайдаланылған.

Кір жуып, кіндік кескен *қайран жерлер*,
Мұжыққа, қош аман бол, барасың ба [39, 58 б.]?

Шалқар көл, аққан бұлақ, *жайлы қоныс*,
Орман-тоғай кетті ғой ағашың да [39, 58 б.]

Қазағым, жерің қайда *ата мекен*,
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен [39, 59 б.]?

Ресей империясының қол астына кірген қазақ жерінің мүшкіл халі ақынның жанын тебірентеді. Ғажайып табиғаты бар туған жерінің ойдан-қырдан көшіп келген мұжықтардың

иелігіне еніп, көз алдарында айырылып калып жатқандықтары аяныш сезімін тудырады.

«Таза бұлақ» атты романста «атамекен» концептісінің турасында қолданылған «тұрақ» семасының қоғамдық тұрмыстық құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатыны белгілі. Негізгі мағынасы – пана, орын.

Бар екен таудан аққан таза бұлақ,

Түк ел жоқ маңайында қылған *тұрақ* [39, 112 б.].

Заманының аясындағы тарихи оқиғаларды бейнелеген «Жұт» өлеңінде «қоныс», «атамекен» сөздері қазақтың түпкілікті ата-бабасынан мұра етілген мекені жайлы сөз қозғалады.

Кең қоныс, атамекен кеткен жоқ па?

Орнына «хахол» сұмырай жеткен жоқ па [39, 58 б.]?

Әкірам Ғалымовтың «Туған жеріме» атты шығармасында «атамекен» концептісі «өскен жерім», «түскен жерім» тіркестерімен сипаттаған.

Сағындым сені қатты *өскен жерім*,

Шырылдап тар құрсақтан *түскен жерім*.

Кеткелі біраз заман болса дағы,

Қалмайсың ұмытылып естен жерім [33, 474 б.]

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларында «атамекен» концептісі бірде «мекен», «жай», «дала», «жер» деген атаулармен тізбектелсе, енді бірде оның айшықты белгілерін бірге тіркестіріп «жақсы жай», «кең дала», «сар дала», «таза қоныс», «туған жер» деп бейнелеп, мағынасын әрлендіре түседі. Мысалы, «Бір адам көп жасады жер бетінде» өлеңінде «жақсы жай» ұғымын қолданған.

Бір адам көп жасады жер бетінде,

Мекендеп жақсы *жайды* ел шетінде [39, 13 б.].

Ақынның «Оқу» атты шығармасында ер жігіттің еліне қорған болуда ешбір жаудан тайсалмай, қасқайып қарсы тұра білуі керек деген ұстанымды алға шығарады.

Қорғайды елін, жерін қаныменен,

Болмайды жаннан қорқып басын имек [39, 18 б.]

«Алаш ұраны» өлеңінде «дала» лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатынын ескерсек, туған жерді «Сарыарқа» ұғымында жұмсайды. Өткен ғасырдың басында «қазақ» сөзін «алаш» сөзі алмастыра бастағанының куәсі боламыз. Оның Алашорда партиясының құрылуымен байланысты саяси оқиғаға негізделетіндігі белгілі. «Алаштың баласы», яки елдің, қазақтың баласы деген мағынада жиі жұмсалады. Және осы кезеңнің тілдік қолданысында «туған жер» ұғымын «сарыарқа» сөзі алмастыра бастады.

Алаш туы астында

Біз – Алаштың баласы.

Күніміз туып, көгерді

Сарыарқаның даласы [39, 64 б.].

«Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық» дегендей, кіндік қан тамған жердің қамы үшін асқан мейірімділік пен жанашырлық көрсетіп, парызын қанмен өтейтін образда берген:

Алаш деген ел үшін

Сарыарқаның жері үшін

Бостандық берген ер үшін

Төгілсін біздің қанымыз [39, 65 б.]

«Кедей» атты шығармасында IX бөлімінде «Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, көлінен безген қаз оңбас» сынды ой айтылған:

Жақыннан айырылғандағы күйік

Мен емес *туған жерді* қимайтұғын,

Кетерде көз жасымды тыймайтұғын.

Бейнеттен туған жерде көз ашқам жоқ,

Жанымды нем бар, қимай, қинайтұғын [39, 169 б.]?!]

Алайда, «атамекен» концептісі төңірегіндегі мағынаны «туған жер» ұғымымен ашып, сол туған жерге адамзат жіпсіз байланатыны көркем баяндалған.

Сол еді *туған жерге* байлайтұғын,
Болса да қандай бейнет айдайтұғын.

Қара өмірдің қайғылы жүрегінде
Бар қуаныш сол еді жайлайтұғын [39, 173 б.]

Қала ақыны мен дала ақынының айтысқанын нақ сахнада тұрғандай көркем шеберлікпен сомдаған «Айтыс» поэмасында «атамекен» концептісі «туған жер», «қоныс», «ен дала» ұғымына саяды.

Дала ақыны:

Алтай, Ертіс, Сырдария. Есіл, Жайық,
Арасын *қоныс* қылдым ірге жайып.
Елім, жерім қорғайтын ерім болып,
Ер жеттім *ен далада* лықа байып [39, 176 б.].

«Сарыарқа», «Сарыдала», «*Кең дала*» ақынның жүрегіне жылы тиетін қасиетті сөздер, олардың барлығы астасып келіп «*Туған жер*» ұғымын береді.

Мысалы,

Сүйдіріп жүрегімді тартқан менің
Сарыарқа, Сарыдала туған жерім.
Көк күмбездің астында көк масаты,
Сәулемен алтынданған сары белім.
Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Иісі аңқып, бетім сүйген самал желім.
Кіндік болып мал менен жанды өсірген
Жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін [39, 177 б.].

Ақынның санасында ата кәсібі мал өсірумен айналысқан қазаққа көз жетпейтін сар даласынан артық мекен жоқ. Тіпті оның өзіне ғана емес, төрт түлік малы да осы жерде ойнақ салады.

Май туа көкорайға қонған елім,

Ақ орда, кара саба, сыртта желім.
Төрт-түлік еркіменен тыраңдайтын,
Қойыны кең, көз жетпейтін *сары белім* [39, 192б.].

Мыңғыраған жылқы айдап, есепсіз қой баққан қазақтың арып-ашып кедейлене түсуіне Сарыарқасының жат елдің қолына түсуі кінәлі деген ойды айтады. Жұпар ауасы мен тұнық суы түтіндетіп, ақырып келген пойыздың түтінімен лайланар деп, экологиялық проблеманы көтереді.

Кедей боп құруыңа елден ерек,
Түбінде, мен айтайын, жерің себеп.
Ағашты, шымды жер аз *Сарыарқаңда*,
Оның өзін жат елдер алса керек [39, 203 б.].
Ақырып жалмауыздың жалғыз көзі,
Қыстау мен жайлауыңда түтіндетер.
Сол түтін – өртенгені *Сар Даланың*,
Байлығың, жақсы жерің қолдан кетер [39, 204 б.].

Поэзиялық шығармалардың авторы ретінде жерлес ақын көрнекті жазушы, жалынды жырларымен ұлттың рухын көтерген алаш ұлдарының бірі, публицист, қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі атанған талантты ақындардың бірі - Мағжан Жұмабаев. Нәубетті жылдардың азабын тартып жүрегі жараланған ақынның шығармаларының арасында «атамекен», «туған жер» тақырыбындағы өлеңдер басты орын алады. Қай кітабының болмасын бірінші бөлімінен кездесетін «Туған жерім – Сасықкөл» өлеңі ақынның өз туған жеріне арналып «атамекен» концептісінің тілдік танымы «қоныс», «көл» ұғымдарымен қамтылған.

Ағайын тату-тәтті – *қоныс* бірге,
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл...
Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,
Құрбымен, ойнап-күліп, кел дескен көл.
Жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап,
Күресіп күн батқанша белдескен көл [39, 16 б.].

Дәстүрлі тақырыпты тағы бір қырынан танытқан ақын «Туған жер» атты өлеңінде өзінің құтты мекеніне деген сүйіспеншілігін «Шолпаным», «Айым», «Күнім» деп ең аяулы баламалармен білдіреді.

Бұл жарыққа аяқ басып *туған жер*,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Немесе,

Жаратылдым топырағыңнан, сен
түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар *Шолпан, Айым, сен – Күнім.*

Ақын туған жерін құлын тайдай тебісіп құрбыларымен ойнаған балалық шағымен тұтас алып жырлайды.

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағында тең құрбымен алысып.
Түнде – аксүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.
Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Бірақ тағдырдың жазуы қалай болатындығына, әлі жас болғандықтан жер көріп, қызмет қылып шетке қарай кететініне де налиды.

«Адам басы – Алла добы» деген рас,
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Туған жерім, сені тастап басым жас [39, 27 б.]

Ұлттық наным-сенім бойынша «Айға» сыр шерткен мына өлеңінде «кең даласын» жай ғана «туған жерім» деп көрсетпей,

жанды образға келтіріп, құрсағынан жарып шығарған шынайы анасының кейпінде суреттеген.

*Кең дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасы шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан [39, 57 б.]*

Мағжан туған жеріне деген сағынышын *Бесік жыры, Ертегі, Орал тауы* деп аталатын шығармаларында да ерекше сезіммен жырлайды. Ер азаматқа туған жерден асқан жер жоқ деген ойды білдіре отыра, атамекен ұғымын ата-бабалары жатқан бейітімен байланыстырады. Бұл әлемнің қай түкпірінде жүрмесін, о дүниеге аттанған қазаққа бір уыс топырақтың өзінің туып-өскен жерінен бұйыруын аңсайтын ұлттық санамыздың айғағы.

*Туған жерден,
Өскен елден
Ерге не қымбат!*

*Елім дейді, жерім дейді, жанады,
Жеткіншегі Ер Наурызбай баланы.*

*Осындай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне...*

Жалпы ақын туған жерін *сары дала*мен ассоциациялайды. *Сары дала, зарланған дала, азапқа түскен дала, өлікке айналған дала* ақынның жан күйзелісін, амалы қалмай қиналған шағынан елес береді. Сарыарқа, сар дала «туған жер» ұғымын беруде кең қолданысқа енген түсінікке айналғанын аңғарамыз. Мысалы:

*Арғы жағы-көк көзі жын ұясы,
Бергі жағы-Түріктің сар даласы
...Бала болып жата бер бесігінде
Сар даланың еркесі - қазақ елім.*

Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.

Қараңғы, дауылды түн *сар далада*,
Патшалық құрған өлім айналады.

Түнде *сар далада* зарын айтып күңіренеді әйел...

Ресей империясының отарына айналған бір кездегі ерке елінің бүгінгі мүшкіл халін «ақ кебін» – селеуге оранып жатқан өлікке теңеуі және оған зарланып, күңіренген әйелдің кейпі жаныңды түршіктіретін ойсурет.

Қар қаланың тастап қызыл-жасылын,
Сар даланың аңсап жусан, сасырын...
Сарыарқа - сары дария, қиыры жоқ
Көз болсын, қандай қыран, талады да.

Ішінде *сары дария* көз тоқтатар
Көкшетау-Сарыарқаның аралы да.
...Қиын күн туған алаш баласына,
Шұбырып жапанның *сар даласында*.
...Солардың нәсіліне Сары, Баян,
Барыстай ойын салған *сар далада*.

Сар далада зар қаққан,
Қатқан тонды қойшы бар.

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.
Кетер едім Тәңірі іздеп, Тор іздеп,
Жан жарым деп *Сарыарқаның* саяғын.

Тар қапаста күннен, түннен жаңылып, азап шеккен ақынның туған жеріне деген кеудесін кернаген махаббаты мен

сағынышын сезінеміз. Күннің жылуын сезініп, қара жерді басып жүрмеген өмірдің өзі ақын жанын сыздатады. Кең далада желмен жарысып, құлын-тайдай ойнақтаған қазақ баласына темір торда қамалып отыру өліммен тең.

Жанынан артық сүйген Сарыарқасының еркіндігі үшін жанын құрбан етуге даяр екендігін «Кетер едім Тәңірі іздеп, Тор іздеп, Жан жарым деп *Сарыарқаның* саяғын» деген жолдары арқылы білдіреді. *Саяқ* - түсіндірме сөздікте екі түрлі мағынасы берілген: бірі - өз алдына бөлек жүретін, бойдақ; екіншісі - жападан-жалғыз, жеке, ала бөтен. Біз төркінін қарастырғалы отырған «саяқтың» түркі тілдерінің бірі, хакас тілінде «сая», «саяғ» тұлғасындағы сөздер «шешу» деген етістік мағынасында қолданылады. Біздің тілімізде «шешу» сөзінің ауыспалы мағынасы «босату, ерік беру» дегенге нұсқайды.

Алтын күнді, қара жерді сағындым,

Жан жолдасым-жүйрік желді сағындым.

Асау тайдай еркелетіп өсірген

Ағайынды, туған елді сағындым.

...Қазағымды, қалың елді сағындым,

Сарыарқамды- сайран жерді сағындым.

Алаш деген елім бар,

Неге екенін білмеймін,

Сол елімді сүйемін!

Сарыарқа деген жерім бар,

Неге екенін білмеймін,

Сол Арқамды сүйемін!

Отанға, ата-бабаға, анаға, балаға деген сүйіспеншілік адамға санадын тыс инстинкпен келіп, рухани махаббатқа көзсіз табындырады. Мағжан да кеудесіндегі зор махаббатты туған жері – Сарыарқасына арнаған.

«Жемісті ағаш жерге иіліп тәжім етеді, жетелі жігіт жерге иіліп тәжім етеді»- дегендей, М.Жұмабаевтың шығармаларының ішіндегі ең көрнектілерінің бірі «Түркістан» өлеңінде түркілердің шыққан мекені деп өз туындысымен шексіз тағзым жасайды:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда *ер түрігім туып-өскен* [41, 158 б.]

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой[41, 158 б.], - дей келе

Мағжан Түркістанда туған жұрттың бақытты екендігін айтады. Ол ата-қоныс Түркістанды түркі халықтарының тал бесігіне балап, оның қасиетімен киесін арттыра түседі.

«Батыр Баян» поэмасының бірінші тарауында қалмақ қызының батырдың елгезек інісі Ноянға айтқан сөздерінде қай ұлт болмасын туған жерінің қасиетін жоғары көтеретінін көруге болады:

Арқаның аруы боп жүрсем-дағы,
Алыста *туған, өскен жерім* жатыр.
Өткізге балайсадай бөбек күнім,
Барқыттай *белес-белес белім* жатыр.
Айбынды арыстандай құмда кезген,
Күңіреніп қалың қалмақ елім жатыр [37, 195 б.].

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің «Алаш ұранды әдебиеті» деп бүгінде қазақ әдебиетінің бір кезеңі ретінде қарастырылып отырған дәуірдің көрнекті ақыны, қазақ жырының пайғамбары М.Жұмабаев поэзиясының дәстүрі Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ лирикасындағы азаматтық сарын мен өршіл рухқа үлкен әсер етті. «Мағжан-жыр» поэтикалық бейне арқылы көрініс тапты. Мағжан Жұмабаевтың отты жырларындағы рухқа толы тіркестері ақындардың жырларында кездесе бастады. Қазақ поэзиясы

Мағжанын іздеді, ардақты елі аяулы ақынын іздеді, қайта жанған ұлттық сана, өршіл негізін қайтадан тапты. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ұлықбек Есдәулеттің «Түркістан маршы», «Біз – түркілерміз» өлеңдерінің негізгі ойы М.Жұмабаевтың «Түркістан», «Алыстағы бауырыма», «Тез барам» өлеңдерінен бастау алады. Бұл заңдылық. Себебі Мағжанның өз заманында айтқан арқалы ойы, алаш идеясы ешқашан ұлт санасынан өшкен емес. Кезегін тосты. Жоғалған жоқ.

Ақынның «Қазақстан» өлеңінің алғашқы екі тармағы М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңінен дәлме-дәл келеді. Бірақ бұл тұста меншіктеу, «өзімдікі» деген мағына басым жатыр. Қазақстанды «менің» деп өзіне, жанына жақын тарта сөйлеу ақынның ішкі жан дүниесін ашып, «Отан» деген ұғымға нәзіктік беріп, оған деген сезімге толы көңілді байқатады. Отанын аялайды, әлпештейді.

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!
Тұлпарыңның шабысын,
Домбыраңның қағысын,
Күңіrentкен тау ішін,
Дарияның ағысын
«Сүйем!» десем – бәрі шын,
Қазақстан- намысым!

Әрбір тасы – киелім,
Әр уығы – жүйелім,
Әр кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегін

Қазақстан – жыр елім!
Шаңырағың – шырағым,
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!

Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан,
Жұлдыз жансын жолыңнан,
Басыңа бақ орнасын,
Қыдыр болсын жолдасың,
Құдай сені қолдасын,
Қазақстан – көз жасым!...

Мағжан ақын жастарға қарата сөйлесе, Ұлықбек Есдәулетов Қазақстанға арнайды. Максат біреу, елдің ертеңі, оған деген сенім, тілек пен бата.

Ежелден қазақ халқы қоныс, мекен, жер мәселесін ең бірінші орынға қойып қастерлеп, анасындай аялаған. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларындағы «туған жер» тақырыбы ең бірінші өзінің кіндік кескен жерімен байланыстылығы айқын көрінген. Мысалы, «Бурабай» өлеңінде атауының шығу тегіне баса көңіл бөліп, зерттеушілік қырын көрсете отыра жазған.

Тағы да ақбас бура – емес атан,
Жүріпті Көкшетауды қылып *Отан*.
Мұны да «көзі көрген» қарт айтады,
Тындаған әлеуметке алқа-котан [38, 23 б.]

Жанға ұсталмайтын таудың тағысының өзі мекеніне келіп кетеді. Мұның астарында үлкен философиялық ой жатыр. Адам баласы ғана емес, әр тіршілік иесінің өзінің мекеніне жаны

жакын тұрады. Акын жануардың мекеніне қайта оралып келуі арқылы осы позицияның астарын ашқан.

Тағы екен жанға ұстатпай жүрген қашып,
Күркіреп тұрады екен көбік шашып,
Бір көлді *мекен қылып* күнде келіп,
Су ішіп кетеді екен алшаң басып [38, 23-24 б.]

Тірі жанның тіршілік етер ортасы, таусылмас өмір айналымындағы негізгі орын тепкен жерің – тұрғылықты мекені. С.Сейфуллиннің «Кептер мен лашын», «Кептер мен бүркіт» атты мысал-өлеңдерінде әр тіршілік иесінің өз мекені сөз етіледі. «Тіршілік иесі» тіркесінің басты арқауы бұл жерде құстар болып отыр. Құстардың да әрбіреуінің түріне, мүмкіндігіне, дене пішіні мен қорек етер азығына, табиғатының қолайлылығына байланысты тұрғылықты жері бар. Мысалы,

Лашынның кептер келді мекеніне,
Қуанды лашын орнында екеніне [41, 48 б.]
Тау бүркіт жөнелді алып мекеніне,
Кептердің назар салмай сұрауына [41, 51 б.]

«Атамекен» сөзінің шығу тегі негізінен «атамның қылған қонысы» болғандықтан да әр өлеңде ақындар көбіне ата-бабасының атын немесе руының атын, қоныс қылған мекенінің атын жазып өтіп, сезімін білдіру жиі кездесетін жағдай. С.Сейфуллин «Адақ», «Бабаларыма» өлеңдері осы ойымыздың дәлелі.

Ұлы арғын *Көкшетауды* қылған мекен,
Аз кезі көшпелі елдің, жүрген жекен [41, 54 б.]
Ор. Аба, Есен, Нұра жерім еді,
Қуандық – Қаратоқа елім еді [41, 81 б.]

«Аққуға» атты өлеңде табиғатпен сырласу өте нәзік иіріммен бейнеленген. «Сарыақаның» сұлулығымен үндескен құстың сұлуы аққумен сырласып, тілдесіп, «сәлем айтады». Мекеніне лайықтап таңдалынған образ сияқты.

Әй аққу, әй, сәлем айт жолыққанда.

Сарыарқа сынсыз сұлу біздің мекен [41, 83 б.]

«Адам» тақырыбында жазылған мына өлеңде «атамекен» концептісі «Отан», «бел», «туған жер» ұғымдарымен берілген. «Бөтен жердің гүлінен туған жердің тікені артық» - дегендей, «адамға» «біз» деп көпшіліктің атынан сеніммен сөйлеп отыр.

Бізден басқа сенің *отан елің* жоқ,

Бізден басқа сенің *қорған белің* жоқ.

Бізде ғана сен ардақты ұлансың,

Бізден басқа сенің *туған жерің* жоқ [41, 101 б.]

Туған жерден жырақта, шетте жүргенде әсіресе ақындардың толғанатыны өзінің сүйікті атамекені. С.Сейфуллиннің «Туған жерім – өз елім» деген өлеңі де шетте жүргенде сағыныш пернесімен ояңған сезім туындысы. «Сені ойлап күні-түні туған жер» деп шексіз махаббаттың сарғайған сағынышын жырлаған.

Қайғы ойлаттың естен кетпей *туған жер*,

Қаны қашты, әм сарғайтты ет пен тер.

Сені ойласам ішім күйер қапа боп,

Жүрегімде түйіншекті қайғы шер

Ұйықтасам да еш шықпайсың түсімнен,

Тұрсам-дағы сен кетпейсің есімнен,

Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім,

Бәсеке қып, жұмыртқа алған ну көлім, [42, 104 б.] - дейді.

Ақын туған жеріне баса көктеп келіп жатқан бөтен адамдардың әрекетіне іші күйеді, жаны ауырады.

Сағынып Нұра, мен келдім,

Бұрынғы иең – байғұсың

Айырылған сенен көп елдің

Жатырсың көріп қайғысын.

Бұрынғыдан қайғылы

Құстарың да сайрайды:

Қолдан келер еш не жоқ,
Жүрек от боп қайнайды, - деп ызаланады.
«Туған жерім» атты өлеңінде:
 Өзен өрлеп, суға қармақ салғаным.
 Құрбылармен таласып барлық алғаным.
 Сөйткен жерге хохол келіп орнады
 Арманда боп, жылай-жылай қалғаным.
Халықтың мұнын мұндап, жырын жырлайтын ақынның жүрегі
қан жылайды. Тебіреніп жатқан жерімен бірге күйінеді.
Сәкен Сейфуллиннің шығармаларында «туған жер»
тақырыбы заманына сай Кеңестік идеология сарынында да
жазылған. Мысалы, Советтің сегіз жылдығына арнап жазылған
«Советстан» өлеңі куә:
 Еркін елім,
 Беркін белім,
 Шалқар көлім,
 Дүниедегі санын кедей, бай білді,
 Отарбада сан румыз – тілек бір.
 Зор иманды, махаббатты жүрек бір...
 Күш жұмсайтын бір майданда білек бір.
 Советстан, біздің Стан – совстан! [42, 183 б.]
Ілияс Жансүгіров көркем дискурсында «атамекен»
концептісі «дала», «туған жер» ұғымдарымен беріледі.
«Атамекен» - туып-өскен, жетілген, өсіп-өнген мекен. Мысалы,
«Дала» поэмасынан алынған үзіндіде:
 Тудым, өстім, есейдім,
 Ен далам — анам, мен — балаң.
 Ен далам — анам, мен — балаң
 Туған, өскен есейген,
 Еңбек тулы ел — балаң [43, 141 б.]
Ақын әлемінің тілдік бейнесін «Құлагер» поэмасының
«Туған жер» атты тараушасынан анық көре аламыз. Мысалы,

«тау», «тас», «аспан» ұғымдары «атамекен» концептісінің түсінігін кеңейтіп, жаңа рең үстеген.

Мен өзім *тауда туып, тасында өстім,*
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім;
Асқарда Аршалыға қозы жайып,
Бұлттық аспандағы қасында өстім [43, 12 б.]

«Атамекен» – тыныштық табылатын мәңгілік орын. Дала лексемасының мәтінде берілген мәні – жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. *Дала* лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғымы ақын дискурсында одан әріге тереңдеген. Мысалы,

«Қарындас пен *қара орын*
Қалғаннан соң, дариға,
Қара көзден мөлтілдеп

Жас келеді» деген күн [43, 145 б.]. («Дала» поэмасынан)

Академик Р.Сыздық бұл өлең жолдарындағы «қара орын» сөзін М.Қашғари сөздігіне сүйене отырып, «ағайын-туыстар мен ата-бабаның сүйегі жатқан жер» деп түсіндіреді [44, 85 б.]

Көшпенді түркі халықтары үшін рухани кеңістік – *дала*. Ақын танымында дала кеңдік эталоны ретінде алынып, кең байтақ жердегі ұлттық-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Ақын қолданысында *дала* лексемасы «*кең дала*», «*қу дала*», «*ми дала*», «*ен дала*», «*боз дала*», «*сар дала*», «*ай дала*», «*кер дала*», «*жапан дала*», «*кеңесті дала*», «*құм дала*» сынды бейнелі тіркестермен келіп, «атамекен» концептісінің маңына шоғырланған тілдік бірліктер ретінде танылады.

«Әнші» (Ескі әнші аузынан)

Ми дала, меңіреу шөл, күміс көлдер,

Мекенім, ертеде елім ірге жайған.

Құм – қыстау, өлке көктеу, өзен күзеу,

Жайлауым – *жалтақ дала* қарлы таудан [43, 150 б.]

Ақын поэзиясында «атамекен» концептісі «*Жердің құты*», «*Құтты қоныс мекен*», «*Қара орын*» мәдени фон мен мәдени семаға ие болған стереотиптік бірліктер арқылы танылған. Ақын поэзиясы тіліндегі «атамекен» концептісіне қатысты «*ауыл*», «*жайлау*», «*құтты қоныс*», «*құтсыз қоныс*» ұғымдары көшпелі халықтың таным әлемімен байланысты көрініс тауып, «атамекен» концептісін танытудағы өзек концептілер болып табылады.

Неше елді аттандырған *құтты қоныс*,
Әлі тұр әсемдігі тауысылмай.
Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
Жерінің *Жетісудың* бәрі сондай [43, 115 б.]!

Ақынның қаламынан туған көркем лирикада ауқымы кең тақырып туған мекен екенін «Ескі күн», «Жетісу суреттері», «Оқимын» өлеңдерінен, «Мақпал», «Күй», «Күйші» поэмаларынан анық көруге болады.

«Ескі күн» өлеңінде өткенді аңсау басым түсіп, сол кезеңдегі шұрайлы кең қонысын сағына жырлайды.

Мол өріс, *алқап қоныс*, *кең жайылым*,
Сол күнгі кулар, сулар кетер ме естен[43, 30 б.]?

«Жетісу суреттері» өлеңдерінің «Тау суреті» бөліміндегі мына бір жолдарда «атамекен» концептісін «жайлау» ұғымымен беріліп, шаруашылық жайына қарай, табиғи орта тақырыбына қарай жалғастырады.

Малға *жай*, *елге жайлау* *Үшқарааштың*
Субесін мекендеген суыр сүйіп [43, 109 б.]

Ал, «Жетісу жәндігі» тақырыбындағы туындыда табиғаттың асыл жануарларының мекен етер жерлері сөз етіліп, «жер жаннаты – Жетісудың» көз тоймас сұлулығы жырланып жалғасады.

Баяғы баяғының заманынан,
Асқарда шың *мекендеп*, жайлаған аң,
Тағылар тарғыл тасқа баурын төсеп,

Бар тышқан *қоныс алған* балағынан [43, 113 б.]

І. Жансүгіровтың аяқталмаған «Мақпал» атты поэмасында «атамекен» концептісінің синонимдес ұғымы «қоныс» сөзі жиі қолданылған. Бұл жолдарда «бақытсыз бір пенденің жан жарасын, жүрек наласын кара жер хабарын бермей, өзіңе тартып ал» деген діни және ескі наным-сенім орын алған.

Бай *қоныс*, қойынына бейбақ келді,

Жеңілдет жан ауруын, өмір уын [43, 182 б.]

Қазақ көшпелі қауымының қанына сіңген «қоныс», «дала» ұғымдары Ілияс ақынның «Күй», «Күйші» поэмаларында активті түрде пайдаланып, «атамекен» концептісінің тілдік бейнесін ашып отыр.

Құм *қоныс*, мал суаты Сырдың суы,

Боз дала – тұяқ басты малдың шуы [43, 214 б.].

Қазақ әдебиетінің тарланы Сәбит Мұқановтың шығармаларының тілдік бейнесі қарапайым, бірақ сонымен қатар, ұлттық ерекшеліктермен қамтылған бейнелер. Мысалы, Ақмешіт қаласының 1925 жылы Қызылорда аталуына арналып жазылған «Қызылорда» атты шығармасында «атамекен» концептісін «мекен», «қоныс» сияқты ұғымдардан тани аламыз.

Көкорай мынау біздің қонған *мекен*!

Оңды *қоныс* қайда бар мұнан бөтен [45, 44 б.]?

«Он алтыда қарындас» деген өлеңінде «туған жер», «үйім» деген ұғымдар арқылы концептуалдық мағына танылып, «туған жерінің ажарлана» түсуін тілге тиек етеді.

Көркейді келбеттене біз *туған жер*,

Сен менің киім, тамақ, *үйімді* көр [45, 126 б.]

Өлкем! Көркем, өлеңмен ән шырқаймын,

Үнімді құлағыңа құйып балдай [45, 142 б.] – деген «Алатаудай ауылым» өлеңінің үзіндісінде «атамекен» концептісін «өлке» ұғымымен байланыстыра жырлаған.

Өзінің туған мекенін жырға қоспаған ақын атаулы жоқ шығар. «Қызылжар» деп өз өлкесін жырына қосқан Сәбит ақын

осы өлеңінде туған жеріне деген бар махаббатын жайып салып, өзінің өмірі біткенше жырлайтынына серт бергендей.

Мен саған құмар-дамын, ғашық-тамын,
Себебі өмірімнің ашық таңын
Ең алғаш сенде көріп, бақыт үшін
Күресте тамды саған қасық қаным...
Қызылжар, қымбат қалам, - біткенше өмір,
Ең ыстық махаббатпен жүрем жырлап [45, 311 б.]

Шоғыр өлеңдер бөлімінің 3 тарауы «Тың толғауында» Хамит Ерғалиевке жауап ретінде жазылған парақшаның екінші «Тың жайлауы» атты тараушасында еш кідірмей айтқан шындық сөздер көркем бейне береді. Ақынның тілдік бейнесі бұл жолдарда «туған жер» ұғымынан көрінеді.

Сүйеміз *туған жерді* әрқайсымыз,
Сондай жер болғандықтан даңдайсымыз,
Туған жер тұтастырып ұстамаса,
Өрмектей бытырар-ек арқаусыз біз [45, 336 б.]

Төмендегі өлең жолдарында тарих тереңіне сапар шегеді.

Туған жер!
Көп сөз жатыр астын қазсақ.
Кітапты әр жанрда томдап жазсақ,
Сипаттап бере алмас ек!..
Мекенім сол,
Болғалы үйім кигіз, атым «қас-сақ» [45, 336 б.].

Ары қарай «*атамекен*» *концептісі* «*орман*», «*құм*», «*тау*» ұғымдарымен бейнеленген.

Ол мекен, тоқсан сегіз Бельгиядай,
Соншама ұлан-байтақ жерге ұялай,
Орманға сіңіп, кейде құмда жүрдім,
Кей кезде кеттім шырқап тау қиялай [45, 336-337 бб.].

Жазушы жыл сайын келіп аунап-қунап кететін туған жеріне деген шексіз махаббатын шығармаларына үнемі арқау етіп отырған.

Сол жердің *Сібірлік солтүстігінде*,
Оранған орман менен үсті гүлге,
Мекенге «Дос» атанған, жылында бір
Барамын, жазды күн де, қысты күн де.
Себебі, сонда *туған ата-бабам*.
Мен-дағы тудым сонда ата-анадан.
Қан-жыным араласқан осы өлкені
Күнім жоқ, махаббатпен атамаған [45, 337 б.]

«Тыңның тулауы» тараушасында «Туған жер кезіп көрсем ғажап екен!» - деп, табиғатының сұлулығын мақтаныш етеді.

Дегенім тыныс екен «тұншығыппын»

Бұл *теңіз мекені екен тіршіліктің* [45, 340 б.]

Өткен ғасырда жарық көрген шығармаларда «Қазақстан» сөзі «атамекен» ұғымының баламасы ретінде аса жиі жұмсала қоймаған, дегенмен мына жолдарда қаламгер биікке самғап, даму жолын бастаған еліне қанат бітіреді.

Қанатты Қазақстан, жаңа екпінмен

Жөнелді самғай ұшып, тартып алға [45, 341 б.]!

Жырдың «Даланы сағыну» атты тарауында үнемі жүрегінде жүретін кең-байтақ туған жерін есіне ала жазады.

Жүрем де, *туған, өскен жер* мен елдің

Есіме алам кейде жайларын да...

Бұтасыз *туған жерім жалпақ дала*,

Еш жақтан көрінбейтін шеті, ұшы [45, 355 б.]

Төрттағандар (Рубағиат) бөлімінің әр тақырыпта жазылған өлеңдерінің ішінде ерекше атарымыз «Туған жер» атты төрт жолы. Туған жерсіз күнің жоқ идеясында жазылған шумақта, адамзат баласын атамекенін сыйлап, құрметтеуге шақырады.

Туған жер – күн, өзінен шашыраған

Ұрпағын сәулесімен асыраған.

Онсыз саған тіршілік – қараңғы түн,

Ендеше хұрметте де бас ұр, адам[45, 387 б.]!

Халық ақыны Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасындағы «атамекен» концептісінің белгілері «мекен», «өлке», «алап» ұғымдарынан көрінеді.

Ол кезде Шудың бойын қазақ алған,
Неше жыл сол *алапты мекен* қылған [46, 42 б.]
Көлден бай сол *өлкеден* таңдап алған,
«Көк мұрын той» өзенін *мекен* қылған [46, 45 б.]

«Алтай аясында» деп аталған өлеңде «атамекен» концептісінің мазмұнын ашатын «қоныс», «жайлау» сынды ұғымдар бар. Қара қазақтың санасына сіңген бұл ұғымдар «қарашаның қонысы», «ұлы жайлау» деген тіркестермен берілген.

Қарашаның *қонысы* «Қарақойда»,
Өзге елден шет жайлайды, қалып ойда.
Ұлы *жайлау* аталы Құсандікі,
Токсан үйлі тобырға қоныс қайда [46, 69 б.]?

«Атамекен» концептісін ақынның тілдік бейнесінде «ая» ұғымынан тани аламыз. «Ая» сөзінің бірінші мағынасы сөздікте *туып-өскен, тәрбие алған орта*, ал екінші мағынасы *қойнау, баурай*, ал ауыспалы мағынада *ауқым, көлем* [47, 78 б.] деп берілген. Енді бұл үш жағдайда берілген «ая» сөзінің мағынасын біріктірсек, «туып-өскен көлемі кең баурай» ұғымы қалыптасады.

Алтайдың аясында мекен еткен,
Ұранқай дейтін қалмақ елі көптен [46, 83 б.].

Иса ақынның «Он бір күн, он бір түн» өлеңінде «ел», «Отан» лексемалары «атамекен» тақырыбына «туған ел, өскен жер» ұғымын үстеме етіп жамап тұрғандай.

Ел үшін, Отан үшін жүрген адам,
Шыдады, күйінсе де сүйген адам [46, 127 б.].

«Ақбөпе» поэмасында «қоныс», «мекен», «ел» ұғымдары ұтымды әрі белсенді қолданылған. «Атамекен» концептісінің

мазмұнын ашуда «тұрақ» ұғымы «жайлы тұрақ» тіркесінде қолданылған.

Біздің үй көшсін дейді Керейлерге,

Бұл елде болмас дейді *жайлы тұрақ* [46, 162 б.]

Бұрынғы Ақмола облысының тумасы Шолпан Иманбаеваның «...Қоңыр қаз» деген тақырыпта жазылған өлеңінде құстың мекені сезімге серік болады. Құс шіркіннің туған жерін аңсап, жаз шықса елге оралуын күткен тіршілік иесінің сезімі адами сезіммен байланыстырылып суреттелген. «Туған жер» ұғымын оқырманға «ұялап өскен жер» мағынасында ұсынған екен.

Ұялап өскен жеріне

Қайтайын десе қаңқылдап.

Болар ма екен оған жаз [48, 141 б.]?

«Күшті болса көкте кім» деген туындысында Асқар Тоқмағанбетов туған жеріне деген ұлы сезімін паш етеді.

Біздің *Ұлы Отанға*

Сұқтырмаймыз суық қол [48, 154 б.]!

Әбу Сәрсенбаевқа «Ақша бұлттары» туған жерінің мақтасындай елестейді.

Желкілдейсің жел үрлесе,

Мақтасындай туған жердің [48, 373 б.]

Тайыр Жароковтың «Жапанды орман жаңғыртты» атты өлеңінде түрленіп, түлеген туған жерін сүйсіне жырлайды.

Көп жылдан соң көрсем де,

Байқамай мезгіл озғанын,

Туған жерім десем де, -

Танымай қала жаздадым [48, 172 б.].

Туған жердегі дәстүр жалғастығы, үлкендердің кішілерге мирас етіп қалдырар мекені Әбділда Тәжібаевтың төмендегі өлең жолдарында айқын бейнеленген. Кез келген адамның өмірінде ерекше орын алатын «әже» образын қазақы ұғымға сай бейнелеп, көз алдымызға әкеледі.

Көп жылдармен өткізген соң арасын,
Туған жерге оралып бір барасың,
Алар күтіп *әжелер* де алдыңнан
Арқалаған баласының баласын [48, 190 б.]

«Туған жер» концептісін «Сыр жырлары» тақырыбындағы туындыда «дария – өзен», «мекен» ұғымдарынан анықтай аламыз.

Өз дариям – өзенім,
Өзім *оскен мекенім*,
Суын ішіп кетемін,
Шанын кешіп кетемін[48, 193 б.]...

Әбділда Тәжібаевтың көркем дискурсында «атамекен» концептісі «су», «ана» ұғымдарымен беріледі. «Атамекен» – туып-өскен, жетілген, өсіп-өнген мекен. Мысалы, «Сырдария» өлеңінде:

Білем сені, сүйем сені
Сырдың суы *қарт анам*.
Сенсің мені әлдилеген,
Туған сенен мен балаң [48, 185 б.]

Әбділда ақындығында үлкен арна – жаңалық болып ата-мекенді – Сырдарияны жырлау алдыңғы орынға шықты. Ол бұл өзенді үлкен символға айналдырады. Рейнді жырлаған Гейнені, Днепрді жырлаған Шевченконы өзіне пір тұтады.

Сырда туған
Сырдың ұлы

Жаңа Гейне мен болам [49, 185 б.], - деген жолдарда туған жеріне деген мақтаныш сезімі аңғарылады.

«Туған жер», «атамекен» тақырыптарына терең үңілу, сол ессіз сезімнің мазмұнын оқырманға жеткізу мақсатында С.Торайғыровтың «Айтыс» поэмасына еліктеумен жазылған төмендегі өлең жолдарында қарапайым қазақ жігіті мен философтың ойлары ортаға салынады. Философтың сөздеріне назар салсақ,

Биік гуманизмді мұрат тұтсақ,
Ойлау керек космостық дәрежеде.
«Туған жерім», «мекенім» деген сөзге
Мән беруге бола ма осы кезде?

Ал қазақ жігітінің берген жауабы –
Жоқ, философ, бола бер өзін ірі,
Игере бер әлемнің барлық сырын.
Ал мен болсам *үйімде* отырамын
Домбырамен сөйлетіп қазақ жырын [49, 28 б.]!

Әбділда ақынның төмендегі өлең жолдарында «дүние»,
«мекен», «жарық» ұғымдары жұмсалған. Оны тілде бейнеленген
әлем туралы түсініктердің жиынтығы ретінде ұғынамыз

Осы *дүние* бізге *мәңгі мекен* деп,
Ойнап жүре беріппіз ғой секеңдеп...
Бір жасадық, бұл *жарықты мекендеп*,
Ойламаппын сәулелі күн кетер деп [49, 46 б.]

«Туған жер» концептісінің мазмұнын ашуда «ата мекен»,
«алтын ұя» ұғымдары қолданылған.

Алатаудың бауырында
Менің *ата мекенім*.
Мекенімнің біліндер

Алтын ұям екенін [49, 49 б.] – дей келіп, өлеңнің
соңында,

Мекенімнің жырлаймын
Алтын ұям екенін, - деп нүктесін қояды.

Ақын туындыларының келесі бір жолдарында туған
мекенімен қоштасудың ауыр тиетінін, тіпті оның ойға
сыйымсыздығын жасырмайды.

Қоштасу ауыр туған *мекеніммен*,
Сонда мен туған елсіз өтемін бе [49, 88 б.]?

Жанындай жақсы көретін атамекенінің құлдырауын
көрудің өзі қаншалықты қиын екенін сездіреді.

Қиын екен

Атамекен азғасын,

Қиын екен

Ана тілің тозғасын [45, 129 б.] - деп дамылсыз толғанады.

Қазақ әдебиетінің қаскасы, Отанын жаудан қорғап жанын беруге даяр болған Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» атты шығармасында «атамекен» концептісі «кең мекен», «жер» ұғымдарымен астасады.

Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,

Көре алмай көп жеріңді мен кетемін [50, 393 б.]

Мәңгілік өмірді де туған жерімен байланыстырады. «Шырақтай өшіп қалған болсам, өз жерімде жатармын» деген ойы берілген мына бір жолдар адамды әрі ойлантады, әрі тебірентеді.

Бір күні от өмірім қалса өшіп,

Қайран ел туған жерден кетпес көшіп,

Торқадай жамылып ап топырағын,

Жатармын өз жерімде бір төмпешік [50, 396 б.]

Туған елінің перзенті Қасым ақын «Атамекен» атты өлеңінде екі ұғымды, «туған елі» мен «атамекенді» қатар қойып, жерінің кеңдігін, ыстықтығыны анасының құшағына балайды.

Сүйем сені туған ел – атамекен,

Абзал анам сенсің ғой құшағың кең [50, 29 б.]

Қасым ақынның «Сарыарқа» атты өлеңінде туған жері Сарыарқаны «сары алтын жүзген нұр» деп, «сайран тау», «самал жайлау», «сырнайлы өзен» тың тіркестерімен өреді.

Сарыарқа сап-сары алтын жүзген нұрға,

Қоналқы мекен болған сан ғасырға.

Сайран тау, самал жайлау, сырнайлы өзен

Лебімен алар тартып, шықсаң қырға

Сарыарқа, сағындырдың, атамекен,

Сардала, анам едің құшағың кең [50, 38 б.]

«Ұлы Отан соғысы туралы жыр» туған жері жауынгерге рухани күш, ақыл береді.

Өлтіре соқ фашисті, ұр желкеден
 Ғасырлар мен жылдардың салмағымен.
 Өртенген үй, кираған *атамекен*,
 Қан мен жастың кегі үшін аянба сен [50, 44 б.]!

Қ.Аманжоловтың «Елге хат» туған жерімен тілдеседі.
 «Менің бір бар еді ерке тентек ұлым,
 Өлі ме, тірі ме екен сол құлыным?» -
 Дейтіндей болдың ғой сен, туған елім,
 Жоғалдым зым-зия боп, шықпай үнім [50, 54 б.]

«Туған жері», «туған елі», «жалпақ даласы» ақынды қан
 майданға қимай шығарып салады, тіпті жалтақтаған жалпақ
 даласының соңынан еріп, жүгіруі жүрегінді езіп жіберердей.
 Есімде жөнелгенім қанды жолға,
Туған жер қимағандай мені сонда.
 Жалтақтап, *жалпақ дала*, қарай бердің,
 Жүгіріп еріп зорға эшелонға [50, 54 б.]

Майданда «атамекенінен» қуат алады, қорған болған
 туған жері ақын санасынан мықтап орын алған.
 Жылытып бауырымды ып-ыстық қан
 Кезімде өлі досты барып құшқан,
 Үстіме сен кеп төніп тұрғандай-ақ
 Болушы ем, *атамекен Қазақстан* [50, 55 б.]!

«Кең дала», «дастархан», «асқар тау» ұғымдары балама
 бейнелермен, айқындау тәсілдерімен шебер өріледі.
Кең далам – дастарханым – атамекен,
 Зейінді асқар тауым көкірегі кең!
 Лебіңмен оттай ыстық тартасың кеп,
 Тіріліп іздегендей мені әкем [50, 56 б.]

Жауынгерлік қайсар мінезін нәр алып өскен туған жерімен
 байланыстыруы да табиғи.
Туған жер топырағында тіп-тік өскен
 Қара емен – қасарысқан мен бір қазақ [50, 57 б.]

Ұлы Отан соғысы жылдарында туған жеріне деген зор махаббаты ақынға ерекше күш, рух бітіреді. Ұлы Жеңіске жеткізген де туған жерге деген осы Ұлы Сезім!

Туған ел, сен дегенде жаным жайлау,

Орнашы зердеме кеп, ұлы Алатау!

Құйылшы жүрегіме, Есіл мен Сыр!

Өтейін қаптатып сел, қиратып жау [50, 60 б.]

Қасым ақынның «Қазақстан» тақырыбында жазылған өлеңінде азат өмірдің болашағы – жастарының серті мен туған жеріне мақтанышы жырланады.

«Гүлжазира», «Жерұйықтан» кем бе екен

Мынау дала, біздер өскен кең мекен [50, 81 б.]

Туған жерін «Тоңы – алтын, түгі – торқа жер» сынды теңеулерімен суреттеп, «Көкше, Баян, Қарқаралы, Алатау» деп аттарын атап, түстерін түстеп береді.

Байтақ Отан – туып-өскен өз елім,

Өмірімдей өршіп аққан өзенім [50, 81 б.]!

Әні де, сәні де, жаны да жырланған «Туған жер» атты өлеңнің өміршеңдігі әлі күнге дейін ел аузында жүрген әсем жырмен байланысты.

Уа, дариға, алтын бесік – туған жер,

Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!

Жата алмас ем топырағыңа тебіренбей,

Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Өз жерінде туып, өсіп, енді өз жерінде бақилық болу ақынның соңғы арманы екені де жасырын емес.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,

Неңдей күйге жүрегімді бөледің!

Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,

Арманым жок бұл дүниеде дер едім[50, 90 б.]!

«Туған дала», «алтын діңгек», «туған босағам» тіркестерінің астарында ерекше махаббат пен философиялық ой-тұжырымдар жатыр.

Болдым ғашық, *туған дала*, мен саған,
Алыс жүрсем, арманым сен аңсаған.
Жақын жүрсем, мен төрінде рахаттың,
Алтын діңгек – өзім туған босағам[46, 90 б.]!

Ақынның «Абай арманы», «Бауыржан» сияқты ұлы тұлғаларға арнап жазған өлеңдерінде туған жердің қадірі, елім деп еңіреген ерлердің есімдері тасқа басылған.

Бетіне *туған жердің* өшпестей ғып,
Ер жазды өз қанымен жүрген ізін [50, 115 б.]
Сөзімде, ескертерсіз, болса, қатам,
Ақынға мекен болмас зират пен там.
Аралап туған елін кеткен еді
Сенің де, менің дағы Абай атам [50, 144 б.]

Табиғат көрінісін Қасым Аманжолов даралап, адамнан, қоғамнан тыс жырлаған емес. Өлеңдерінің өн бойынан Отанға деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім, оның алдындағы азаматтық борыш идеясын ұсынады. Ақын жырлаған пафос, өмірге деген құштарлық әрбір азаматтың, әрбір жауынгердің кеудесіндегі арман-мақсаты, ой-сезімі. Сондықтан оның жырларын тебіренбей, сезінбей оқу мүмкін емес.

Қалижан Бекхожиннің «Шет өлкеде, жат елде» деген тақырыпта жазылған өлең жолдарында «атамекен» концептісі «*тау*», «*ауыл*», «*орман*», «*дала*» фреймдері арқылы ұтымды берілген.

Қайран менің өз елім,
Туған *тауым*, *орманым*,
Аспаны алтын *кең далам*,
Кең пейішім – қорғаным!

Тек қорған ғана емес, күні мен даласы, шөлі мен суы ғана емес, ол оның сырласы, мұңдасы. Қасым Амандоловтың стилін танытатын мазмұн, екпін сезіледі.

Туған жердің түні де
Сырлас еді менімен [514, 108 б.]

«Тым асығып келемін» өлеңі Қалижан ақынның туған жерге деген сағынышының ең озық көрінісі жазылған өлең.

Тым асығып келемін *туған жерге*,
Бір сағыныш лапылдап тұр кеудемде.
Жүрегімді махаббат жалындаған,
Жүргенімде көңілсіз өлкелерде.

Туған жерді анасына балап жырлау бұл өлеңде де кездеседі:

Сағындым сені *анамдай туған жерім*,
Көзіме ыстық таулы, белендерің [51, 158 б.]

«Украин жігіті» атты туындыда соғыстан қайтқан сарбаздың образы жақсы сомдалған. «Туған жер» концептісі «*туған жер*», «*өз үйі*», «*өз қақпасы*» сияқты тілдік бейнелермен берілген.

Ол асығып келді майданнан *туған жерге*,
Көрейін деп *өз үйін, өз қақпасын* [51, 219 б.]

Жырлары жанынан жәннат тапқан Жұбан Молдағалиевтің «Туған елге» деген өлеңінде «атамекен» концептісі «*туған үй*», «*туған ел*» сияқты ұғымдармен бейнеленген.

Қазақстан!

Сүйікті
Туған үй, туған елімсің.

Асық атып, доп қуып,
Асыр салған жерімсің [52, 11 б.]

«Туған жерде тағы да» атты арнау өлеңінде бейнелілік пен образды өлеңде сомдау жүйесі терең лиризммен көрсетілген.

Тағы да аштым *туған жердің көрмесін*,
Тағы бастым көкірегіме көл төсін [52, 37 б.]

«Атамекен» концептісі «туған жер» ұғымымен беріліп, жаңа ой туындататын жолдар жазылған –

Кіндігім бір туған жермен менің де,
Анасын ұл әлпештейтін күн бүгін [52, 38 б.]!

Ақынның тілдік бейнесінде «атамекен» концептісі «туған ауыл». «дала» ұғымдарымен де ұтымды берілген. Біресе балаға, біресе данаға тенеуінің өзінде терең философиялық ой жатыр.

Туған ауыл, туған жер-ай, далам-ай,

Балаша мәз, байсалдысың данадай [52, 38 б.]

«Дала түні» тақырыбындағы өлеңде дала тіршілігінің сәні өсімдіктерді атап, олардың иісін «атамекеннің жұпарына» тенеген.

Киікоты, бала жусан

Ата мекен жұпарындай [52, 52 б.]

«Өз елім – өлең төсегім» дегендей ойды дамытатын «Түлектің түлеуі» атты туындыда «атамекен» тақырыбы «туған жер» ұғымымен астасып, жанына ыстықтығы жырланған.

Оралдым Октябрьден кейін мұнда,

Кімге де *туған жердің түтіні ыстық* [52, 175 б.]

Сырбай Мәуленовтің жырларындағы негізгі идея тарихқа сапар шегу. Мына өлең жолдарында «атамекен» концептісі «ата-баба қонысы» тіркесімен берілген.

Ұйытқытып қызыл құмды жел суырып,

Табанды бастырмайды жер қуырып.

Қоштасып *ата-баба қонысымен,*

Беті ауған жаққа көшті ел шұбырып [53, 13 б.]

Мына бір өлең жолдарында «атамекен» концептісі «мекен», «өлке» ұғымдарымен бейнеленген.

Қойнауы алуан-алуан аң мекені,

Тауда ұлар қыздырады жәрмеңкені.

Саф таза табиғаттың музейіндей

Тұрасың тамашалап таулы *өлкені* [53, 312 б.]

Иесіз қалған жерді сипаттап жазған өлеңде «мекен» ұғымы қолданған.

Ел мекенін тастаған,

Қалған *үйлер* қаңырап.

Жылайды тек аш боран,

Айдалада анырап [53, 320 б.].

Сырбай ақынның жырларындағы негізгі идея «туған жер – үй». Келесі өлең жолдарындағы «атамекен» концептісі «үй» лексемасының қатысуымен жасалған. «Отан – отбасынан басталады» деген мақалдың мағынасын кеңейте отырып, отбасы мекенінің мағынасын ұлғайта көрсеткен.

Аспанға ұшып, айға барып қонғанмен,

Мәңгілікті мекендейтін *жер – үйің* [53, 379 б.]

Ақын, драматург, әнші, сазгер Бәкір Тәжібаевтың бірқатар әндері ("Жас дәурен", "Ақбұлақ", "Әппағым-ау, әппағым", "Гүлсің-ау", т.б.) Қытай, Моңғолия, Түркия, Ауғанстан, Иран, т.б. елдерде тұратын қазақтар арасында кең тараған. Өзінің туған жерін әнімен танытып, әр қазақтың жүрегіне жол тапқан «Ақбұлақ» әні туған ауылының шынайы көрінісін, бейнесін аша түскендей. Әрине, бұл ән бар қазақтың қара шаңырағы - ауылы туралы жыр. Мысалы:

Сенің келіп жағаңнан,

Анам талай су алған.

Сенің келіп жағаңнан,

Әкем атын суарған.

Айналайын *Ақбұлақ*,

Асыр салғам жағаңда.

Сенен артық *өлкені*,

Бұл әлемнен табам ба [54, 52 б.] !

«Ауылым» поэмасының авторы Ғафу Қайырбековтің тілдік бейнесі «туған жер» концептісін «*мекен*», «*дала*», «*қоныс*» ұғымдарымен астасады.

«Хакімбек Токин» бөлімінде –

Өшігіп алған жау қырсық,

Өлтірмей сені өзі өлмес!

Жатқанша күнде қан құсып,

Ата бір *мекен* жерден көш!..

Арғы бет қалың ел қыпшақ,

Ар жағы дала ен қоныс [55, 199 б.]

«Татырдағы айқас» бөлімінде ақынға туған жері ерекше демеу болады, күш бітіріп, қамқор болады.

Самалын тосты *туған жер* майда,

Дегендей дем ал, шаршадың, сабаз[55, 207 б.]

«Таңға сапар» бөлімінде «туған жер» концептісі «*пай-пай ауыл*», «*қайран мекен*» тіркестерінің қатысуымен жасалған.

Пай-пай, пай *ауыл* самсап қонысын-ай,

Жарқырап Ай мен Күннің тоғысындай.

Кешегі *қайран мекен* қайта тапқан

Сағынбай, кім кетіп ед сағы сынбай.

Келесі жолдар күрделі эпитеттер арқылы жасалып, «туған жер» концептісін «*бай қоныс*», «*бағзы мекен*», «*байтақ ұлт*» тіркестерімен бейнелеген. Ақынның поэтикалық тіл өрнектеулері, бейнелеу нақыштары көзге елестетерліктей нақты әрі суретті образдар арқылы жасалады.

Сонымен ауыл қонды қайта жұртқа,

Бай қоныс, бағзы мекен, байтақ ұлтқа [55, 211 б.]

Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Қуаныш» деген өлеңі тақырыбына сай шаттыққа бөленудің жолдарын таныта отырып жазғандай. «Атамекен» концептісін «туған өлке» тіркесі арқылы тани аламыз.

Арала *туған өлкеңді*,

Желдіріп жүріп жер таны [33, 465 б.]

Қазақтың күпі киген қара өлеңін өзіне шекпен жауып қайтарып, ақиық құстай поэзия әлемінде самғап ұшқан ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармалар жинағының қайсыбірін ашсаң да «атамекен», «туған жер» тақырыбына үңіліп, үздіксіз сезімге сезім қосып сырласа аласың.

Тілдік бейненің әсем үлгісін мына өлең жолдарынан көре аламыз. «туған жер» концептісін оқырманға таныту жолында «*ақ қайыңдар*», «*тал*», «*теректер*», «*алтын сары сырғалар*»

деп бейне қалыптастырады. «Туған жер» деп қайта анықтата түседі.

*Ақ қайыңдар, тал, теректер... алтын сары сырғалар,
Туған жердің кеудесінде тұнжырайды жылғалар*

«Отан» тақырыбына жазылған шығармаларынан кейіптеу мен теңеу актив қолданылған келесі өлең жолдарында философиялық тебіреніс бар.

...Егер Отан сыңсыған орман болса,

Жапырақ боп жармасқын терегіне [56, 25 б.].

«Туған жер» концептісі «Отан», «алтын дала» сияқты ұғымдармен бейнеленген:

Самалы бол Отанның салқындаған,

Сандуғаш бол, сайратсын алтын далаң.

Семсері бол Отанның қынабында,

Сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған.

...Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген,

Іс тынбайды «жанамын, күйемменен...»

Өгей әке емес қой Отан деген,

Отанды мен Атамдай иемденем [56, 32 б.]

Мүлдем тың тіркестер мен жаңа ойлар. Бұған дейін кездестірмеген теңеу. Ақындар, көбіне, Отанды анаға баласа, бұл өлеңде атасына теңелген. Ақынның келесі өлең жолдарында «туған жер» және «туған ұл» тіркестері қатарласып келген.

Соқсын, мейлі, үскіріп тыншымасын,

Саусағымды, бетімді шымшыласын.

Туған жердің ежелгі әзіліне

Туған ұлы шыдамай, кім шыдасын [56, 33 б.] ?..

Атақты «Үш бақытым» өлеңі шоқтығы биік жырларының бірі. Отанын Құдайындай құдірет тұтқан «Туған жер» концептісі «Отан» лексемасымен берілген.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,

Құдай деген кім десе, Отан дер ем [56, 66 б.] !

Ақын шығармаларында көтерілген ең маңызды тақырыптардың бірі және бірегейі – *Отан-ана, ырыс-мекен, кең дала*.

Отанды сүюдің не екенін «Отан» деген өлеңінде былай өрнектейді:

Мен оның күнін сүйем, түнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті түнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған.
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдағын!

Отанымен сырласады, мұңдасады. Отанынан барлық арман-тілегін атады.

Сүріну бар да, самғау бар,
Тірлікте кейде арбау бар.
Менде бір аппақ арман бар.
Ақтығы алғаш жауған қар.
Өмір бер маған аздаған,
Бақытым бер маған аздаған!

Жалғыз-ақ... Жалғыз арманым –
Сенесің бе, Отан?
Ақ жаным!..
Арқаңда сенің ардағым,
Ақ нұрға толы жан-жағым.
Аппақ нұр атқан таңдарым
Ақ жаным – жалғыз арманым!..
Тусам да сендей асылдан,
Мұңаям кейде, жасырман.

О, менің жалғыз бақытым,

Табылсаң болды қасымнан – деп Отанынан ақ жанына дауа сұрайды. Елден ерек сезімтал жанның көңілсіз шақтарының жиі болып тұратыны белгілі. Осындай шақтарында Отанының жанынан табылуын тілейді.

Ақын жаны мұңға, сезімге, қайғыға, қуанышқа толы. Жүрекпен сезіп, жүрекпен ауырсыну жаратылысы бөлек ақынның басынан кешетін қалыпты жағдайы. Ақынның көзі қырағы, қиялы шексіз, ойы терең. Осынша ауыртпалықты арқалап туған адамның жанын бірі түсінсе, бірі түсінбейді. Сол кезде ақынға серік болатын тек қана оның өлеңі екендігін мойындаймыз.

Ақын үшін бақ та, ар да, сиынатын жалғыз тәңірісі де – Отаны. Қазақтың аузында туған жердің мағыналастары Отан, ел, атамекен т.б. мол. Солардың ішіндегі *ел* лексемасы ең жиі қолданылатын нұсқаларының бірі. «Елім» деген өлеңінде:

Елім!

Саған ғашықпын.

Ғашықпын саған:

Құмарымды қандырып едім.

Батыр болып, бақ қонып, асып тұрса адам;

Қаруы жоқ құлың ғой алдыңда сенің.

Не сыйлайды, не береді келер күн?!

Неде болса тірі тұрсам, көрермін.

Желідегі құлынымын мен елдің,

Көгендегі қозысымын мен елдің.

Не сыйласын, несін берсін ел маған?!

Тұрсақ екен елім де аман, мен де аман.

Таулар – менің таусылмайтын бақытым,

Ал ырысым – *ұлан-ғайыр кең далам*.

Не істемекпін алтын, гауһар, жақұтты,
Оларды іздеп өткізбеспін уақытты.
Мен бақытсыз бола қойман сэрә да,
Туған елім болса екен бақытты.
Дәнеңе де сыйламасын келер күн,
Сый көрмей-ақ суалармын, сөнермін.
Туған елім тұғырында тұрса екен,
Әрі қарай...

Әрі қарай көрермін – деп өзінің қара басының бақытынан туған елінің бақытын жоғары қояды. Туған жерінің тек амандығын тілейтін ақиық ақынның таза жүрегінің лүпілін сезінеміз. Ақынға туған жердің таулары ерекше шабыт береді, ой салады, таусылмайтын бақытқа кенелтеді.

Өлең жолдарынан тек қазаққа ғана тән «Желідегі құлынымын мен елдің, көгендегі қозысымын мен елдің» деген бейнелі сөздер көзімізге оттай басылады. Қазақ ауылы. Әуелеген ән, күмбірлеген күй естіледі құлағымызға. Әр киіз үй жанындағы жерошақтардағы тайқазандар, сары бауырсақ, ақ жаулықты әжелер... Осылай шексіз жалғастыра беруге болады. Қазақтың ұлттық танымындағы атамекенмен байланысты ұғымдар. Ақын туған жерімен кіндігінен байланып, жыраққа кете алмайтын байланысын шебер тілмен, ұшқыр оймен жеткізеді. Туған жердің киесі кімді де болсын бағындыратынын жеріне жеткізе жырлайды. Отан ақын үшін – Құдай, Тәңірі.

Жақсы атанды демессің сүйем десем,
Табынатын тәңірім, ием де – сен.
Адам болып күн кешу қиын маған,
Арқа тұтып өзіңе сүйенбесем.

Сен менің сүйегім де, қанымдасың,
Жанымдасың, ұятым, арымдасың.
Саған деген махаббат дамылдасың,
Тек сенің топырағыңды жамылғасың.

Өзіңше түсің де ерек, ісің де ерек,
(Сырым бар саған айтар ішімде көп).
Қомағай көзімді бір тойдыра алмай,
Қорқамын бәрі осының түсім бе деп.

Қазақстан!

Пай,пай,пай!

Ардағым-ай!

Сен менің Шолпанымсың жанған ұдай.

Өзінде өмір сүрген қандай бақыт,

Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!.. – деп Отаныныа деген бар махаббатын жайып салады. Өзін туған топырағынан жаралған пенде санайтын ақынның Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі кімге болса да үлгі боларлық пәк сезімнің көрінісі.

М.Мақатаевтың туған мекені, кір жуып, кіндік кескен жері Алматы облысындағы «Қарасаз» ауылы. Әрине, Жерұйығы - туған ауылына арнап жазған өлеңі сезімге толы:

Мен бақыттымын,

Бақытты жерде тудым.

Айналайын, Қарасаз,

Қасиетінен суының!

Сенің әрбір бұлағың

Менің әрбір қан тамырым емес пе?

Қасиетті тұрағым,

Қасиетінен суыңның!- дей келіп,

Қарасазым!

Айтылмаған сөзім ең,

Мен іздесең бақыттың сен өзі ме ең?

Сенің ғажап табиғатыңды кімге айтам,

Кім құмартса, өзі көрсін көзімен...

Қарасазының сұлу табиғаты оған бақыт сыйлайды, оған деген мақтаныш сезімі кеудесін кернейді.

«Қырықыншы жылдардағы бесік жырынан» деген туындыда «туған жерге оралу» тақырыбы козғалады. Ежелден бергі батырының қалтасына «туған жердің топырақ салып беру» ырымы болған. Жаугершіліктен, майдан алаңынан аман-есен туған жеріне, еліне оралсын деген ниет, тілектен туындаған ырым. Туған жердің топырағын ұстап, рухани күш алып жауды ойсырата жеңіп келеді деген сенім.

«Оралар туған жеріне,
Топырақ сап бер», - деді де,
Дұғасын оқып, күбірлеп,
Әжең де қалған жөніне.

«Оралсын аман жеріне,
Көріссін туған елімен», -
Дедім де көздей қалтаға
Топырақ түйіп беріп ем [56, 67 б.]

Адам қайтпас сапарға аттанғанда да шырылдап дүниеге келген жерінің топырағының бұйыруын тілейді. «Әркімнің өз жері – жұмақ» дегендей, туған жердің топырағы да, желі де, күні де ерекше ыстық, ерекше жақын. Жанына дауа тапқан туған топырағы, деміне шипа берген туған жердің кәусар ауасы.

Енді емделсем,
Туған жердің топырағымен емделем,
Ескек желмен еңтігімді
Басқанымды жөн көрем [56, 185 б.]

Ақынның көкірегіндегі «Қуаныш» жыр болып ағылып, таңертең шыққан күн сияқты шапағын шашады. «Туған жер» концептісі «ауыл» лексемасымен берілген, ақынның танымында бала кезінде аунап-қунаған «құс төсек» туған жерімен ассоциацияланады. Аспанды көрпе, жұлдызды шырақ, жерді құс

төсек санайтын кең даланың қазағына туған жерінде өткізген күндері мен түндері ең бір бақытты шақтары.

Жетемін ертең ауылға,
Ағайын, туған, бауырға.
Туған жер болар құс төсек,
Аспаның – көрпе, жамыл да,
Дамылда, жаным, дамылда,
Бақытты сол бір шағында [56, 187 б.]

Отан!

Отан!

Сен болмасаң не етер ем?

Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем,

Өмірде құр өксумен өтер ем –деп ағынан жарылады.
«Райымбек! Райымбек!» деген поэмасында қазақ жерінің, туып-өскен мекенінің, өлгенде де баратын жері болғандығын қалайды.

Көр болса да болса екен қазақ жері,
Қазақ жері болғасын – Атамекен [56, 229 б.]

Туған жерімен сыр алмаса отырып «туған жер» концептісін «туған дала» тіркесімен бейнелеген.

Сырлар бар-ау қойныңда, *туған далам*,
Ақтарылған қанынан қазағыңның
Құзғыны да Құдайдың құр қалмаған [56, 231 б.]

Келесі жолдарда «туған жер» концептісі «жер», «су», «мекен» лексемаларымен берілген.

Қүдіреттің құсы деп аталыпты екеуі,
Қайда екені белгісіз *жері, суы – мекені* [56, 235 б.]

Аспан да, жер де катынасқа түсіп өрбіген «Ару ана» атты поэмасында «мекен», «ел», «тұрақ» ұғымдары жиі жұмсалады.

Мекені жоқ, елі жоқ тұрақ қылған,
Жерді төсек, жұлдызды шырақ қылған [56, 262 б.]

Мұқағали ақынның жырларында «мекен» ұғымының топтамасы мынадай сөз тіркестері арқылы берілген: «*ата*

мекен», «ақ мекен», «құт мекен», «бақ мекен», «ырыс мекен», «асыл мекен», «тың мекен», «жер мекен», «аяулы мекен» және т.б.

...Айналайын!

Атамекен, Ақ мекен!

Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!

Туған өлке тәтті екен ғой,

Тәтті екен [56, 198 б.] !

«Құт мекені» атты шығармасында «жерге кіндікпен байлану» идеясы – мәңгілікке сол жерде қалу мағынасында бейнеленген.

Құтты мекенге қанатын көктен жайған күн,

Осынау жерге кіндігімменен байландым [56, 210 б.]

Келесі жолдарда ақынның айналып-толғанып отыратын «туған жері» «аяулы мекен», «дарқан ел», «туған ел» тіркестерімен өріліп жазылған.

Айналдым сенен, аяулы мекен, дарқан ел!

Туған елінің тасы дағы гүл еккен [56, 210 б.]

Ақиық ақынның «Бақ мекен» атты өлеңінде «бақыт» ұғымының мазмұнын «мекенінен» тапқан ақынның сыры жазылған. Әдемі үйлесімділік орын алған осы өлең «атамекеннің» негізгі мағынасын, мәнін ашып тұрғандай.

Құт мекен,

Ырыс мекен,

Асыл мекен,

Ақ бидай ақтарылған шашу ма екен?!

Бабаларым аңсаған бақыт деген

Байқасам, бүгін менің қасымда екен.

Ырыс ағып жатыр ғой,

Ырыс ағып,

Бақ мекеннен барша жұрт тыныс алып,

Бак мекенде қанша жұрт туысады.

Достасады алдында ұлы іс алып.

Сен – ерліктің мекені шынықтырған,
Еркіндікпен, еңбекпен тынықтырған.

Қасиетті Қазақстан!

Тың мекенім,

Әлемге атағыңды ту көтердім [56, 230 б.] - деп кең байтақ жеріміздің иесі қазақ болып қала беру керек, оның ен байлығы алтын астығы, еңбекпен келетін байлығы туған жерінің еншісінде қалуға тиісті деген ойды танытады. Ата-баба аманаты да сол. «Оралындар» деген өлеңінде «туған жерсіз бақыт жоқ» деген ойды насихаттайды:

Азаматтар, оралындар, оралындар елге,

Туған жерсіз бақыт та жоқ, бола қалса сенбе!

Жүрегі «Отаным» деп соққан ақынның жырларын оқып сусындаған ұрпақтың бойында туған жеріне деген махаббат оты лаулай түсетіндігі анық.

Сағи Жиенбаевтің шығармаларында «туған жер» концептісі «ауыл», «аймақ», «қоныс» сияқты тілдік бейнелермен берілген. «Ауылға барғанда» деген шығармасының өзінде «атамекен» концептісін «туған дала» және «ауыл» ұғымдарымен өреді.

Аралап туған даланы,

Ауылға қайтып келемін [57, 55 б.]

Ақын ағамыздың көптеген шығармалары құстардың тақырыбында өрбиді. «Жыл құсы», «бақ құсы», «адал құс» сияқты тіркестер өлең жолдарынан көптеп кездеседі.

«Жапырақ» атты туындыда күз мезгіліндегі жасыл желекті жамағаттың жапырағынан айырылып, туған өлкесін тастап жылы жаққа қанат қаққан қанаттылардың да тағдырына шолу жасалады.

Туған жерге бір қарап,

Өтіп жатыр жыл құсы [57, 72 б.]

«Бұзба, жаным» деген тақырыпта терең лиризммен бейнелі ұғымдарға толы өлең жолдары бүлдіршіндерге тәрбие мен тағылым көпіріндей жазылған. Қанатты тіршілік иесінің түлеп ұшқан ұясы жайында, «атамекен» концептісінің мағынасына жакын «мекен» ұғымымен түсіндірілген.

Көрген алғаш күн нұрын

Мекені ғой ұлы бұл,

Қызық көріп бір күні

Бұзып қойма, құлыным [57, 75 б.]

Сағи ақынның «Мен іздеген бақ құсы» өлеңі де қанатты жанның қажеттілігі мен қасиеті жайында сыр шертеді. «Туған жер» концептісі «*туып-өскен мекен*», «*туған жер*» тіркестері арқылы бейнеленген.

Әуел баста-ақ оны мен

Іздеппін ғой бекерге,

Жүр екен ғой менімен

Туып-өскен мекенде...

Ұясынан шығып ап,

Ұшады бір құс күнде.

Жүреді ылғи зымырап,

Туған жердің үстінде [57, 78 б.]

Ақынның өлеңдерінен жыл мезгіліне, жер көркіне, жалпы табиғатқа байланысты жолдарды іздеп табу қиын емес. Мысалы, «Дән жұпары» атты туындысында мезгілге сай жыр маржандары тізілген.

Самалдап, сағымданым *туған аймақ*,

Тамызда кетуші еді жылда жайнап [57, 137 б.] ...

«Тілектес» деген шығармасында «туып-өскен дала» ұғымы арқылы «туған жер» концептісінің мазмұны ашылған.

Көріп келем *туып-өскен даланы*,

Бұл даланың таусылмайтын бар әні [57, 228 б.] ...

«Сыр дүлдүлі» деп сырға тағып «Түрекем» акынға арнаған жырларында «туған елінің» ырзашылығына ие болған акын мәңгілік деген ой тастайды..

Үнің тұр елдің көңіл асқарында,
Жырың тұр *туған жердің тастарында...*
Туған жер мәңгі бақи ұмытпайды,
Туған ел мәңгі бақи ырза саған [57, 289 б.] !

Поэзия зергерінің «Ақбота» туындысында «туған жер» концептісі «ата қоныс», «айдын» ұғымдары арқылы бейнеленіп, мағынасын толықтыра түскен.

Жатыр құстар жамырасып
Ата қоныс – айдында
«Дарындыда ауыл жоқ,
Дарындыда *Отан* бар!» [57, 496 б.] – деп жырлайды.

Тасыған заманмен басылған заманды, шошыған заманмен асырған заманды үйлестіре жырлап, бар дарынын халқына, Отанына арнаған Қадыр Мырза Әлидің акындық әлемінің тілдік бейнесі сан қырлы, сан түрлі. «Туған жер» тақырыбына өзгеден ерекше үн, ерекше сыр қосқан.

«Сері» деп аталған мына бір өлеңінде «түз» сөзінің мағынасын «туған жер» ұғымымен ұштастырып әкеліп, «серіліктің» сырын ашады, мазмұнын шыңдайды.

Туған жерім – түз дейді,
Таңға ғашық бұл кісі [58, 496 б.]

Өзара бөліскен махаббат сезімі. «Бұлбұл бағы» деп аталатын кітабының бірінші бөлімінің эпиграфынан бастап туған жер тақырыбы жырланған асаулық бейне көрсетеді.

Мекен-жұртым, жыр күтіп далаң менен,
Мен далаңнан нәр алып, аман келем.
Екі нәрсе мәңгілік:
Бірі – өзің де,
Бірі – мендік махаббат саған деген [58, 15 б.]

Зар заман мен нар заманның арасындағы аласапыран заманды суреттеген өлең жолдары қаншама. Келесі өлең жолдарында өмір шындығына баса назар аударылған.

Сосын патша оларды қанатынан қайырып,

Жер аудара бастаған *Туған жерден* айырып [58, 15 б.]

Қарапайым тіршілік. Құтты қонақты асты-үстіне түсіп құрметтей білу қазақ қоғамының қанындағы жақсы қасиеттердің бірі. Дастархан жайып, сый-құрмет көрсету де ежелгі дәстүр болып қалыптасқан. Кең дастарханды туған жерімен, таусылмас ырыспен ұштастырады.

Қожайынға бейтаныс боп шық мейлі,

«Қонақ келді! Ал, бәйбіше, күт!» - деді,

Ә, дегенше дайын болған дастархан,

О да сендей, о, *Туған жер*, бітпейді [58, 16 б.]!

Туған жердің ешкімге белгісіз бірақ көзге айнадай анық көрінетін өзіндік тылсым сырларын шырқау шыңға қарап, түпсіз теңізге қарап, ұлы даланы көріп тани аламыз. Тани отыра төмен болмай, шыңдай заңғар болуды, тайыз болмай, телегей терең кемеңгер болуды Қадыр Мырза Әли мына бір шумағында тамаша жеткізген:

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:

Теңіз кешіп, шың басына шығыпты ер.

Көре тұра мынау ұлы даланы,

Қалай кіші боламыз, ей, жігіттер[58, 16 б.]!

Байтақ даланың байрақ баласы байлаған «жерұйық» атауын өлеңге енгізу—жерінің жұмақтығын көрсету. «Туған жердің» мағынасы тілдік бейнеде «*көкжиек*», «*дала*», «*жерұйық*» ұғымдарымен берілген.

Көкжиекке көзін ғана жакындар,

Бұл даланы *жерұйық* де,

Қақың бар [58, 16 б.]

Толығымен жеріне берілу, өмірдің сонар басынан соңына дейін созылған ғұмырының бәрін жеріне арнайды.

Тудым сенде, тудым мен күй елінде,
Маған қымбат сондықтан тиегің де.
Бар асылым – өмірім – өзіндікі.

Өзіңдікі өлген соң сүйегім де [58, 17 б.]!

Алдында ескерілген салт-дәстүр жайлы жазбалардағыдай Қадыр ақынның «Көш» атты өлеңінде «туған жердің топырағы» сынды қасиетті ұғым қолданылған. «Жер» дегенде ішкен асын жерге қоятын қазақтың патриоттық сезімі ежелден осы «туған жердің бір уыс топырағымен» байланысты. Жауға шапқанда, елден жырақ кеткенде туған жерінің бір уыс топырағын беліне байлап алып кету қазақтың қанына сіңген, санасынан мықтап орын алған.

Көш келеді:

Қолда – қару,

Белбеуде –

Туған жердің топырағы бір уыс [58, 67 б.]!

«Тарихпен тілдесу» деген мазмұнды шығарманың мән-мағынасында тарих тақырыбына тереңдеп сапар шеге аламыз.

Талай сырды талай жыл көміп кеткен,

Туған жердің мола ғып бел-дөңесін [58, 69 б.]

«Шок жұлдыз» деп қазақтың біртуар жандарына арналған өлеңдер топтамасының алғашқы жыры Әл-Фарабиға арналған. «Туған жер» концептісі *«жиһан дала»*, *«туған жер»* ұғымдарымен бейнеленген.

Жарты жиһан даланың ұлы едің де,

Жат жерде сен соны ойлап жүдедің бе?

Қадыр түні, мен кепіл, құдайыңнан

Туған жерді көрсет деп тіледің де [58, 74 б.]!

Қажымұқанға арналған өлең жолдарында «туған жер» концептісі «сайын дала» ұғымымен бейнеленіп, «өз анаң, өз әкең» деген тіркестер арқылы өзінің еншісіндегі жер екендігін көрсете кеткен.

Сайын далаң – өзің анаң, өз әкең,

Сол далаға тартпай туған аз екен [58, 79 б.]

«Ауыл – Атамекен пернесі» деп аталатын туған жер тақырыбындағы өлеңдер топтамасынан «*Отан*», «*Дала*», «*туған дала*», «*ауыл*», «*қайран дала*», «*сыр дала*», «*нұр дала*», «*туған жер*», «*жусан иісі*», «*көк жайлау*» сияқты тілдік бейнелерінен «туған жер» концептісін айнытпай көре аламыз.

Жұмақ болып көзіне

Жайнап тұрсын мекенің,

Білсін қарап өзіне

Елін қандай екенін [58, 89 б.]!

«Той – тамаша пернесі» деген тақырыбы көңіл кеңдігін жырлайтын өлең жолдарында «той» сөзінің мағынасын тұңғыықтан алып, тереңнен ойлап бейнелеген.

Туған жер тыныш ұйықтаса,

Той емес пе екен ол саған [58, 130 б.]?! – деген ой қарапайым адамның ойына келіп-кетуі әлдеқалай нәрсе.

«Ел және мен» өлеңіндегі маңызды ұғымдардың үйлесімділік сыры перзенттік махаббат. Атқан таңы, батқан күні, балаусасы балбыраған баурайы ыстық жер – туған жер. «Туған жер» концептісі осы өлең жолдарында туған жердің «шуағы», «суы», «теңізі» сияқты ұғымдары арқылы танылады.

Қуат алып шуағынан,

Суынан,

Туған жердің теңізіне жуынам [58, 222 б.]

Тұманбай Молдағалиевтің шығармаларынан көрінетін «туған жер» бейнесі «туған мекен» тіркесімен жиі көрінеді.

Алдымнан шықты жүгіріп,

Осынау *туған мекенім* [59, 32 б.]

«Тұс киіз» деп аталатын шығармашылық бояулары жан-жақты бейнеленген шығарманың өн бойынан «туған жер» концептісіне қатысты ұғымдарды бірталай кездестіреміз. «Өзен-көл, орман-тоғай» деп жиып әкеліп «туған далаға» өңгереді.

Тұс киізге жайнатып түсіріпті-ау,

Туған жердің жайнатып жасыл кезін...

Балам *туған даласын* ұмытпасын

Деп тұсыма анашым кетті ме іліп [59, 33 б.]?!

«Туған жерде жүргенде өлім де еске келмейді» - деп Тұманбай ақынның өзі айтып кеткендей туған жердің құдіретті күші әркімге еселеп бақ береді. Түсінген адам – жырлайды, түсінбеген – жылайды.

Туған жерде жүрсем мен

Бір қызулық пайда болып бойымда.

Көңілімнің күнгейінде

Жайылады көп жылқым,

Жайылады қора толы қойым да [59, 34 б.]

«20 март» деп белгіленген кітап парағының мазмұны туылған күн жайында. Бірақ «туған жерге» қатысты мынадай әсем жолдар көзіңді тартпай қоймайды. «Туған жер» концептісі «ақ бесігім» тілдік бейнесінің мазмұнында жатыр.

Өзің жүрсен қасымда, *ақ бесігім*

Анашымның қолымен тербелгендей [59, 38 б.]!

Мәрияш Жақсымбетоваға арналып жазылған «Құс туралы жыр» өлеңінде қанат иелерінің де туған жеріне сағына жететіндігі жырланған. Адам үшін де, жоқ басқа тіршілік иесі үшін де туған жері – ең қымбат мекені.

Сағынып құстар көктемде,

Қайтпай ма *туған жеріне* [59, 45 б.]

Менің жерім. Менің мекенім. Менің байлығым. Ары қарай жалғастыра алсаң – сен бақыттың құшағында жүрген жансын. Оқығанда осынау ойлар ой торабын торлап алып кеуденді мақтанышқа толтыратын сезім – ақынның жеткізгісі келген сезімі. «Туған жер» концептісіне қатысты ұғымдардың барлығы осы төрт жол өлеңге оңай еніп, терең мағына беріп отыр.

Ұлан байтақ осынау *қасиетті кең жерге*

Қанаттары талады құстар ұшып келгенде.

Өзен, көлі, даласы, жасыл тауы, баулары

Өмір сүріп тұрғандай менің титтей кеудемде [59, 113 б.]
Алатау өлкесінің ұланы өз маңайын жырға қосып, нұрға
балайды.

Тауға шықтым, алғаш ұқтым биіктіктің не екенін,
Жұлдыздардың тұр қасында менің *туған мекенім* [59, 160
б.].!

«Алатаудың ұлымын» деп шыққан тегін, туған жерін атап
өту әр акынның жырындағы мәртебе. Бұл өлең жолдарында
«туған жер» концептісі *«саялы жер»*, *«туған жер»*
тіркестерімен бейнеленеді.

Саялы жер, салқын жел –
Сүйем мен де Торғайды.
Туған жерден артық жер
Бірақ ешбір болмайды.

Сонымен қатар, «атамекен» концептісі *«мекен»*, *«тау»*
фреймдерімен берілген. Өзінің туған жеріне «табыну» арқылы
адалдығын, шексіз сезімін көрсетеді.

Керек болсам тауып ал,
Осы жерде *мекенім*
Тірлігімде тауыма
Табынумен өтемін [59, 199 б.]

Акын шығармаларында жан-жануарлардың қоныстайтын
мекендері жайында да таным ізденістерін көрсететін
тақырыптар бар. Мысалы, «Бұғылар» өлеңінде «қарлы мекен»,
«кең мекен» сияқты тіркестер арқылы «туған жерінің» табиғаты
көрінеді.

Бұғыларға ұнайды,
Қарлы мекен, кең мекен [59, 211 б.]

«Бүркіт» деген өлеңінде *«туған жер»* *«туған шың»*
тіркесімен беріліп, туған жердің үскірік аязы да, аптпа ыстығы
да бақыт екендігін жырлайды.

Мейлі боран борасын, мейлі шілде шыжысын,
Өзі *туған шыңында* бәрі бақыт бұл үшін...

Тастамайды мекенін ыстықта да, суықта
Арман әнін шырқайды қар жамылып тұрып та [55, 212 б.]
«Саха кызының монологі» тарихымыздан сыр шертеді.

Арал теңіз – бір кезде біз көшкен жер,
Біздің ата-бабамыз бірге өскен жер.

Сахалардың анасы кірін жуып,
Сахалардың атасы күн кешкен жер [59, 213 б.]

Бақанас жерінде Ұлы Отан соғысында қаза болған ерлерге
ескерткіш ашылған сәтте туған жерге сағынып «Келдіңдер ме,
ағалар» деп, тебірене жүрек сиясымен жазады.

Тұңғықтың түбінен шығып бүгін
Туған жерге, ағалар, келдіңдер ме?!

Келдіңдер ме әскерден босап түгел
Туған жерді сағынып келдіңдер ме [59, 383 б.]?!

Қазақ халқының маңдайына жазылып, бағына бұйырған
тәуелсіздіктің арайлап атқан ақ таңын әуелеткен, әр қазақтың
жүрегінде лүпіл үні болып шырқаған әнұранның авторларының
бірі Жұмекен Нәжімеденовтің шығармашылығындағы «туған
жер» концептісі тілдік бейненің балауса бояуларына ие. «Уа,
туған жер, шүкірсің!» өлеңінің бір өзінде тебіреніс пен
толқыныс егіз.

Уа, *туған жер*, шүкірсің!
Топырағыңа киелі.

Бір есуас түкірсе,
Ол бетіме тиеді...

Бал-балауса, байтақ өлке, кең мекен,
Бала гүлді кім оятты, жел ме екен [60, 90 б.]?

«Көкжиек», «дария-дала», «қара ағаш», «ұзын бел»,
«баурай бұлты» сияқты «туған жер» концептісіне қатысты
кестелі бейнелерге бай Жұмекен ақынның поэзиясы - көркем
дүние.

Теріңмен жібiт жердi, сонда ғана
Хақың бар *туған жерге* көмiлуге [60, 24 б.]

Пенденің тіршілігі перзенттік борыштан құралады. Біз Табиғат-ананың, Жер-ананың перзентіміз. Шын ақындық таланттан туған жолдарда ой мен сезім, пафос ұштасып жатыр.

Сөзді емес, отырып-ақ өз төсінде,..

Албыртам, асығамын аз өмірде

Туған жер, ойланамын өзін жайлы [60, 24 б.]

Атамекенге деген сағыныш, тамыры таралған түп қазығын аңсау. аталар рухына бағышталған құрмет сезімі басымдылық танытқан жер-жерден Отанына қоныс аударған оралып келушілердің қатарында асыл сөзі сұңқардай самғаған ақындар көшін бастаған Оразақын Асқар. Оның поэзиясында патриоттық сезім анық көрініп, айқын баяндалған. Мысалы, «Мен – Алаштың ұлымын» өлеңі.

Оралдым содан *атамекеніме*,

Айтшы атамекенге әсте жетеді не [61, 103 б.]?!

Бұл жерде әкем, ата-бабам жүрген,

Қонысын қойнауынан табам бірден [61, 104 б.]

«Жат жердің аптабы да тоңдырады, туған жерің – Жерұйығың, ол сенің – бағың да барын да деген идеяны ұсынады.

Туған жер – жердің ұйығы...

Жат жердің тіпті аптабы

Тоңдырар суық түнектей...

Осынша бағы асқанды

Тұра алман күнде жыр етпей.

Жерұйық – туған жерімнің

Аруын күнде бір өппей [61, 137 б.]

«Атамекенге оралудың» басты себебі – туған өлкенің ауасын жұтып, қаны бір жамағатпен қарым-қатынас жасап, әке мұрасын балаға жалғастыру. Осы өлең жолдарында «туған жер» концептісі «*асқар таулы*», «*жасыл орман*», «*тарихи отан*» тіркестерімен бейнеленген.

Атажұрт асқар таулы, жасыл орман,

Әкеден болған мұра асыл арман.

Тарихи отаныма оралудың

Күтуші ем ес білгелі сәтін алдан [62, 166 б.]

Барлық жат жерге тағдырдың талайымен кетіп қалған
қандастарымыздың өзінің ата-бабасының туған жеріне оралуды
аңсайтынын және оны ата-бабасының аманаты ретінде
қабылдайтындықтарын тілге тиек етеді.

Жайлы орын, жақсы жағдай бәрін тастап,

Жиналдым *атамекен* саған суыт...

Құлазып өзім туған жерім қалды,

Алатын жұлде, шекпен, шенім қалды [62, 166 б.]

Қадыр Мырза Әлидің шебер аудармасының үлесіне тиген
Олжас Сүлейменовтің «Ришад, қыр қазағының баласы» деген
өлеңіндегі кейіпкерінің жүрек түкпірінде жатқан туған жерге
деген сағынышы жүрегін сыздатып, көзіне жас алдырады.

Мен сыйлаған тақияны

Төсіне

Басып тұрып,

Қарады-ау бір тесіле.

Үнсіз-түнсіз кетті әкесі бұрлып

Туған жері түсті ме екен есіне[63, 64 б.]

Олжас ақынның шығармаларындағы «туған жер» ұғымы
«*туған ұя*», «*туған дала*» тіркестерімен сипатталған.

Бір айналып *туған ұя* үстінен

Жібермейді *туған дала* бірақ та,

Жібермейді қимастықтың тұзағы [63, 131 б.]

XX ғасырдың «Поэзия аккуы» атанған Марфуға
Айтқожинаның шығармашылық лабораториясындағы
«атамекен» концептісі «*ауыл*», «*мекен*», «*туған жер*» сияқты
қарапайым ұғымдармен берілген. Мысалы, «Ауылым» атты
өлеңінде туған жерді былайша суреттейді:

Туған жер, артықсың ғой күллі асылдан.

Сен ғана мерейімді күнде асырған [64, 10 б.]

«Бір уыс топырақ» тақырыбы көптеген акындардың шығармаларына арқау болады. Батырлық мәнін ашу үшін де, сыйластық мәнін ашу үшін де, сағыныш сезімін баяндау үшін де «бір уыс топырақтың» маңыздылығы көркем суреттеледі. Әйел-ақынның поэзиясындағы туған жер «тас қора» тілдік бейнесімен де берілген.

Қаншама артық болса да басқа қала,
Жетер ме өз *туған жер, тас қораңа* [63, 86 б.]

Бір уыс топырағы үшін туған жердің,
Жатады қантөгіс қып қанша халық [63, 86 б.]

Келесі өлең жолдарында «*атамекен*» концептісі «*ая*», «*туған жер*» сөздері арқылы ұғынылады.

Аяңнан алыстасам, *о туған жер,*
Ораламын өзіңе ансар ауып [64, 87 б.]

Жүрек тебіренісінің түпкіріндегі туған жер тақырыбы «*мекен*», «*дала*», «*қара тас*», «*көкжиек*» секілді қазақтың санасындағы асыл ұғымдармен берілген.

Мекен ғой бұл, ел көшкен қия құздан,
Қара тастан жас тамып, күй ағызған.
Жақсыны да, жаманды көрген *дала*,
Кендігінен кеудеге сия алғызған.
Мекен ғой бұл тұлпардың ізі қалған
Көкжиекті жүріпті жүзіп арман.
Домбырадан бір мезгіл күй толастап,
Арулардан нәзік үн үзіп алған.
Мекен ғой бұл қызыққа бір қанбаған,
Бұлт үкісі биікте бұлғаңдаған.

Дала бейне *тұс көріп жатқан батыр,*
Қадалып келбетіне тұрған маған [65, 166 б.]

Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясына енген шығармалары арқылы бал бөбектің мінезіне, тәрбиесіне әсер

еткен ақын Қастек Баянбаевтың «Ұя» деген өленде құс атаулының мекеніне тоқталады. «*Алтын ұя*», «*туған ұя*» тіркестерінің қолданылатын ой шеңбері туған жерге қатысты.

Сол ұяны талдағы

Қараторғай мекендеп,

Күні бойы сайрайды,

Жайлы пәтер екен деп [66, 280 б.]

«Танертен» деп аталған өлеңінде «асқар таудың етегін» малшылардың мееніне айналдырып, таулы жердің қазағының тұрмыс-тіршілгінен хабар береді.

Малшылардың мекені –

Асқар таудың етегі [66, 281 б.]

Философиялық тебіреніспен ой тербеткен Төлеген Айбергеновтің шығармаларындағы «туған жер» тақырыбының асаулығын «Аруана – бауыр дүние» деп аталатын өлеңіндегі «Туған жер, сен деп қайғыра алмасам, тағдыр да мені бай қылмас», – деген сөздерінен ұға аламыз [67, 527 б.].

Сүйдім мен сені *туған мекенім* деп,

«Соры бар» сор топырақ шекерім боп [66, 16 б.]

Туған жердің сор топырағы да тәтті шекер болып таңдайына тататын ақынды қалайша патриот демессің? «*Дала*», «*Туған дала*», «*Туған жер*», «*Өскен жер*» деп аталатын өлеңдерінде де Отанына деген шексіз махаббаты жырланады. Әр өлеңінде Төлеген ақын жырау поэзиясынан сусындағанын да аңғарта өтеді, өз ғасырының жасампаз жаршысы екенін де байқатады.

Арманың ада болмас арна сенің,

Туған жер, сірә, сенің бар ма шегің [66, 20 б.]?!

Туған дала, неткен әсем қырларың?

Қойыңда өтті менің сәби жылдарым [66, 175 б.]

Өскен жер, кіндік кескен жер,

Қымбат қой қырыңнан ескен жел [66, 163 б.]

Жасаған өз қолымен молшылықты
Кең ойлы кемеңгерлер отаны бұл [66, 70 б.]!

Көл-дария көкірегімнен бір тұнба ашып,
Мен тұрмын *ата-баба жұртын* басып [66, 92 б.]

Түп-түгел төрт құбыламды түстік етіп,
Туған жер, мен сен салған құс түлетіп,
Дүние-ай, қандай жақсы ед табанына
Тұрғаны өз топырағыңнан ыстық өтіп [66, 92 б.]

«Ата қонысында» өлеңінің астарында зор өкініш тікенегі көрінеді. Қазыналы атамекен тіркесі жиі қолданыла қоймайтын тіркес, ақын ойының тосындығын, тілінің құнарлығын танытатын жолдар.

Сарыарқа сағымданып қалып кетті
Телегей мұң мен шердің мекені боп...
О, тағдыр, мына тағдыр қатал екен,
Қалды артта *қазыналы атамекен* [66, 161 б.]

«Ордабасы жырларының» авторы Сабырхан Асановтың бірінші жырында «атамекен» концептісі «*ата жер*» секілді жаңа ұғыммен берілген.

Ордабасы, асқақтаған *ата жер*,
Құрметпенен бүгін бір тіл катады ел [68, 9 б.]

Әруакты *бабалардың мекені*,
Белгілі ғой берекелі екені [68, 12 б.]

Күліп-ойнап қалу үшін тірлікте,
Түстігіме – туған жерге қашамын [68, 460 б.]

С. Абдрахменовтың құрастыруымен бастырылған қазақ поэзиясының антологиясындағы С.Асановтың мынадай жырлары бар.

Туысымдай ыстық мынау тұрған бел,
Ата-бабам сауық-сайран құрған бел.
Алматыда тұншыққанда алты ай жаз,
Жанымды алып қалып жүрсің, *туған жер!*

Қаланың түтінді көшелерінен, тынымсыз тіршілігінен
қашып, туған жердің самалын саялаған жүрек түпкіріндегі
сезімдерін ақтарады.

Кеңіп тыныс,
қуанғаннан айтам ән,
Кеудем қандай отты ауанды шайқаған.
Кең дүниеге келтірген де сен болсаң,
Паналап кеп жүрмін саған қайтадан [69, 461 б.]!

Марат Отарәлиевтің туындысының өн бойында
«*атамекен*», «*туған жер*» тақырыбы барынша жырланады.

Айтсайшы *туған жер* деген не,
Алыстап кеткенде сағынтқан...
Туған жер – толқын ба жарға ұрған,
Жанар ма сіңірген таң нұрын [69, 542 б.]

Туған жерді таңнан да, кештен де, аспан мен бұлттан да,
күн менен түннен де, тау менен тастан да, толқыннан да
тасқыннан да, орман-тоғай, белден де, аққан өзен-көлден де
іздейді.

Өмірдің арайлы таңы ма,
Симайтын осынау өлеңге.
Аяулы достардың жаны ма,
Айтсайшы, *туған жер* деген не [69, 542 б.]!

«Поэзия патшайымы» атанған ақын апамыз Фариза
Оңғарсынованың поэзиясындағы атамекеннің бейнесі ерекше.

Туған жер, туған ауыл қымбат маған,
Ешкімге бұл сезімді былғатпағам.

Мен оның өзім ғана сезінетін

Қастерлі қасиетін жырлап бағам [70, 179 б.] – деп айтқан
әйел-ақынның санасы мен жүрегіндегі туған жер біртұтас.

Туған жерінің байтақтығын «құшағының кеңдігімен»
өлшейді.

О, *туған жер*, кеңпейл, құшағың кең,

Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен [70, 7 б.]

«Туған ауыл» деген атауды арқалаған ақын апамыздың
шығармасында «туған жер» концептісі «*туған ауыл*»
лексемасымен тығыз байланысты.

Мен туған ауыл – *Ай мекен*,

Еске алмай жүрер күнім кем [70, 97 б.]

«Ақкенженің өсиеті» деп аталған Сыр бойындағы «Ақ
әженің» елу елге таралған өсиет өлеңдерін ақынның
шығармаларында көрініс береді. Үш күнге созылған «Билер
кеңесіне» келген ақ әженің айтқан өсиет сөзінде «аймақ»,
«атамекен» ұғымдары орын алады.

Осынау *атамекен аймағыңды*

Тастауға дайынсыңдар бір-ақ күреп [70, 128 б.]

«Өлген ойларды» тірілткен ақын поэзиясындағы
«атамекен» концептісі «*дала*», «*көл*», «*тау*» фреймдері арқылы
бейнеленген.

Менің құйттай *далам-ай!*

Перзенттігім рас болса, қалай өтем қарамай,

көлің мынау шарадай,

тауың асқақ, ел сүйенер ағадай [70, 143 б.]

«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Дүйсенбек
Қанатбаев туған жердің қадірі мен қасиеті жайлы толғанады.

«Адыраспан» аталатын өлеңінде ыстық жақта өсетін, өткір иісті
дәрілік шөптің долы желге қарсы тұрып, өзінің өскен жерінен
ажырамағанын адам баласына үлгі-өнеге есебінде жеткізген.

Дала – аңызак қактаған,

Алтыннан қазір су сыйлы...

Әйтеуір оған даланың
Аспаны болса болғаны.
Әйтеуір оған даланың
Аптабы болса болғаны.
Даланың долы желі де
Жұлқиды адыраспанды –
Сонда да ол өскен жерінен
Екі елі ажыраспайды [69, 563 б.]...

Дүйсенбек ақынның «Қасиетті қас қағым» деген өлең жолдарында туған жер «байрақ», «Отан», «аспан» фреймдері арқылы бейнеленген.

Сол байраққа бізден басқа ие кім,
Сол байрақты емін-еркін сүй, елім.
Отанымның мөлдіретіп аспанын,
Желбірей түс, желбірей түс, киелім [69, 119 б.]!

XVIII ғасырда өмір сүрген түрікмен халқының классик ақын Мақтымқұлыдан (лақап аты – Фраги) аударылған «Түркмен тағдыры» өлеңінде «Жейхун-Әму, Атырау-Хазар арасын» жайлаған түркмен халқының тұрмыс-тіршілігі болашағына деген сеніммен жырланған.

Әділ мекен, байтақ оның саясы,
Жайылады шөлінде нар, маясы.
Кеңі түсер жайлауының аясы,..

Жер жұмағы болар елі түркменнің [69, 122 б.]

Жалынды жырларымен дүйім жұрттың жүрегінен орын алған Мұхтар Шахановтың өлеңдеріндегі «туған жер» концептісінің қолданылу аясы кең. Махамбеттің соңғы сөзі деп көрсетілген «Нарынқұм зауалы» өлеңінде «*атамекен*», «*туған елім*», «*Отаным*» сөздері кең мағынасында жұмсалады.

Бара жатты *атамекен* Ақжайықты жағалап,

Жүрегімнен аққан қанға боялыпты бар алап [71, 575 б.]

Туған жеріне деген шынайы жанашырлық өлім аранында жатқан Махамбет ақынның аузынан шыққан сөздерден көрінеді:

Туған елім – арман, мұңым,
Енді сені жетелейді жол қалай?
Менің бассыз қалғандығым
Сенің бассыз қалғандығың болмағай [71, 575 б.]

Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын
Оның тартар азабы да соншама [71, 575 б.]

Наркескен ақын Махамбеттің туған еліне деген шексіз махаббаты мен оның жолындағы азап-қасіретін жер қойнына бірге алып кеткендегі сезім-күйін көрсетеді.

Туған елім,
Күдіретімсің аңсаған.
Алдан жарық күн шыққанша
Кескініңді көрмейінші шаршаған.
Пасық ойлар тұншыққанша,
Дулығаны қак жарып гүл шыққанша,
Жер астынан қарап жатам мен саған [71, 576 б.]

«Әке үкімі» деп көрсетілген бөлімінде әке мен баланың арасындағы қарым-қатынастың өрбіте отырып, баласының кесір қылығы үшін жат жерге кетуге мәжбүр болған әкенің кейісі сөз болады.

Қанымыз бір,
Жолымыз да шиырлас,
Енді сенің кесіріңнен
Маған да

Туған жердің топырағы бұйырмас [71, 578 б.]

«Өркениеттің адасуы» атты романнан алынған үзінді, атақты «Төрт ана» өлеңінің мазмұны нағыз патриоттық әнұран деуге болады. Әр адамның санасына «Ана» ретінде жаттатқан төрт негізгінің бірі – туған жер.

Болу керек күдіретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны [71, 27 б.]

«Жайықтың ақ шағаласы» атанған әйел-ақындардың ізін жалғастырушы, өзіндік өлең иірімдерімен қазақ әдебиетінен орын алған Ақұштап Бактыгерееваның шығармаларындағы «туған жер» концептісі «жер үсті» тіркесімен бейнеленген.

«Жұлдызды әлем»

Біз мекендеп жүрген осы жер үсті

Кейде маған жұлдызды әлем секілді [48, 239 б.].

«Бір тау бар Тарбағатайда» деп басталған бөлімінің өзінде мазмұны туған жеріне арналған «Жайыр жыр» өлеңінің авторы Жәркен Бөдешұлының тілдік бейнесі «туған тау» тіркесімен ұтымды берілген.

Тұратын өлең тілеп дәйім менен,

Осы еді мен *туған тау* Жайыр деген.

Сол таудың тасында ойнап, гүлін теріп,

Сол таудың суын ішіп, майын жегем [48, 239 б.].

«Тірідей мені айырды-ау» деген үшінші бөлімінде «атамекен» концептісі «*туған жер*», «*шегір құм*», «*жсайдақ құм*» «*қоңыр тау*» ұғымдарымен бейнеленген.

Туған жерім Жайыр тау,

Екі өркешті *айыр тау*.

Айыр таудан сұм тағдыр –

Тірідей мені айырды-ау [48, 239 б.].

Қара суымен сары майын сағынғанын жырлаған Жәркен ақынның өлеңінде «Жайырдың» шығу тарихына көңіл бөледі.

Жайыр дегенім –

Ежелгі Шығыс Түркістан,

Байырғы *ата мекенім* –

Сарыарқаның жалғасы [48, 238 б.]...

«Ел-елдің бәрі жақсы, Өз елің бәрінен жақсы» - дегендей, ақынның туған жеріне арналған өлеңдер топтамасында сезіміне ерік береді.

Туған жердің қар, мұзы,

Аязыңмен жуындыр.

*Туған жердің бал қызы,
Бұрымыңмен буындыр.*

*Туған жердің бұлағы –
Толқыныңмен ат мені.
Туған жердің шеңгелі,
Тырна аямай бетімді.*

*Туған жердің ермені,
Аузыма құй өтімді.
Туған жердің доңызы,
Қан-жоса ғып жарып кет.*

*Туған жердің қоңызы,
Домалатып алып кет.
Туған жердің қасқыры,
Кемір ақын сүйегін.*

*Туған жердің тас, құмы,
Сені солай сүйемін [48, 239 б.]*
Шөмішбай Сәриевтің екі томдық шығармалар
жинағындағы «туған жер» концептісі айрықша бейнеленеді.

*Оңтүстікте ақ алтын,
Солтүстікте қара алтын,
Кіндік қаның тамған жер
Туған жердің бәрі алтын
Бәрі менің Отаным [72, 113 б.]!*

Келесі өлең жолдарында туған жерін қарапайым «дала»
фреймімен жеткізіледі. Ежелгі мекен екендігін «бабамның көзі»
сияқты тіркеспен береді.

*Шөлдері тылсым-тыныштық
Әрбір шөбі ырыс-құт,
Бабамнан қалған көзіндей*

Даланың әрбір құмы ыстық [72, 210 б.]

XX ғасырдың 70-жылдары «поэзия ханшайымы» атанған Күләш Ахметованың нәзік лирикасындағы «туған жер» концептісі «әлемнің нұр жұмағына» баланған.

Жұртым, неге қабағың тұнжырады?

Туған жерде – әлемнің нұр жұмағы [73, 141 б.]

«Махаббатты қорғауға шақырамын» деп аталған өлеңінде туған жерге деген махаббаты *«киелі атырап», «шилi топырақ», «торғын гүл», «жайқалған жапырақ»* сынды тіркестермен шебер бейнелеген.

Мен бәрінді

Біткенше ақыл, арың,

Ауасында толқыған әтір-ағын

Туған жердің киелі атырабын –

тобылғылы, топ шилі топырағын,

Торғын гүлін,

жайқалған Жапырағын –

Бәрін, бәрін

Сүйеге шақырамын [73, 8 б.]!

«Ертіс бойында туған ойлардың» ішінде Күләш ақын табиғатпен сырласады, туған мекенімен мұндасады.

Туған жерге, өзендер, керексіндер,

Қан тамыры сияқты лүпілдеген [73, 79 б.].

Шынарларым, шынайы бақыт шығар

Туған жердің төрінде жайқалғандарың [73, 80 б.]

«Туған жер» концептісі әдеттегі *«дала», «мекен»* ұғымдары арқылы да көрінеді.

Сүйем сені, даламды – мекенімді.

Білесіндер мәңгі іңкәр екенімді [73, 138 б.]

4.2 Солтүстік Қазақстан өңірі ақындарының поэзиясындағы «Туған жер» концептісінің тілдік сипаты

«Ұлы жүзге қауға бер де малға қой, Орта жүзге қамшы бер де дауға қой, Кіші жүзге найза бер де жауға қой» деген шешен сөздің астарында Орта жүздің рулары мекен еткен теріскей өңірдің бетке ұстап, халық алдында сөз сөйлеуге шығарар, орақ ауызды, өткір тілді топ өкілдері қаншама. Сонау жыраулар поэзиясының шыңында тұрған Шал ақыннан бастап қазіргі күнге дейін киелі топырақтың тарландары топ жаруда.

Солтүстік Қазақстан өңірі ақындарының көшін бастап тұрған Мағжан ақын болса, әдеби мұраның бауын байлап, рәсімін жалғастырған көптеген ақындардың шығармаларынан құдіретті «атамекеннің», «кіндік қаның тамып, шыр етіп дүниеге түскен жердің» аясында жазылған шығармалар әлі де толастаған жоқ.

Кәкімбек Салықовтың «Екі ауылдың ұлымын» деген өлеңінің өзінде туған жерін екі ауыл арқылы сипаттап көрсетеді. Бұл өлеңнің өзге туындылардан ерекшелігі – «ата» мен «ана» ұғымдарының қатар қолданылуы ғана емес, жаңа атау туғызу арқылы туған жерін сипаттауы болып отыр. «Туған жер» концептісі *«атамекен»*, *«алаң»*, *«қоныс»*, *«ауыл»* ұғымдарымен бейнелеп келіп, жаңа *«атамекен»* ұғымын әдеби ортаға енгізген ақынның тапқырлығы көрінеді.

«Еңбек» - деген *атамекен* жайлы алаң,

Бұрынғылар *құтты қоныс* сайлаған.

«Ыбрай ауылы» *атамекен* ауылым,

Жалғызтаудың етегінде жайнаған [74, 179 б.]

«Қазақ ұшты ғарышқа» атты өлеңнің бар бойында тұнып тұрған мақтаныш сезімі мен абырой. Ұлттық құндылықпен әлемдік мазмұндағы ой тереңінен қамтылған. Туған жерінің есімі жазылу биік мәртебе. Ал, ғарыш деңгейінде жазылса – бұдан асқан бақыт жоқ.

Толқып кетті *туған жер* Қарқаралы,

Жұпар шашты ерекше таң самалы [74, 256 б.]

«Жезкиік» шығармасында «туған жер» концептісі «мекен» ұғымымен бейнеленген. Жыраулар шығармасынан танылатын *қыстау, көктеу, күзеу* сияқты қара қазақтың санасына сіңген табиғи ұғымдар ақынның тілдік бейнесін аша түседі.

Тілеймін суық жақтан есен қайтып,

Жылы құм мекенінде *қыстағанын* [74, 483 б.]

«Той жылғы құтты болсын қадамдарың!» деген құттықтау тілегі коса жолданған мына өлең жолдарында «туған жерге» деген сүйіспеншілігі «алтын аймақ» тіркесімен беріледі.

Ұлы ұстаз Ыбырай туған *алтын аймақ*,

Көркіңе мырзамейір көз салайын [74, 8 б.]

Кәкімбек ақынның лирикасындағы туған жер «*Құтты өлке*», «*Туған жер*», «*Ата қоныс*», «*Есілге*», «*Туған жерге*» тақырыптарында жарық көрген өлеңдері арқылы танылады.

Ауылымыз көршілес қадам басқан,

Атамекен осындай *бабам жатқан* [74, 25 б.]

«Туған жер» атты өлеңіндегі *сұлу тау, самал жел, жұпар ауа* ақынның сезім қалтарыстарындағы атамекенге деген сырын жеткізгендей.

Туған жер, сүйем *сұлу тауларыңды*.

Самал жел, жұпар ауа – бал-дәріңді [74, 42 б.]

«Туған жер» концептісі «*ана сүтін емген жер*» ойсуретімен бейнеленіп «*құт мекен*» фреймімен айқындала түседі.

Құт мекен ана сүтін емген жерім,

Есен жүр ер болар деп сенгендерің [74, 42 б.]

Кіндік қаны тамған жерінен, атамекенінен ұрпағының бата алуы қандай үлкен мәртебе. Қаншама ата-бабаның қаны мен тері сіңген жердің ырыздығын сезіну – әр баланың басына жазылған бак.

Бере бер ақ батанды, *атамекен*.

Бітуге оқуым да тақап қалды [74, 43 б.]

Ғаламның тілдік бейнесінің универсал сипатын ашуда түр-түс әлемі ерекше мазмұнға ие. Осыған сәйкес түр-түсте кез келген этностың «ғаламды түсінуі» жақсы көрінеді. Түр-түс адам санасында өмірлік тәжірибе негізінде берілген эмоционалды күй мен жағдайлар байланысы, шындық бейнесі, оны әлемді көрудің ерекше концептілері ретінде қараудың мәні де осында. Осымен байланысты түр-түс атаулары бинарлы қатынастағы концепт жасауға қатысады.

«Қара» түр-түс атауының қасиетті, киелі деген мәнді білдіретін символдық мағыналары бар. Бұл тіліміздегі *қара шаңырақ, қара домбыра, қара қазан* сияқты тіркестерден байқалады.

«Ата қоныс» деп аталған өлеңде «туған жер» концептісі дәл осы киеліліктің символдық түсі арқылы «қара орын» деген тіркеспен бейнеленген. Көбіне қазақ туған үйді «қара шаңырақ» тіркесімен беретіні белгілі, олай болса «қара орын» ақынның өз қолтаңбасынан шыққан тың тіркес.

Туған жерді аңсағанда жол түсіп,

Қара орынды бір көруге келерміз [74, 86 б.]

«Есілге» деген өлеңінде Кәкімбек Салықов ағамыздың туған жері ерке Есілді жағалай өскен «*торғын тоғайы*» мен «*бесігіне*» айналған өр толқыны жырланады.

О, туған жер!

Торғын тоғай Есілім!

Өр толқының сәби күнгі *бесігім* [74, 95 б.]

«Туған жерге» арналған арнау өлеңінде туған жерінің бар қасиетін, кеңдігін, байлығын тізіп, шексіз сезімін білдіреді.

О, *туған жер!*

Анамдай өбектесен,

Бөбексініп өзім де көмектесем [74, 320 б.]

Қай жерде құласам да құшақтайын.

Бір уыс туған жердің топырағын [74, 206 б.]

Әлемнің небір сұлу табиғаты туған жеріне жетпейтіндігін айшықтайды. Ақынның қиялы шексіз, ойы терең.

Бой жеткен қыздай жасаулы,

Талай жер естен кетпейді.

Болса да олар атаулы,

Туған жерге жетпейді [74, 300 б.]

«Ауылға орал, жігіттер!» өлеңінде жастарға атамекен-ауылына қайтуға, ауылдың қадір-қасиетін жоғары ұстап, тоздырмауларына кеңес береді.

Не көрмейді өз басың,

Аңсаған тойын құрып бер.

Атамекен тозбасын,

Ауылға орал, жігіттер [74, 313 б.]!

«Мәңгілік оты қасында» деп аталған өлеңінде Отанымен сырласады.

Отан – ана!

Тағдырыма мактанам,

Төгіле айтам,

Кезім жоқ сезім шақтаған.

Өзіңсің ғой сүйемелдеп жетілткен,

Белгісіз солдат белгісін есен сақтаған.

О, туған жер!

Өсірген бауың гүлдепті,

Ол қарыздар,

Әлі де көп-көп міндетті [74, 330 б.]

Ананың ақ сүті қазақ ұғымында киелі саналған. Сондықтан «анасының ақ сүтін ақтау» - әрбір адамның қасиетті парызы.

Туған анам ақ сүтіндей сыйлаймын,

Уыс топырақ,

Ауаңның асыл жұтамын [74, 330 б.]

«Есімде» деп аталатын өлең жолдарында ақын өзінің балалық шағына, балғын кездеріне көз жүгіртеді. Сезім пернесін тартқызады, ішіндегі сандығының құлпын ашады. Ескі күнді

есіне ала отырып, жасы ұлғайған сайын адамның туған жерін аңсап тұратынын айтуды жөн көреді.

Жылжыған сайын жылдарым,

Туған жер жақын тартады [74, 373 б.]

«Домбыра» өлеңінде «туған жері - Арқасына деген махаббаты өріледі.

Төсінде туған Арқаның

Жауқазын жырым егілсін [74, 373 б.].

«Қазақстанның сонау теріскей түпкірінде Өрнек дейтін ауыл бар. Өмір бойы елу-алпыс түтіннен аспайтын сонау елді мекеннің дәл осындай, өзімен бақ-талайы ұқсас жерлерден айырмасы да, артық-кемі де көзге ұрмайтын. Дән өсіріп, мал жайлаған Есіл бойындағы көп тұрақтың бірі. Бір жағын ерке өзен кемерлеп, ажарын ашса, бір жағын алып қойтастар әдіптегендей. Одан әрі ақ балдыр қайыңдар, зәулім теректер мен шырша-самырсындар сәніне сән қосады. «Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» болғандықтан да ма екен, жұмыр жердің үсті мен көк аспанның астында одан асқан жер жоқтай мен үшін» [76, 62 б.] – деп үлкен тебіреніспен Есләм Зікібаевтың жүрегінің пәк сиясымен жазылған мөлдір сезім перзенттік парыз пәлсапасын дәлелдей түскендей.

Аядай ауылым,

Аяулы ауылым,

Ақ ордам.

Бір жағың – тоғай,

Бір жағың – қалың қара орман.

Алыстан келсе, сәбиге де орын беретін,

Қарт аталардай шықтың ба бүгін алдан.

Бір басыңдағы балалық пен даналық,

Үйлесіп қалай тұрады екен жаңарып!

Ақын болмауға, Батыр болмауға қакы жок,

Өскен жандардың төсіңнен сенің нәр алып, – деп
жырлаған ақынның Өрнегі «шақыратын қол бұлғап, белес-
белдер, ата-баба өткен жер, өзі өскен жер.

Оралған жыл құсындай көктемдегі,

Көңілім сеніменен көкке өрледі.

Өзіңмен өзектесіп жатыр мәңгі,

Аяулы өмірімнің өткелдері, - деген жолдардан ақынның
туып-өскен жерінен әсте де алыстамағандығын аңғарамыз. Оған
мына жолдар дәлел:

Кімдерге бар,

Кімдерге жоқ керегім,

Ойлап кетсем, оның салдар-себебін.

Қыс па, жаз ба,

Күн бе, түн бе?..

Бәрібір –

Туған ауыл?

Жылына бір келемін.

Теріскейдің тың ақыны алғашқы жырларын туған жеріне
арнады. Алғашқы өлеңдер жинағын да туған жеріне лайықтап
«Ақ қайыңдар» деп атады.

О, Туған жер!

Бабам өтті өз қойныңды мекендеп,

Жер жұмағы осы арада екен деп [77, 11 б.]

О, туған жер,

Менің байлық-ырысым,

Арманымның шешек атқан гүлісің.

Өмір саған өзектес қып жаратқан

Тағдырымның бір ұшын!

Өмірім де бір өзіңе өзектес,

Тіршілігім,

Қуанышым,

Тынысым [77, 11 б.]! – деп Есләм Зікібаев ағынан жарылып, Есіл бойының тамаша табиғатын, Қызылжардың қасиетті топырағын өмір бойы жырлап өтетініне серт бергендей болып еді. Ақын ол сертін орындады.

«Ұлылардың ұлысы» деген өлеңдегі «туған жер» концептісі «туған дала» тіркесімен бейнеленіп, қамқорлығы анасындай болған туған жерін жырлайды.

Туған далам!

Анам да, панам да – өзің.

Сұқтанып маған біреу қадар көзін.

Сен барда асқар таудай тірегім бар,

Сен барда жолбарыстай жүрегім бар,

Оқтан да алып қалар жанымды әман,

Сен менің қорғаушымсың жанымда әман –

Сол үшін арындаған

Сол үшін жалындаған...

Мен сенің қорқу білмес шабандозың! [78, 33 б.]– деп жырлайды.

«Есләм өзінің төл туындылары бар, аудармалары бар он беске жуық кітап шығарса, соның он екісі кіл өлеңдер, топтама жырлар, балладалар, поэмалар. Соның бәрінің дерлік алтын қазығы – туған жер. Есілдің жар қабағындағы Тастақ ауылынан (Өрнекті бұрын осылай атаған) бастап Алатау баурайына дейін оның өскен, өрлеген кең байтақ өлкесі, туған жері емес пе?! Жыр пернесін шерткенде туған топырағына сүйіспеншілігі сырлы сазбен, ыстық леппен төгілетін» [76, 196 б.] - деп журналист, жазушы Бақыт Мұстафин өз естелігінде ақынды «Ел деп соққан жүрегі» деп ерекше атаған. Ия, ақынның бойтұмары – туған жері. Ол оны отан да, оқтан да аман алып қалатын қорғаны және тірегі.

«Жүремін Астанада алшаң басып» деп аталынған өлеңінде туған жермен арасындағы үзілмес байланысты бейнелеген.

О, Туған жер!

Ұлынды желе, жебе –

Жебемесең жараттың неменеге?!

Туған жері тұғыр боп көтермесе,

Басқа жұртта бақ қонып елене ме [76, 109 б.]?

«Туған жер» концептісі «кіндік қаның тамған жер» ұғымымен беріліп, «жерұйықтың» да туған жерге жетпейтінін атап көрсеткен.

Ақынға жалған сөйлеу жараса ма,

«Жерұйық – сұлу жер көп сала-сала!» -

Десек те кіндік қаның тамған жердің

Жөні бөлек –

Оған жан таласа ма [76, 110 б.]?!

«Үш алыптың ұлымын» деген ақынның ойындағы алыптардың мазмұны бір. Оны өзі де атап кеткен. «Бір бейне», «бір ұғым» деп жеке алған.

Отан!

Ана!

Туған жер!

Бөлінбейтін бір бейне [77, 20 б.]

Отан!

Ана!

Туған жер –

Қасиетті бір ұғым [77, 21 б.]

Е.Зікібаевтың шығармаларының арасындағы «Қасым ақын» деп аталған өлең жолдарында «туған жер» тақырыбы көтеріледі.

Туған мекенін қия алмай қайтқан құстардай,

Жыр көгін орап,

Айналдырып талай ұшқандай [73, 39 б.].

Жалпы ақын туған жерді жырлау үшін оның тұғырлы тұлғаларын да жырға қосып, мақтан етеді.

Бұйра толқын - ақ селеу, ақ жал далам,

Жатыр тыныш, тымырсық, бақ жанбаған.

Түн тылсымын бір сәтке тыңдап көрші –

Мұңлы дауыс шығады «Мағжандаған».

Ақын «Мағжанын» жоқтап күңіренген даласының үніне құлақ тосады. Даласымен бірге өзінің де ұлы ақынға деген сағынышын меңзейді. Туған жерін жырлауда тың толғаныс, соны бейнелерге жиі барады. Ақын жырларының өміршендігі де сонда.

Абай туған,

Мұхтар туған жер мынау,

Жолым түсіп келдім - ау!

Білдірмейсің,

Білдірмеген боласың,

Құдіреті арылмаған шерлім-ау – деп ақын туған елінің басынан кешкен тарихын сезіп-біліп жатқан шерлі даласымен мұңдасады.

Тартылған өзен,

Сағымдай сарқылған көлдер.

Өртеніп отқа,

Жалынға шарпылған белдер.

Суырған құмды аңызға аңқылдақ желдер,

Әзірейілдей алапат ант ұрған кендер...

Ақын ядролық қарудың кесапатына шалдыққан елінің аянышты халін көріп жүрегі ауырады. Әдеттегідей, ойы айқын, пікірі батыл.

«Алланың нұры жаусын» деген игі тілекті қоса жолдаған «Дала мекен» өлеңінде туған жеріне сезімін білдіреді.

Ассалаумағаләйкүм, *Дала мекен*,

Мен сені сүйем елден ала-бөтен [77, 82 б.]

«Ұлыммен әңгіме, немесе туған жер туралы толғау» деген ақын жырының өн бойында әке мен баланың сырласуы мен туған жерге сүйсіну сезімдері бейнеленген.

Қарағым-ау!

Мені туған *жазира* дала мынау,

Алқабы – егін жайқалған,

Алабы – бау [73, 126 б.]

«Жырымдасың» деп ата мекеніне мәңгілік жүрегінде екендігін айтқан акын үнемі туған өлкесімен мұңдасады.

Туған өлкем!

Сен менің жырымдасың [74, 16 б.]!

«Сен үшін мен мақтанам» деген өлең жолдарында «туған жер» концептісі «дала», «кең алқап», «құтты мекен» сияқты көркем бейнелер арқылы суреттелген.

Армысың, далам!

Армысың, әсем кең алқап!

Жасампаз, жайсаң жандардың құтты мекені [74, 22 б.]

Е.Зікібаевтың шығармаларында «туған жер» концептісі «О, Туған жер», «Сағымды далам», «Тағзым етем, Туған жер», «Айналайын, Туған жер» атты өлеңдерінде көрініс табады.

Рас менің бүгінде қала – мекен-тұрағым,

Сөйтсе дағы бастауын таудан алар өзендей

Кішкентай бір ауылдан басталады жыр-әнім [78, 128 б.] – деп жырлайды. Өзі ұзақ жолдан, шет жерден келгенде алдынан күні күлімдеген туған жерінің ыстықтығын тағы да жырға қосады. «Айналайын, Туған жер, Аманбысың, саумысың?» деп басталатын жырында «Туған жер» концептісі «аспандатқан тұғырым» сияқты ерекше ұғымдармен бейнеленген.

Арым, барым...

Бәрі де – бір өзіңсің, Туған жер,

Тірлігімнің нәрі де,

Гүлі – өзіңсің, Туған жер.

Аялаған бесігім,

Аспандатқан тұғырым,

Бойымдағы қызуым,

Ойымдағы қызығым...

Тағы өзіңсің, Туған жер,

Мәңгі-бақи шаттығы таркамайтын думан жер[78, 145 б.]!

Ерке Есілдің ақ толқыны атанған Есләм Зікібаев туған жер туралы:

Ерке Есіл емірене қолтығына ап,
Тұрады кемі болса толтырып – ақ,
Қарағай, шырша, тереке, сәмбі талдар,
Сәнімен сыбдырлайды шолпы құрап.

Сағындым, сағынғандай ел де мені,
Самал жел дем береді көкірегіме,
Бауырмал ақ қайыңдар мені күткен,
Қол бұлғап көз ұшында тербеледі.

Армандай ауылдастар, бауырластар,
Сендермен көңілім шалқар, бауырластар,
Дүниеде не ғаламат көрсем дағы,

Мен үшін бір асыл жоқ айырбастар! – деп акынның 80-жылдық торқалы тойында жырлағанын еске алады журналист Шашубай Малдыбаев [76, 42 б.].

Еліміздің солтүстік өңірінде дүниеге келген акын Зейнолла Әкімжанов «Кіндік қаны тамған жер» деп аталатын өлеңінде өзін бесігінде тербелген гүлге теңейді. Тамырынан нәр алған туған жерін өмірінің өзегі етіп, шексіз ғұмырын тек туған жерімен байланыстырып жырлайды.

Бесігім – қыр,
Қырға біткен гүлмін мен,
Туған жерім, өз ордаңа туды ілгем.
Таңдайына сағынышы татымай,
Ордасының қасиетін кім білген?
Бейілмін мен туған жерде өлуге,
Шыным осы, сол ынтық қой көңілге.
Туған жерде таусылсыншы демім де,
Сыртта өлген өмір өзі өмір ме [79, 47 б.] ?!

Есіл ауданына қарасты Қарағаш ауылының тумасы Мүтәлләп Қанғожиннің шығармаларында «туған жер» концептісі тілдік бейнеде «жер-мекен», «ата мекен», «туып-өскен топырақ» сияқты ұғымдармен суреттеледі.

«Абылайдың ақ үйі» өлеңінде «туған жер» концептісі жердің атауымен, яғни «Сарыарқа», «аспан», «дала», «жер-мекен» фреймдері арқылы беріледі.

Сарыарқада тыныштық, елге келді береке.

Аспанында ән қазақтың, даласында – мереке.

Шұрқыраған жылқының қалыңын-ай, көз жетпес,

Қой үстінде бозторғай жұмыртқалар жер-мекен [80, 128

б.]

Ақынның «Төрелелді» деп аталған туындысында «туған жер» концептісі «арша», «қайың», «тал» ағаш атауларының қатысуымен жасалады.

Армысың, ата мекенім,

Аршалы, қайың, құба тал?!

Шаттық маған әпердің

Өмірлік бойға қуат-әл [80, 29 б.]

Өзінің туған ауылына арнап жазған «Қарағаш» атты өлеңінде «туған жер» концептісі «ауыл», «ел-қауым» ұғымдарымен беріледі. Туған ауылын «кербез сұлу Көкшетауға» теңейді.

Қарағаш туған жер – ауылым,

Қарағаш – дарқан ел-қауымым.

Таң болып қалар ең бір көрсен,

Көкшенің тетелес бауырын [80, 31 б.]

«Қасиетті қыстауым» деп атаған өлеңінде «туған жер» концептісі «Нөгербегім» деген ерекше атаумен көрініп, ата-бабаның жатқан орны деген ой тұрғысында жырланады.

«Нөгербегім», аманбысың, туған жерім?

Бабалар орнын бағып тұрған белім [80, 35 б.]

Сафуан Шаймерденовке арналған «Көрінесің биіктен» деген өлеңінде де ақынымен бірге қуанған «туып-өскен топырағын» жырға қосады.

Сафекең сексенде деп естігенде,

Гүл шашты туып-өскен *топырағың* [80, 132 б.]

Есіл ауданының нар тұлғалы ұлдарының мекені - Өрнек ауылының тумасы ақын, журналист Болат Қожахметовтің еліне сағынышпен асыққан сәтте жазған «Елге барам» өлеңінде «туған жер» концептісі «дала» ұғымымен беріледі. Дем алып, таза ауаның ләззатына бөленетін туған жердің артықшылығы бейнеленеді.

Шырайланған шақ осы

демде ғалам:

шілде туды!

Ендеше мен дем алам!

Өзін қарсы ал ұлынды,

туған жерім!

Қош бол курорт!

Сен өзің емде, *далам* [80, 158 б.]

Ал, әзірше

дала – туған мекенің,

орнын басқан –

шешенің де әкенің [80, 16 б.] ...

Манап Ысқақованың шығармаларында, әсіресе, «Ауыл ырыс» өлеңінде «туған жер» концептісі «ауыл» ұғымымен ұштаса бейнеленген. Бүлдіршіндерге арналған осы өлең жолдарында терең ойлы тәрбиенің негізі жатыр. Патриоттық сезімге баулу идеясы биік қойылған.

Ауыл – деген бірлестік

Сонда тудық, сонда өстік.

Ұйыған сүттей ұйымшыл,

Туған жер ыстық – соны біл [79, 195 б.]

«Балалық» деген өлеңінде ақын балалық шаққа саяхат жасай отыра, тәтті кезеңін туған жерімен байланыстырады.

Балалық деген балғын шақ

Туған жер ата мекенім.

Нұрын төгіп атырап,

Алаңсыз күндер өтетін [79, 195 б.]

ҚОРЫТЫНДЫ

Отаншылдықтың негізгі темірқазығы туған жерге деген махаббаттан басталады. Туған жердей жер болмас, әрине. Әркімнің өз жері өзіне жұмақ.

Рухани дүниелер арқылы қоғамда үлкен маңыз алған бастама – ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға бағытталған. Ұлттық рухымызды көтеру үшін, әлбетте төл тарихымызды, тәрбиенің түп қазығы – құндылықтарымызды дәріптеу қажет. Рухани өрлеудің алтын арқауы – ұлттық код ерекшеліктерін сақтау арқылы жаңғыру. Отаншылдық рух туған жерге, туған елге деген махаббаттан басталады. Сондықтан барлық кезеңнің ақындары үшін шындық болмыстағы маңызды да өзекті құбылыс «Туған жер» болып табылады. Мәдениеттің ең түйінді концептерінің бірі *туған жер* концептісі, өйткені ол кез келген этникалық мәдениетте орын алады.

Отан концептісі моральдық-адамгершілік құндылықтарға жатады, ал бұл кез келген ұлттың этникалық санасында өте маңызды болып есептеледі [83,18].

Отан, атамекен – ең әуелі адамның туған жері. Бірақ Отан ұғымының астарында өте тереңде жатқан мағына бар. Поэзияның өзі сезімсіз шықпайтыны белгілі. Әлем әдебиеті ақындарының шығармаларындағы «туған жер» концептісінің қолданылу аясы мен оқырманға ұсынуы әр ақынның өзінің жазу стиліне байланысты болғанымен, адами жүрек лүпілінің соғысы ортақ. Алайда, әлем ақындары поэзиясындағы «туған жер» концептісінің қолданысы ұлттық менталитетіне, сана-сезіміне, тұрғылықты жеріне байланысты әртүрлі тілдік бейнемен берілген.

Философ-феноменолог Макс Шеллер «Ценности историчны по форме и вечны по содержанию» - дегендей, «Отан» сезімінің адам өмірінде мәңгілік орын алуы, сақталып

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу себебі – сол сезімнің мазмұнының әлдеқайда тереңде, тұңғыықта жатқандығынан.

Қазақтар үшін кеңістік ұғымы әрі горизонтальды (оң, сол, шығыс, батыс, дүниенің төрт бұрышы), әрі вертикалды (жоғары, төмен, аспан, жер, жер асты) формада қабылданатыны оның түрлі мифтерде, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған тілдік бейнелерінен көрінеді. Кеңістік дегеніміз қазақтар үшін шексіз жазықтық. Осы жазықтықта олардың «өз жерұйығы» бар, ол – «атамекен» деп аталатын олардың бүкіл болмысын сақтайтын, ата бабасынан мұраға қалып келе жатқан өздері үшін ерекше «жұмақ, жайлы жер».

Қазақ ақындардың өлең өрнектерінен – туған жер жайлы ойлар мен толғаныстар, өткен тарихымыздың бел-белестері, батыр бабаларымыздың, елбасылар мен қолбасылардың өмірі мен өнегесі, ақын-жырау, би-шешендердің ұлы үдерістері, әсер-ықпалдары кеңінен көрініс береді. Қазақ ақындарына образды ойлау, ұлттық бояу беру, бейнелеп сөйлеу әдісі ортақ.

«Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» - деп көрсетті Елбасымыз.

Атамекен – адамның ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып, өсіп-өніп келе жатқан жері болғандықтан, адам туған жерін дүниедегі ең қымбатты, ең қасиетті, ең аяулысы – ата-бабасына, анасына балайды. Туған жерді жырлаудағы ақындық ізденістер мен мұраттар сүйіспеншілік сезімдерден туындап, адам тағдырымен тікелей байланыста тарап, өрбіп отырады.

Жұмыста «*Туған жер*» концептісінің жұмсалыу аясын танытатын атауларды негізгі нысандарына қарай жіктеп

көрсеттік. *Ақын-жыраулар поэтикасында «туған жер» ұғымын сипаттауға қатысатын басты географиялық атаулар:*

жер атаулары – Түркістан, Тұран, Сарыарқа, Алтай, Арқа, Сібір, Тарбағатай, Сыр елі, Парсы елі, Шымкент-Созақ, Үзкент, Сайрам, Маңғыстау, Ташкент, Теміртау, Самарқанд, Бұхара, Жем, Сағыз, Елек, Шымкент, Созақ, Ақжайлау мен Сандықтас, Қызай, Күнес, Текес, Жыланшық.

өзен-көл атаулары – Есіл, Еділ, Ертіс, Тобыл, Үшбұлақ, Том, Омбы, Аягөз, Алқакөл, Талас, Жайық, Әмудария, Шу, Ащыкөл, Телікөл, Қобда саласы, Көктің көлі, Сыр, Іле, Сырдария, Сасықкөл, *Ақбұлақ* т.б.

төбе, тау атаулары – Орал, Жайыр тау, Шыңғыстау, Алатау, Қаратау, Ереймен, Баянтау, Ақтау, Ортау, Қаратау, Тау өтпес Тарбағатай, Тянь-Шаньнан, Қарқаралы Алтай, Алатау, Орал, Көкшетау, Баян, Қарқаралы, т.б.

Поэзиялық шығармаларда көрініс тапқан дүниенің поэтикалық бейнесін, яғни, «Туған жер» концептісін зерделей келе, өзіндік ұлттық сипатына орай мына ерекшеліктерін ұсынамыз:

- «**Туған жер**» концептісі көп жағдайда «Отан» сөзімен қатар қолданылады және оның, көбіне, әлем әдебиеті өкілдерінің шығармаларында жиі жұмсалады;

- Қытай, Түркия елінің ақындары туған жерді «*туған үй*», «*туған ая*», «*туған дала*», «*туған ел*», «*ыстық ая*», «*ата-баба туған, өлген жер*», «*жер-ана*», «*бесік*», «*қыр*», «*өлке*» деген ұғымдармен астастырып жырлайды;

- орыс халқының ақындары Отанын «Русь» «*Держава*», «*Родина*» и «*Отчизна*», «*Край*», «*Родная земля*», «*Матушка*» балама сөздерімен атайды;

- қазақ елінің ақын-жыраулары, көбіне, туған жерді жырлауда «*Атамекен*», «*Сарыарқа*», «*Жетісу*», «*Түркістан*» т.б. сөздерін қолданады;

- «Туған жер» концептісінің мағыналық-ақпараттық өрістері *«дала», «жер», «мекен», «қоныс», «жұрт», «жайлау», «ұя», «бел», «ая»* т.б. бірнеше тірек сөздер арқылы өрбиді:

- ақындар танымында *«дала»* кендік эталоны ретінде алынып, кең байтақ жердегі ұлттық-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Ақындар колданысындағы дала лексемасы нысанға алған жырларымызда *«кең дала», «қу дала», «ми дала», «ен дала», «боз дала», «сар дала», «ай дала», «кер дала», «жапан дала», «кеңесті дала», «құм дала», «туған дала», «атам қонған кең дала», «қасиетті кең дала», «Арқаның кең даласы», «сар дала», «зарланған дала», «азапқа түскен дала», «өлікке айналған дала», «қу дала», «сыр дала», «алтын дала», «нұр дала», «жалпақ дала», «туып-өскен дала», «ұлы дала», «жиһан дала», «сайын дала», «дала - қонақжай», «дала - дүние несібі», «дала - жаны құдайдан ақ дала»* сынды отызға жуық бейнелі айшықтармен келіп, «туған жер» концептісінің айналасына шоғырланған тілдік бірліктер ретінде танылады;

«жер» сөзімен байланысты жасалған логикалық модель: *«туған жер», «кіндік қаны тамған жер», «кіндік кесіп, кірін жуған жер», «жер-ана», «ата-баба туған, өлген жер», «кең жайлау өскен жер», «қайтқан қаздай қалың ел көшкен жер», «ит пен құсқа таланып өшкен жер», «малға жайлы, шөбі шүйгін жер», «әкем сайран кешкен жер», «кіндігімді кескен жер», «сазды жер», «сортаң жер», «аң-құсқа бай жер», «мал тозбайтын, ел ырысты болатын жер», «қолайлы жер», «қолайсыз жер», «жайлы жер», «жайсыз жер», «базарлы жер», «мазарлы жер», «ат ерін алмайтұғын бір жер», «жабағалы жас тайлақ, жардай атан болған жер», «жайылып мың қой болған жер», «байтақ кең жер», «атам күйеу болған жер», «анам келін болған жер», «бабамның өсіп-өнген жері», «атамыз қонған жер», «қайран жер», «ақ туын ата-бабам тіккен жер», «өсіп-өнген жер», «саялы жер», «шырылдап тар құрсақтан түскен жер», «туған жер – түз», «мәңгі-бақи*

шаттығы тарқамайтын думан жер», «батпағында тең құрбымен алысқан жер» деген қырыққа таман ой суреттер туған жер туралы таным-түсінімізді кеңейтіп, ежелден бері жадымызда сақталған оқиғалардан елес береді. Демек, оларды қазақ дүниетанымының қалыптасу жолдарын көрсете алатын, өзіндік даму тарихы мен күрделі құрылымы бар мәдени концептілер деп айта аламыз.

- поэзия тілінде жұмсалған **«мекен»** ұғымының топтамасы *«ата мекен», «ақ мекен», «құт мекен», «бақ мекен», «ырысты мекен», «асыл мекен», «тың мекен», «жер мекен», «аяулы мекен», «алтын мекен», «құмды мекен», «тоғайлы мекен», «өзім өскен мекен», «кең мекен», «қасиетті, киелі мекен», «қайран мекен», «туған мекен», «бағзы мекен», «ерліктің мекені», «тың мекен», «қарлы мекен», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалар жер-мекен», «баянды, құтты қоныс мекен», және т.б.* жиырмадан аса фреймдер арқылы беріліп ұлттық нақыш пен тіл байлығын паш етеді;

- **«қоныс»** ұғымының берілуі: *«ата қоныс», «құтты қоныс», «жайлы қоныс», «жайлы қоныс», «құтсыз қоныс», «жай-қоныс», «кең қоныс», «құт-берекелі көркем қоныс», «масаты кілем жайған қоныс», «атамның қонған қонысы», «Ең қоныс», «таза қоныс», «алқап қоныс», «бай қоныс», «құм қоныс»* деген жиырмаға жуық сөз тіркестерімен беріліп, ұлттық болмыс пен ұлттық дүниетанымды бейнелейтін фреймдер болып табылады;

- туған жер туған елмен егіз жұмсалатын ұғым, сол себепті, *«ел»* лексемасы ақындар поэзиясында қоныс, жер, мекен сияқты жиі кездесе қоймаса да, біршама тілдік қолданыста жұмсалатын тілдік бірліктер арқылы беріледі: *«туған ел», «іргелі ел», «бір туысқан ел», «көл дария – халқым, елім», «ел-жұртым», «еркін ел», «дарқан ел», «қайтқан қаздай қалың ел»* сияқты саны көп болмағанымен, қолданылу жиілігі жоғары тілдік бірліктер;

- «жұрт» сөзімен жасалған модель: «ата-жұрт», «ел жұрт» түрінде ғана көрініс табады;

- «жайлау» сөзімен жасалған тіркестер басқа тілдік үлгілерге карағанда біршама сирек жұмсалған: «атамның қонған жайлауы», «ен жайлау», «көк жайлау», «сар жайлау», «самал жайлау»;

- «ұя» сөзімен жасалған бірлік: «туған ұя», «алтын ұя» тіркестері қолданылған;

- «бел» сөзінен «алтын бел», «ұзын бел», «қайран бел», «шалқар бел» деген фреймдер жасалған;

- «ая» сөзі арқылы жасалған тіркес: «ыстық ая», «туған ая», «кең ая» тіркестері арқылы, көбіне, шетел ақындарының шығармаларынан кездестірдік.

Құтты қоныстың сипатын танытатын когнитивтік бірліктер, яғни, статикалық фрейм-сценарийлер

а) бір сөзден, зат есімнен жасалған атаулар:

«қойнау», «баурай», «бесік», «алаң», «қоныс», «ауыл» «қыр», «өлке» «жайлау», «күзеу», «қыстау», «анамекен», «жерұйық», «гүлжазира»;

ә) күрделі зат есімнен жасалған атаулар:

«жер жұмағы», «алтын бесік – туған жер», «алтын діңгек – өзім туған босағам», «кіндігім бір туған жер», «байлық-ырысым», «жер жаннаты»;

б) екі сөзден жасалған эпитеттік тіркестер:

«жайлы тұрақ», «ұлы Отан», «сайран тау», «сырнайлы өзен», «жусан иісі», «шалқар көлі», «меңіреу шөл», «күміс көлдер», «сары дария», «ұлы жайлау», «көк шалғын», «ми дала», «меңіреу шөл», «күміс көлдер», «алтын бесігім», «кең сахара», «шалқар көл», «аққан бұлақ», «шаңсыз ауа», «туған аймақ», «дария-дала», «қара ағаш», «ұзын бел», «баурай бұлты», «жердің ұйығы», «жасыл орман», «тарихи отан», «қара орын», «бетегелі бел», «мол өріс», «кең жайылым», «туған өлке», «жасыл орман», «қазыналы атамекен», «шегір

құм», «беркін бел», «жайдақ құм», «қоңыр тау», «асқар тау», «алтын діңгек», «туған босағам», «киелі атырап», «шиелі топырақ», «торғын гүл», «жайқалған жапырақ», «сұлу тау», «самал жел», «жұпар ауа», «сұлу таулар», «туған қыр», «сайран жер», «белес-белес белім», «сағымданған белестер», «байтақ Отан», «қасиетті Қазақстан», «жұмақ өлке»;

в) суреттеу тәсілімен жасалған сөйлемшелер:

«бал-балауса, байтақ өлке», «туып-өскен топырақ», «ұйыған сүттей ұйымшыл жақсы жай», «жердің құты», «құтты қоныс мекені», «туған жер болар құс төсек», «көкорай, көк құрақты көлдері», «бауыры бұйра толқын дөңестері», «төрт түлік малға жайлы», «жағасы жеміс малынған», «мал көбейіп, бас өскен», «қиыры жоқ сары дария», «көк шалғын», «сәулемен алтынданған сары белім», «жалғыз ауыл қонған тау», «әруақты бабалардың мекені», «жайқалып ел болған тау», «қан-жыным араласқан өлке», «бетегесі белден шыққан шалғын», «кең қоныс, еркін өрісті», «шұбар ағаш құба жон», «атам бала болған тау», «шешем бір келін болған тау», «әкем бір күйеу болған тау», «көк күмбездің астында көк масаты», «самалы салқын жон», «баянды, құтты қоныс-мекен», «төрт түлік малға жайлы», «балаусалы, балғынды жер», «қасиетті кең дала», «қасиет дарып, бақ қонған өлке», «көкорай, көк құрақты көлдер»;

г) әрекетке құрылған бейнелі тіркестер, демек, динамикалық фрейм-сценарийлер:

«балақ түріп, қозы қуып, жарысып, асыр салған өлке», «аң аулап, саят құрған белестер», «сылдырап суы сылаң қаққан», «жаз болса, бие менен інген байлап», «мал көбейіп, бас өсіп», «үйрек ұшып, қаз қонған, айдын шалқар көл», «жағасында түйе қаптаған, суы тұзды көлдер», «тоқты қоздап, тай құлындап», «қалың қамыс құрақты, басыңа дәурен сүрген тау», «иісі аңқып, бетім сүйген самал желім», «төрт-түлік еркіменен тыраңдайтын», «қойыны кең, көз жетпейтін

сары белім», «ағашты, шымды жер аз Сарыарқа», «айдарлары желкілдеп», «жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап, күресіп күн батқанша белдескен көл», «балдан тәтті сулары бар Сарыарқам», «туған жердің түтіні ыстық», «аң аулап, саят құрған белестері», «жаз болса, бие менен інген байлап», «үйрек ұшып, қаз қонған, айдын шалқар көл», т.б. айшықты оралымдар мен бейнелі тіркестер логикалық модель арқылы фреймдік сипат алады.

Әр суреткер образды ойлау қабілетіне қарай, сөз таңдаудағы эстетикалық талғамы, қиял ұшқырлығына орай дүниенің тілдік бейнесін жасауда сезімге әсер етерлік поэтикалық құралдар жасайды. Әлем әдебиеті поэзия майталмандарының шығармаларындағы «туған жер» колданысы халықтың ұлтына, тіліне, мемлекетіне, жынысына, мамандығына байланысты сарапталмаған. Оны сараптап алу да мүмкін емес. Себебі, туған жерге деген ұлы сезім - адамзат баласына ортақ сезім. Ол – ғұмырлық сезім.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми-әдістемелік журнал №11-12, 2012 ж.– 48 б.
2. Байғұтова А.М. "Қазақ әйелі" концептісінің этномәдени сипаты. Фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты – Алматы, 2008. – 9 б.
3. Машрапова З.С. Әлемдік бейнедегі концепт-таным категориясының негізі. Вестник ПГУ №2 Филология сериясы, 2010. – 88 б.
4. Кубрякова Е.С. Проблема субъективности в когнитивной лингвистике//Известия РАН Сер лит и языка, 2005 Т.– 64 б.
5. Аскольдов-Алексеев С. Концепт и слово// Русская словесность: Антология. – М.: Academia, 1997. – 271 б.
6. Вежицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – М.: Языки русской культуры, 1999. – I-XII. – 286 б.
7. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – Москва: Восток- Запад, 2007. – 81 б.
8. Минский М. Фреймы для представления, М. Фреймы для представления знаний : пер с англ. О. Н. Гринбаума. М. Энергия, 1979. – 152 б.
9. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 бет.
10. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Филол. ғыл. канд. ... автореф.- А., 2005. – 195 б.
11. Молдағалиев Ж. Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 320 б.
12. Қадыр Мырза Әли Көкейкесті Өлеңдер мен толғаулар – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.
13. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

14. Нұрдаулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: ф.ғ.к, докторы... авторефераты. - Алматы., 2008. - 47 б.
15. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.
16. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. - Алматы: Арыс, 2009. - 272 б.
17. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі
18. Тебегенов Т. Әлем әдебиеті (XIX – XX ғасырлар). Хрестоматиялық оқу құралы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 168 бет.
19. Лермонтов М.Ю. Стихотворения и поэмы. – Москва: ЭКСМО-Пресс, 2007. – 368 с.
20. Вершины русской поэзии. – Москва: Эксмо, 2007. – 352 с.
21. Солоухин В. Аксаковские места // Солоухин В. Время собирать камни: очерки. Москва: Правда, 1990 ж.– 235 б.
22. Блок А., Маяковский В., Есенин С.. Избранные сочинения / Редкол.: Г.Беленький и др.; – Москва. «Художественная литература». 1991. – 702 с.
23. Артонавский С.Н. Понятие Родины: современные модификации. Вестник ЛГУ им. А.С. Пушкина СПбГУКИ. №2 (11). 2012.– 60 б.
24. Друнина Ю.В. Метель: Стихи, поэмы. – Москва: Советский писатель, 1988. – 160 с.
25. Боков В.Ф. Три травы. – Москва, «Советский писатель», 1975, - 304 с.
26. Евтушенко Е.А. Между городом Да и городом Нет: Стихотворения и поэмы. – Москва: Эксмо, 2010. – 384 с.
27. Гамзатов Р. Четки лет: Лирика. – Москва: Художлит., 1986. – 399 с.
28. Цветаева М.И. Стихотворения / Сост., коммент. Л.А.Беловой. – Москва: Профиздат, 2008. – 384 с.

29. Асадов Э.А. Лирика. – Москва: Эксмо, 2007. – 352 с.
30. Жигулин А.В. Калина красная – калина черная. – Москва, «Советский писатель», 1979, - 104 с.
31. Ай, заман-ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (Құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы, Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ. 1991. – 385 бет.
32. Толысбай Кенжалы. Асан Қайғы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 284 бет.
33. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. – 400 бет.
34. Екімыңжылдық дала жыры. / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000. – 752 бет.
35. Дауылпаз баба - Қожаберген (шығармалар жинағы мен зерттеулер). - Алматы: Мектеп, 2011. - 464 б.
36. Омари Жамбыл. Бұқар жырау. Ғұмырнама. – Астана: Фолиант, 2008. – 360 б.
37. Бабатайұлы Дулат. Тұнық тұма. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар (1 кітап). Құрастырған Қ.Раев. – Алматы: «Раритет», 2002. – 288 бет.
38. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 408 бет
39. Дулатов М. Оян, қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. Алматы: Атамұра, 2003. – 192 бет.
40. Торайғыров С. Сарыарканың жаңбыры: Өлеңдер мен дастандар / Құрастырған Е.Дүйсенбайұлы. – Алматы: Раритет, 2007. – 208 бет.
41. Жұмабаев М. Сүй, жан сәлем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 бет.
42. Сейфуллин С. Көкшетау: Жыр-дастандар / Құрастырушы – Т.Кәкішев / Алматы: Жазушы, 1994. – 296 бет
43. Жансүгіров І. Құлагер: Поэмалар мен өлеңдер / Әзірлеген С.Дәуітов. – «Жазушы», 1994. – 256 бет.

44. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Мектеп, 1980. – 126 б
45. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 1 том – Өлеңдер. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1972. – 407 бет
46. Байзақов И. Құралай сұлу. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: «Атамұра», 2007. – 192 бет.
47. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 986 бет.
48. Қазақ совет поэзиясының антологиясы. Екі томдық. Алматы, «Жазушы», 1977. – 568 бет.
49. Тәжібаев Ә. Аралдар. Өлеңдер. – Алматы: «Жазушы», 2002. – 152 бет
50. Аманжолов Қ. Дариға, сол қыз: Өлеңдер мен поэмалар / Құрастырған Е.Дүйсенбайұлы. – Алматы: Раритет, 2006. – 256 бет.
51. Бекхожин Қ. Шығармалар жинағы: 3 томдық. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы. Жазушы. – 1982. – 412 бет
52. Молдағалиев Ж. Мен қазақпын. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: «Атамұра», 2007. – 240 бет.
53. Мәуленов С. Ақшамның қызыл қанаты: Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 1994. – 384 бет.
54. Тәжібаев Б. Жүріп келем: өлеңдер, әндер / Б.Тәжібаев. – Алматы: Жазушы, 1976. – 80 бет.
55. Қайырбеков Ғ. Құрдастар: Өлеңдер мен поэмалар / Құрастырушы: Б.Хамзина. – Алматы: Раритет, 2008. – 240 бет.
56. Мақатаев М. Өмір – өзен: Өлеңдер мен дастандар / Құрастырушы: Б.Қошым-Ноғай. – Алматы: Раритет, 2005. – 288 бет.
57. Жиенбаев С. Үш томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 352 бет
58. Қадыр М.Ә. Таңдамалы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 424 бет

59. Молдағалиев Т. Жиырма бесінші көктем: Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 1980. – 432 бет
60. Нәжімеденов Ж. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 288 бет.
61. Оразақын А. Дербестік дес бергенде. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2006. – 256 бет.
62. Оразақын А. Ел ішінде. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2008. – 240 бет
63. Сүлейменов О. Сүмбіле жұлдызы. Таңдаулы жырлар. Орысшадан аударма. – Алматы: «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2011. – 180 бет.
64. Айтқожа М. Таңдамалы. 1-том. – Алматы: «Атлас баспасы - 2001», 2006. – 240 бет.
65. Айтқожа М. Таңдамалы. 2-том. – Алматы: «Атлас баспасы - 2001», 2006. – 236 бет.
66. Шынашак: Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы / Құрастырған: М.Әлімбаев, Қ.Баянбаев. – Алматы: Балауса, 1992. – 544бет.
67. Айбергенов Т. Мен саған ғашық едім: Өлеңдер. – Алматы: Раритет, 2005. – 192 бет.
68. Асанов С. Қоштасқым келмейді: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2004. – 296 бет.
69. Абдрахманов С. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды: Қазақ поэзиясының антологиясы. 1-том. – Алматы: Раритет, 2007. – 504 бет.
70. Оңғарсынова Ф. Дауа. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 288 бет.
71. Шаханов М. Дара талғам қасіреті: Поэмалар, өлеңдер, балладалар, әндер. – Алматы: Раритет, 2007. – 264 бет.
72. Сариев Ш. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Астана: Елорда, 2006. – 344 бет.
73. Ахметова К. Жапырақ – жаздың жүрегі. – Алматы: Жазушы, 1979. – 144 бет.

74. Салықов К. Даналыққа тағзым. – Алматы: «Үш Қиян», 2003. – 296 бет.
75. Салықов К. Ақынжанды ғұлама. Өлеңдер, реквием және поэма. Астана: «Фолиант» баспасы. 2011. – 170 бет.
76. Зікібаев Е. Ерке Есілдің ақ толқын Есләмі. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Петропавл: 2016. – 116 бет.
77. Зікібаев Е. Құс ғұмыр: Жыр жинағы. – Алматы: Жазушы, 1992. – 240 бет.
78. Зікібаев Е. Таңдамалы өлеңдер жинағы. 1-том. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. – 320 бет.
79. Мұстафин Б. Сарыала күзді сағыну. – Петропавл. 2007. – 512 бет.
80. Қызылжардан ескен леп. (Солтүстік Қазақстан облысы қаламгерлерінің жинағы) СҚЗА баспасы, 2003. 294 б.
81. Қанғожин М. Өлеңдер мен поэмалар. Петропавл, 2007. – 664 бет.
82. Савенкова Л. Б. Русская паремиология: семан- тический и лингвокультурологический аспекты. — Ро- стов-на-Дону: Из-во РГУ, 2002. - 240 с.
83. Смағұлова Г. Мағынала фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 194 б.
84. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2006.
85. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
86. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 бет.
87. Өмірбекова А. онцептілік ұрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). Кандид. диссерт. авторефераты. – Алматы, 2006. – 26 бет.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ҚАЛАМҒЕР ТАНЫМЫНАН ҚАЛЫПТАСАТЫН ӘЛЕМ БЕЙНЕСІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ	6
1.2 Әлемнің тілдік бейнесіндегі концепт - таным категориясының негізі	6
1.3 Концептінің құрылымы және оны жеткізу әдістемесі	10
2 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	15
2.1 «Атамекен», «Туған жер» концептілерінің лингвомәдени ерекшеліктері	24
2.2 Әлем ақындарының поэзиясында «туған жер» концептісінің поэтикалық бейнесі	28
3 ЖЫРАУЛЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ХІХ ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ	44
3.1 Жыраулар поэзиясында «атамекен» концептісінің ерекшелігі	44
4 ХХ ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ АҚЫНДАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АТАМЕКЕН», «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІЛЕРІ	72
4.1 ХХ ғасыр ақындарының поэзиясындағы «туған жер» концептісін құрайтын тілдік бірліктер	72
4.2 Солтүстік Қазақстан өңірі ақындарының поэзиясындағы «Туған жер» концептісінің тілдік сипаты	133
ҚОРЫТЫНДЫ	147
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	155

*Таласпаева Жанар Серкешқызы
Искакова Асыл Сайранқызы*

ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ

монография

Подписано в печать 06.04.2018 г. Формат 60×90 1/16. Гарнитура Times.
Ризография. Объем 10 усл.печ.л. Тираж 30 экз. Заказ №118-17.
Отпечатано в ИПО СКГУ им.М.Козыбаева.